

АТЫРАУ-2022

ГЕРОЛЬД БЕЛЬГЕР

# ҚАЗАҚ СӨЗІ

# ҚАЗАХСКОЕ СЛОВО



арзу

өмір

жұлдыз

жұлдыз

махаббат

өмір

алма

анашым

қымыз

киіз үй

айналайын

Бешбармақ

махаббат

өмір

асық

арман

арзу

раушан

асық

қымыз

керемет

біздің

алма

раушан

айналайын

керемет

біздің

асық

біздің

раушан

айналайын

киіз үй

арман

жұлдыз

анашым

керемет

алма

біздің

алма

киіз үй

біздің

өмір

анашым

асық

біздің

керемет

алма

киіз үй

өмір

асық

алма

біздің

анашым

айналайын


асық

өмір

алма

керемет

алма



**ГЕРОЛЬД БЕЛЬГЕР  
ҚАЗАҚ СӨЗІ**

---

---

**ГЕРОЛЬД БЕЛЬГЕР  
КАЗАХСКОЕ СЛОВО**



Академик Зейнолла Қабдолов  
Атындағы қор

Фонд имени академика  
Зейноллы Кабдолова



Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@  
ЖОБАСЫНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚІТАПХАНАСЫНАН

ГЕРОЛЬД БЕЛЬГЕР  
ҚАЗАҚ СӨЗІ

ГЕРОЛЬД БЕЛЬГЕР  
КАЗАХСКОЕ СЛОВО

ИЗ ЭЛЕКТРОННОЙ БИБЛИОТЕКИ ПРОЕКТА  
Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@

АТЫРАУ-2022

Бұл кітап – ұлы жазушы, патриот әрі өзі ана тілім деп атайтын қазақ тілі білгірінің төл еңбегі.

Екі тілде құрастырылған бұл кітап оқырмандардың қазақ және орыс тілдерін салыстырмалы түрде үйренуіне көмектеседі.

Сондай-ақ бұл туынды әдебиет, тілтану, лингвистика және басқа пәндерге қосымша оқу құралы болып табылады.

Сонымен бірге кітаптың жастар тәрбиесінде маңызы жоғары: олардың патриоттық-отансүйгіштік рухын оятуға, дамуына қызмет етеді.

Кітап үлгісі электрондық оқулықтарды пайдаланушылар арасында бүкіл әлемде кеңінен таралған iPad және Android тұғырнамаларымен біріктірілген, яғни олар электрондық әдебиеттің барлық дерлік ридерлер типін тұтынушыларға қолжетімді етуге мүмкіндік жасайды.

Аталған кітап тізбектеу арқылы жалпы қолжетімді әдеби серверлерде, танымал ақпараттық және әлеуметтік желілерде таратылады. Оқулықты жүктеп алу тегін.

Аталған кітап Академик З.Қабдолов атындағы қордың «ҚАЗАҚШ СӨЗІ-2022» жобасы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылай демеушілігі негізінде шығарылған. Ол қазақ тілін үйренуге ынталы көпшілік оқырманға арналған.

Редакциялық коллегия: М.М. Әуезов, Бекет Қарашин. Бас редактор және корректор – Б. Қарашин. Аудармашы – Жолманова Ж.Т. Суретші және дизайнер - Мария Кель. Беттеу - Аждар Жұлдыз.

Данная книга представляет собой труд великого писателя, патриота и знатока казахского языка, называвшего его родным.

Двуязычное произведение составлено таким образом, чтобы читатели могли сравнительным способом изучать одновременно и казахский, и русский языки.

Издание является также дополнительным учебным пособием по литературе, языкознанию и лингвистике.

Она также несёт огромный воспитательный заряд для молодёжи, её формирования и развития в духе патриотизма, любви к Родине.

Формат книги совмещается с наиболее распространенными среди пользователей электронных книг во всём мире платформами iPad и Android, что делает ее доступной пользователям практически всех типов ридеров электронной литературы.

Книга распространяется посредством выкладки на общедоступных литературных серверах, в популярных информационных и социальных сетях. Скачивание бесплатное.

Книга издана на спонсорские средства ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейноллы Кабдолова «ҚАЗАҚШ СӨЗІ-2022». Она предназначена для широкого круга читателей, изучающих казахский язык.

Редакционная коллегия: М.М. Ауэзов, Б. Карашин. Главный редактор и корректор – Б. Карашин. Переводчик – Жолманова Ж.Т. Художник и дизайнер - Мария Кель. Верстка - Аждар Улдуз.

## Тіл – көңілдің кілті

Жақсы сөз — жарым ырыс.

*Қазақ мақалы*

Осы қысқаша жазбаларды жазуға түрткі болған себеп – қазақ сөз құрылымының бірсыпыра қасиеттері, ерекшеліктері мен артықшылықтары туралы өзімнің көпжылдық зерттеулеріммен орыстiлдi деп айтылатын оқырманмен бөлiскiм келгенi.

Мiне, бiрнеше жыл болды, ойымнан Мищенко тектi (әлде, мүмкiн, Тищенко немесе тiптi Нищенко, нақты есiмде жоқ) КРКП ОК-лық шабарманмен сол бiр аса жайсыз кездесу кетер емес. Ол 1986 жылғы желтоқсандық оқиғалардың iзiн суытпай Мәскеуден келген бетте, менi – бейтарап («ара ағайын») және қазақ тiлi туралы белгiлi бiр түсiнiгi бар адам ретiнде (қалай болғанда да қазақ көркем әдеби прозасының аудармашысымын ғой) – қазақтың сөздiк қорына қатысты ақпарат беру үшiн құпия сұхбатқа Қазақстан КП ОК-ға шақырды, себебi жақын арада оған бiр көргенсiз қазақ тiлiнiң «данышпаны» қазақ тiлi бар болғаны 200 (артық та емес, кем де емес) сөзден тұрады дептi.

Мищенконың (айтпақшы, ол өзiн Қазақстанның иесiндей ұстады) менiң бұны бар беделiммен растағанымды көксейтiнi бiлiнiп тұрды: иә, дәл солай, кенет қызығушылыққа ие әрi жиi сөз етiле бастаған қазақ тiлi сол 200 сөзден тұрады.

Мен онысын растай алмадым, осылайша мәртебелi қонақтың үмiтi мен сенiмiн ақтаған жоқпын.

## Язык — ключ к душе

Доброе слово — половина блага.

*Казахская поговорка*

Поводом для написания этих беглых заметок послужила давняя потребность поделиться с так называемым русскоязычным читателем своими многолетними наблюдениями о некоторых качествах, своеобразиях и достоинствах казахского речестроя.

Уже несколько лет не выходит у меня из головы одна, не очень приятная, встреча с эмиссаром из ЦК КПСС по фамилии Мищенко (а, может, Тищенко или даже Нищенко, точно уже не помню), который, прибыв по горячим следам декабрьских событий 1986 года из Москвы, пригласил меня на конфиденциальную беседу в ЦК КП Казахстана, чтобы я — как человек нейтральный («ара ағайын») и имеющий определенные представления о казахском языке (как-никак переводчик казахской художественной прозы) — просветил его по части лексического запаса казахов, так как накануне некий доморощенный «знаток» языка доверительно сообщил ему, что казахский язык состоит всего из 200 слов (ни больше, ни меньше).

Чувствовалось, что Мищенко (кстати, вел он себя как хозяин Казахстана) очень хотелось, чтобы я это авторитетно подтвердил: да, так и есть, казахский язык, о котором вдруг стали так обостренно и много говорить, состоит именно из 200 слов.

Я это утвердить не мог и тем самым не оправдал надежд и доверия высокого гостя.

Оның үстіне, қазақ тілінің төл табиғаты туралы ұзақ әңгіменің қызығына еріксіз түсіп кеттім, академиктер Бартольд пен Радловтың пайымдаулары мен ой-пікірлеріне сілтеме жасап, Янушкевичті де тілге тиек еттім, ойы сан-саққа жүгірген тыңдарманға мысалдарды жаудырып жібердім, содан көңілі қалған, өкпелі КОКП ОК өкіл-инспекторы менің сөзімді тоқтатып, сабырлықпен алғыс білдіріп, өз жөніме жіберді.

Более того, пустился, помимо воли, в длинные рассуждения о природе казахского языка, ссылаясь на суждения и авторитеты академиков Бартольда и Радлова, помянул и Янушкевича, обрушил на голову рассеянного слушателя поток примеров, и разочарованный, раздосадованный представитель-инспектор ЦК КПСС, оборвав меня и сдержанно поблагодарив, отправил восвояси.



Қазақ тілінің кедейлігі мен жұтаңдығы туралы (жалған және қорлайтын) дақпырт әңгіме қоғам санасына онжылдықтар бойы (ғасырлар болмаса) сіңдіріліп келді. Ол тіпті парасатты, білімді, либералды адамдардың арасында да тамырын терең жайған.

Шамамен сол уақыттарда бір танымал мәскеулік әдебиет сыншысы, еуропалық тілдердің білгірі аудармашылық семинарлардың бірінің үзілісінде мені шетке алып шығып: «Айтыңызшы, тек шындықты, қазақ тілі расында да өз алдына бөлек тіл ме немесе өзбек тілінің мал шаруашылығында қолданылатын диалектісі ме?» – қызығушылық танытты.

Бұл сұрақтан менің аузыма сөз түспей, абдырап қалдым.

Кейінірек ГДР журналисі, жұғымды, сақалды адам, достық дастарқан басында еш құйтырқысыз, шынайы сұрақ қойды: «Қазақтарда «махаббат» деген сөз бар ма өзі және олардағы ол ұғым еуропалыққа сәйкес келе ме?»

Сен де солардың қатарынан ба едің?!

Мен аң-таң болып, қазақша айтқанда, жағамды ұстадым.

Шын мәнінде: надандық – сананың соры.

Қазақ тілі кедей және жұтаң десетін қысыр ой-пікір – өтірік және күпірлік – бірақ ол ең сорақысы емес. Ең сорақысы – бұл дақпырт сөзге уақыт өте келе тіл иелері дейтіндердің басым бөлігінің сеніп қалғаны. Олар негізінде тіл иелері болмаған. Немесе тіл иелері емес. Бірақ осы әңгімені ерікті немесе еріксіз, саналы немесе санасыз түрде барынша таратқандар.

Белгілі бір себептермен этникалық тамырынан, ана тілінен ажыратылған басқа қазақтар оның жұтаңдығы туралы өркөкіректеніп сөйлеген кезде, мен әрдайым қымсынып, ұяттан өртеніп кете жаздаймын.

Легенда (лживая и унижительная) о бедности и скудости казахского языка внедрялась в сознание общества десятилетиями (если не столетиями). Она пустила очень глубокие корни даже среди вполне порядочных, образованных, либеральных людей.

Помню, как примерно в то же время один известный московский критик-литературовед, знаток европейских языков, в перерыве на одном из переводческих семинаров отвел меня в сторонку и поинтересовался: «Скажите, только честно, казахский язык действительно язык или скотоводческий диалект узбекского?»

Я растерялся от такого вопроса.

Позже ГДР-овский журналист, общительный бородач, за дружеским застольем без подвоха, совершенно искренне спросил: «Есть ли слово «любовь» у казахов и соответствует ли это понятие у них европейскому?»

И ты, Брут?!

От удивления я, выражаясь по-казахски, схватился за воротник.

Поистине: невежество — бич разума.

То, что досужее мнение, будто казахский язык скуден и беден, — ложь и кощунство — еще не главная беда. Главная беда в том, что в эту легенду со временем уверовала и значительная часть так называемых носителей языка. Которые в сущности ими не были. Или не являются. Но которые эту легенду вольно или невольно, сознательно или несознательно всячески тиражировали.

Я всегда испытываю стыд и неловкость оттого, что иные казахи, по тем или иным причинам давно отлученные от этнических корней, от родного языка, с апломбом говорят о его скудости.

Соңғы он бес жыл аралығында (әсіресе!) Қазақстанда тіл дауылы басылар емес. Мәселе жер-жерде қызынып, желіге түсті. Тілдің мүшкіл халіне айыптыларды іздейді. Баспалар сақау мәжілісмендер мен тілсіз өкіметті түртпектейді. Шектен шығып жатады.

Жалған достарды және бір-бірін әшкерелейді. Көтере алмайтын шоқпарды белдеріне байлайды. Таяқтың көкесі жат елдіктерге тиіп жатыр. «Мәңгүрттердің» дымын қалдырмай сынайды. Қызу даудың үстінде «империялық» бәле – орыс тілі де қисынсыз сөзге ұшырайды.

Бейтаныс, бірақ кезбе «масондарды» да шымшылап жатады. Дәрменсіз концепциялар мен әлсіз мемлекеттік тіл дамыту бағдарламалары толассыз шығып жатыр. Оған жақтас (кімнен? неден?) маңызды және онша маңызды емес мақалалар жазылып жатыр.

Барлығы түсінікті. Барлығы қисынды. Барлығын түсіндіруге болады.

Дау шешімін тапқан жоқ, нақты өзгерістер жоқ деп айту дұрыс болмас еді. Әлбетте, оң нәтижелер бар. Растаймын: қазақ тілінің өрісі нақ соңғы жылдары едәуір кеңейді. Қазақ тілінде сөйлейтіндер саны артуда. Оның қамын нақтырақ ойлай бастады. Тілге сұраныс арта бастады.

Тілдің жаңғыруы бірсағаттық іс болмайтынын, сабырды, ыждағатты, жағдайды, үздіксіз жігерді, қоғамдық, мемлекеттік, жеке ерікті және халық жанының басты байлығына деген өшпес, күнделікті, риясыз махаббатты қажет ететінін барлығы түсінгенімен, ана тілінің баяу, тым баяу жаңғыруы мен дамуына қатысты сөгістер, нала-наразылықтар мен ашынушылық баспа беттері мен сұхбаттарда естіліп жатады.

В последние пятнадцать лет (особенно!) языковая буря в Казахстане не утихает. Страсти бушуют повсеместно. Ищут виновных в бедственном положении языка. В печати терпят косноязычных мажилисменов и безъязыкое правительство. Ударяются в крайности.

Разоблачают мнимых врагов и друг друга. Хватаются за палицу, которую поднять не в силах. Увесистые тумачи достаются нерадивым. От «манкуртов» летят клочья. В пылу спора незаслуженно достается и русскому языку — выразителю «имперского» зла.

Случается, щипают и неведомых, но якобы вездесущих «масонов». Косяками рождаются беспомощные концепции и беззубые программы развития государственного языка. Пишутся серьезные и не очень статьи в защиту его (от кого? от чего?).

Все понятно. Все логично. Все объяснимо.

Сказать, что воз и ныне там, что реальных сдвигов нет, было бы неправильно. Несомненно, есть позитивные результаты. Свидетельствую: аура казахского языка заметно расширилась именно в последние годы. Все больше говорят на казахском языке. Все более конкретно заботятся о нем. Растет его востребованность.

И хотя все понимают: возрождение языка никак не произойдет в одночасье, нужны терпение, старание, условия, постоянные усилия, общественная, государственная, индивидуальная воля, нужна непроходящая, повседневная, взыскующая любовь к главному богатству народной души, все же сплошь и рядом, печатно и устно слышны нарекания, недовольства, ропот и отчаяние по поводу медленного, слишком медленного восстановления и развития родной речи.



Қазақтар, менің ойымша, негізінен максималисттер, оларға барлығын толығымен және дереу беру қажет: егемендікті де, еркіндікті де, молшылықты да, көрсеткіштер бойынша өркендеуді де. Қазақ отыз күн атан (піштірілген, жұмысқа жегілген түйе) болғаннан, тым құрығанда бір күн бура (түйенің еркегі) болғанды артық көреді.

Өттең, олай болмайды.

Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе тек жуыр арада ғана берілді, оның толық, қалаулы мәнде және көлемде мемлекеттік бола қоймағаны түсінікті нәрсе. Алайда, егер ел қаласа, егер халық – еңкейген кәріден бесіктегі балаға дейін осыған мүдделі болса – болады.

Ақын әрі Мәжіліс депутаты Фариза Оңғарсынова жаны күйіп, тілді «мемлекеттік жетім» деп атады. Мұнысы, бәлкім, шындыққа жанасатын шығар, оның тебірене сөйлеген сөзіне отандастарының басым бөлігі қосылады деп ойлаймын, алайда, тілдің жетім болуының басты кінәсін, ең алдымен, сол тіл иелерінің өздерінен немесе этникалық тегі бойынша тіл иесі болуға тиістілердің арасынан іздеген жөн екендігіне сенімдімін.

Сол бір суық заманда империяның түкпір-түкпіріне шашыраған ресей немістерін туған диалектісінде сөйлегендері үшін қатаң қудалады. Ал, олардың жерінде, олардың тәуелсіз елінде, Аллаға шүкір, қазақтарды өз тіліне деген құштарлығы үшін ешкім қудаламайды. Осыны әр жерде ұмытпаған абзал. «Империя», әрине, үлкен бәле, бірақ оның ұлттық салақтықтағы кінәсі ішінара.

Өзімнің көрген тәрбием мен мамандығым бойынша жазушы-аудармашы болуыма байланысты байырғы қазақстандықтардың мәдениетіне анық қатысы бар адам ретінде мен бұрыннан және негізінде қазақ тілінің дамуы мен өркендеуін қолдаймын, өйткені оның бұған әбден лайықты екенін жетік түсінемін.

Казахи, на мой взгляд, вообще максималисты, им выдай сразу все и в полной мере: и независимость, и свободу, и достаток, и расцвет по всем параметрам. Казах предпочитает хотя бы один день быть бурой (верблюдом-самцом), чем тридцать дней атаном (кастрированным рабочим верблюдом).

Увы, так не бывает.

Казахскому языку лишь сравнительно недавно придан государственный статус, и, понятно, государственным в полном, желаемом смысле и объеме он пока не стал. Однако, если народ захочет, если народ, от мала до велика, в том заинтересован — станет.

Поэтесса и депутат Мажилиса Фариза Оңғарсынова назвала его с болью «государственным сиротой». Она, может, и недалека от истины, и пафос ее заявления, полагаю, разделяет большинство ее сограждан, однако, главную вину сиротства следует, убежден, искать прежде всего в самих носителях этого языка или, точнее, среди тех, кто по этническому происхождению должен бы быть носителем.

Российских немцев, развезенных по городам и весям империи в недобрые времена, сурово преследовали за то, что они «шпрехали» на родных диалектах. Казах же на их земле, в их независимой стране, слава Аллаху, за стремление к родному языку не преследует никто. И об этом следовало бы помнить везде и всюду. «Империя», конечно, большое зло, но в национальной нерадивости она виновата лишь отчасти.

В силу своего воспитания и профессии литератора-переводчика, по своей определенной причастности к культуре коренных казахстанцев я давно и принципиально ратую за развитие и расцвет казахского языка, ибо глубоко сознаю, что он того достоин.

Бірақ бұл мәселеге мейлінше қуанышпен қараймын, өйткені соңғы жылдары зарығып күткен мақсатқа жету жолында жақсы іргетас қаланғанына сенімдімін және қайта өрлеу мен жаңғыру серпінін жіберіп алмасақ, басып тастамасақ, уақыт өте, айталық, екі-үш онжылдықтан кейін осы жолдағы маңызды нәтижелер туралы сөз қозғауға болады деп ойлаймын.

Тек үнемі – кешіріңіз – қыңсылаудың, тұлданудың, қыңқылдаудың, көз жасты көл қылудың, қатты қиналып-қайғырудың, біреуді кінәлап, қарғап-сілеудің орнына, мүдделі нәрсеге рет-ретімен бірте-бірте, мақсатты, күннен-күнге, барлық деңгейде қол жеткізу қажет.

Бұл жерде Абайдың *«ақырын жүріп, анық бас»* деген өмірлік ұстанымы орынды. Бұл үшін барлық негіз және барлық мүмкіндіктер бар. Жуырда халыққа ұсынылған «Тілдерді қолдану және дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасы», менің ойымша, осының әдемі айғағы болса керек.

Бұл бағдарламаның басты артықшылығы – ол Қазақстандағы көптеген тілдерге қысым жасамай, қазақ тілі мемлекеттік қызметтерін толық көлемде орындай алуы үшін, оны қолдауға бағытталғандығында.

Өзімнің осыған қатысты және қатысы жоқ дара-дара жазбаларым, бақылауларым, ескертпелерім арқылы осы үлкен әрі жауапты мәселенің шешілуіне қолымнан келгенше өз үлесімді қосқым келеді.

Болжамды оқырмандарыма қазақ сөз құрылымының ерекшеліктері мен байлығы туралы өз түсінігім, танымым, сезімдімді жеткізгім келеді, бұл орыстілділер үшін де, ана тілін жетік белмейтіндерге де қызық болады деп үміттенемін.

Но смотрю на эту проблему более радужно, уверенный, что за последние годы заложен совсем неплохой фундамент для достижения возжеленной цели и полагаю, что если не упустить, не пригасить инерции возрождения, восстановления, то со временем, через, скажем, два-три десятилетия можно будет говорить о серьезных результатах на этом пути.

Не нужно только постоянно — извините — скульпить, скорбеть, нудить, разводить вселенский плач, убиваться, сетовать, кого-то обвинять и проклинать, а методически, шаг за шагом, целеустремленно, изо дня в день, на всех уровнях добиваться желаемого.

Абаевское кредо *«ақырын жүріп, анық бас»* (*«идя медленно, ступай уверенно»*) в этом случае весьма кстати. Для этого есть все основания и все возможности. О том, на мой взгляд, красноречиво свидетельствует недавно обнародованная «Государственная программа функционирования и развития языков на 2001-2010 годы».

Главное достоинство этой программы в том, что она не ущемляет множества языков в Казахстане, а настроена на оказание поддержки казахскому языку, чтобы он мог в полной мере выполнять функции государственного.

Своими скромными разрозненными заметками, наблюдениями, замечаниями по поводу и без повода хочу также внести свой посильный вклад в решение этой сложной и ответственной проблемы.

Хочу поведать своим гипотетическим читателям о своем понятии, представлении, ощущении относительно особенностей и богатства казахского речестроя, надеюсь, что это может быть интересно и для русскоязычных, и для тех, кто не совсем в ладу с родным языком.

Қазақтардың арасында өсіп, 60(!) жыл бойы Қазақстанда өмір сүріп жатқанмен, шыққан тегімді айтсам, мен ресейлік неміспін, демек, белгілі бір дәрежеде сырттан бақылаушымын, ал сырттан бәрі анығырақ көрініп тұрады дейді. Сырттан келген адам, заты-тегі бөлек адам, кейде, өз ұлттық қазанында қайнап жүрген жанның көре бермейтін дүниесін байқап қалады.

Мен өз жазбаларыма қатаң жүйелі, ғылыми бағыт белгілегім келмейді, бұл оқулық емес, оқу құралы емес, жөнсілтер кітапша емес, әдістеме құралы емес, бұл жазбалардың нақ өзі, көптеген жылдар ішінде түйген өз бақылауларымды еркін баяндау ғана. Көбінесе – түрлі жылдарда жазылған қойын дәптерлерімнен алынған жазбалар немесе оқып шыққан кітаптарымның шетіне түртілген белгілер. Өз бақылауларымды еркін, өз қалауымша жазамын, ал оқырман оларды қалай қаласа, солай оқуға – басынан, тіпті аяғынан бастап оқуға, келісуге немесе келіспеуге, толықтыруға және өз ой-танымына қарай кеңейтуге құқылы.

Қысқасы, бұл жанашыр оқырманмен күй талғамайтын, еркін әңгіме.

Оның үстіне: құрметті сұхбаттасты шаршатып алмау үшін, қысқа сөйлегім келеді. *«Арқанның ұзыны, сөздің қысқасы жақсы»* екені белгілі ғой.

Хотя я и вырос в казахской среде и живу в Казахстане 60(!)лет, но все же по происхождению являюсь российским немцем, то есть, в какой-то мере как бы наблюдателем со стороны, а со стороны, говорят, все виднее, человек со стороны, иного рода-племени, случается, подмечает то, что не всегда видит тот, кто повседневно варится в своем национальном казане.

Я не стану придавать своим запискам строго систематический, научный вид, это не учебник, не пособие, не путеводитель, не «методичка», это именно записки, вольное изложение своих наблюдений, родившихся в течение многих лет. Нередко это — разрозненные заметки из записных книжек разных лет или пометы на полях прочитанных книг, и буду излагать свои наблюдения абсолютно вольно, как Бог на душу положит, а читатель вправе их читать, если охота, как ему заблагорассудится — с начала, с конца, соглашаться или оспаривать, дополнять и расширять их по мере своих познаний.

Словом, это неприятная, вольная беседа с неравнодушным читателем.

И еще: я постараюсь быть лаконичным, дабы не утомить уважаемого собеседника. Известно: *веревка хороша длинная, а речь — короткая. «Арқанның ұзыны, сөздің қысқасы жақсы.»*

## II

Was Hünschen nicht lernt,  
lernt Hans nimmermehr  
Гансиктің үйренбегенін,  
Ганс қайдан үйренсін.  
*Неміс мақалы*

1941-ші жыл. Соғыс. Күз. Суық. Жоқшылық. Белгісіздік пен қорқыныш. Біз, Еділден арнайы қоныс аударғандар, Есіл жағасында (Солтүстік Қазақстан) орналасқан қазақ аулындағы медпункт жанында жетімсіреп күнімізді кешіп жүрміз.

Әкем, фельдшер, жақын жердегі елдімекендерде қызмет етеді. Анам өткен өмірден қалған, жер аудару кезінде алып кеткен қалалық сәнді киімдерін қазақ көршілермен сүт, тары, арпа, жүнге айырбастайды. Мен өзіммен тетелес қазақ балалармен ойнаймын және алғашқы қазақ сөздерін жаттаймын: бар, жоқ, кел, бер, жүр, нан, айран, ет, ат... Кейде ұйқастырып: жол – дорога, сиыр – корова, жүген – узда... Одан әрі керегі жоқ, ашық қолдануға болмайтын былапыт, осы уақытқа дейін естімеген сөздер. «Либер Гот!», – деп жағасын ұстайды анам. Әкем менің талпынысымды қолдайды. «Бір пайдасына жарар...» Барлығы мені қуана және қызыға үйретеді. Барлық ауыл тұрғындары – сотқар Әскерден көзі көріңкіремейтін Тайшық ағаға дейін – менің мұғалімдерім.

Күнде жауынгер бақырашымен көршілерге сүтке барамын. Күлкішіл және жайдары мінезді апалы-сіңілі Күлшара мен Күлбара Қасымовалар да маған қазақ сөздерін үйретеді. Одан олардың жаны кіреді. Олар менің тілімді «бұрағаныма» шек-сілесі қатып күледі. Мені біресе «Гера», біресе «Кира», біресе неміс бала деп атайды және қатқан ащы құрт пен қойдың майына шыжғырылған бидай береді.

## II

Was Hünschen nicht lernt,  
lernt Hans nimmermehr  
Что Гансик не выучил,  
тому Ганс не научится.  
*Немецкая пословица*

1941-й год. Война. Осень. Холод. Нужда. Неопределенность и страх. Мы, спецпереселенцы с Волги, живем сиротливо при медпункте в казахском ауле на берегу Есиля (Северный Казахстан).

Отец, фельдшер, обслуживает ближайшие населенные пункты. Мама обменивает свои городские «наряды», остатки бывшего благополучия, прихваченные при депортации, казашкам-соседям на молоко, пшено, ячмень, шерсть. Я играю с казашатами-сверстниками и запоминаю первые казахские слова: бар, жоқ, кел, бер, жүр, нан, айран, ет, ат... Иногда в рифму: жол — дорога, сиыр — корова, жүген — узда... Далее нечто непотребное, непечатное, доселе неслышанное. «Либер Гот!» — поражается мама. Отец поощряет мои старания. «Пригодится...» Меня учат все охотно и увлеченно. Все аулчане — от сорванца Аскера до подслеповатого дяди Тайшика — мои учителя.

Ежедневно хожу с солдатским котелком к соседям за молоком. Смешливые и приветливые сестры-погодки Кульшара и Кульбара Касимовы тоже учат меня казахским словам. Им это доставляет удовольствие. Они «крутят» мой язык и хохочут от души. Называют меня то «Гера», то «Кира», то «немыс-бала» и угощают сушеным кислым сыром и жареной на бараньем сале пшеницей.

Еділде мұндай нәрсе жеп көрген емеспін. Көп кешікпей «молоко» сөзінің қазақ тілінде – сүт екенін, ал сиыр сүтінен «ағарған» – «ақ ас»: айран, қатық, қаймақ, бал қаймақ, ақ қаймақ, кілегей, ақ ірімшік, қызыл ірімшік, койыртпақ, іркіт, сарысу, тасқорық, шалап, уыз, сірне, құрт, ежігей, сықпа, сүзбе; бие сүтінен – қымыз, түйе сүтінен – шұбат, қымыран жасалатынын, олардың он шақты түрінің болатынын білемін.

Не орыс, не неміс тілдерінде осы аталған атаулардың сәйкес нұсқаларын таппайсың. Түсіндірмелі, түсініктеме беретін аудармаға жүгінуге тура келеді. Бұл жаңалық мені қайран қалдырады.

Әкем қызмет ететін аумаққа кіретін төңіректің ауыл атауларының мағынасын жете ұғына бастаймын. Неткен дәлдік, неткен көркемділік! «Көктерек» – зеленый тополь. «Терең сай» – глубокий овраг. «Қаратал» – черная ива. «Жаңа жол» – новый путь. «Жаңа талап» – новое стремление, новая цель. «Өрнек» – узоры. «Алқа ағаш» – лес-ожерелье. «Ақ су» – беловодье. «Жаңа су» – новый источник. Қазақтардың жерге айқындама, сипаттама беруде асқан шеберлігі көрініп-ақ тұр. Бұдан асырып дәл айту мүмкін емес! Нақты әрі бейнелі! Және мені қызықтырады.

Бірнеше жылдардан соң, фонетикалық формасына қарай, көптеген орыс жер атауларының – шын мәнісінде, танығысыз бұрмаланған қазақ сөздері екенін білдім. Ганюшкино – «Қан ішкен» (қырғын, қан төгілген жер), ал «Комиссар» шатқалы шын мәнісінде «Кім асар» (сөзбе-сөз: «Кто одолеет?») екен. Қазақстанда осындай деректер асып жетерлік екен.

Байырғы қазақ қоныстарының атаулары олардың биографиялық мағыналық сипатын ашады: «Қара өткел» – черный брод; «Ақмешіт» – белая мечеть; «Ақмола» – белый холм, белая возвышенность; «Қарағанды» – караганник, заросли караганника; «Жезқазған» – медь копали; «Екібастуз» – «две головки соли»; «Ақтау» – белая гора;

Ничего подобного на Волге не ел. Вскоре я узнаю, что молоко по-казахски – сүт, а из коровьего молока готовят «ағарған» — «белую пишу»: айран, қатық, қаймақ, бал каймақ, ақ қаймақ кілегей, белый иримчик, красный иримчик, койыртпақ, іркіт, сарысу, тасқорық, шалап, уыз, сірне, құрт, ежігей, сықпа, сүзбе; из кобыльего молока — қымыз, из верблюжьего; шұбат, қымыран, которых тоже бывает десятки видов.

Ни в русском, ни в немецком языках не подберешь для всех этих названий адекват. Приходится прибегнуть к описательному, разъяснительному переводу. И это открытие поражает.

Начинаю вникать в смысл названий близлежащих аулов, входящих в радиус обслуживания моего отца. Как метко и поэтично! «Көктерек» — зеленый тополь. «Терең сай» — глубокий овраг. «Қаратал» — черная ива. «Жаңа жол» — новый путь. «Жаңа талап» — новое стремление, новая цель. «Өрнек» — узоры. «Алқа ағаш» — лес-ожерелье. «Ақ су» — беловодье. «Жаңа су» — новый источник. Видно, казахи — большие мастера по определению, характеристике местности. Точнее не скажешь. Точно и картинно! И мне это интересно.

Годы спустя я узнаю, что многие русские, по фонетическому облику, названия местности — на самом деле неузнаваемо искаженные казахские слова. Ганюшкино — оказывается, «Қан ішкен» (место побоища, где проливалась кровь), а ущелье «Комиссар» на самом деле «Кім асар» (буквально: «Кто одолеет?»). И таких казусов окажется в Казахстане — пруд пруди.

Название старинных казахских поселений раскрывает их биографически сущностный признак: «Қара өткел» — черный брод; «Ақмешіт» — белая мечеть; «Ақмола» — белый холм, белая возвышенность; «Қарағанды» — караганник, заросли караганника; «Жезқазған» — медь копали; «Екібастуз» — «две головки соли»; «Ақтау» — белая гора;

«Қаратау» – черная гора; «Алатау» – пестрые горы; «Көкшетау» – синие горы; «Алматау» – яблоневаемые горы; «Қызыл жар» – красный яр және т.б.. Кездейсоқтық емес! Нақты, бейнелі, толық.

Бірнеше онжылдық бұрын, Арал теңізі әлі күшінде, сұлу әрі қуаты тасып тұрған кезде, сол жерде болғанмын, сонда бір қатар аралшықтар туралы естігем, олар «Қыз қашқан» («девушка сбежала»), «Қыз қуған» («за девушкой погнались»), «Дамбал қалған» («штаны остались») деп аталатын. Толық көрініс. Хикаят жазсаң да, драма жазсаң да, өз еркің.

Ал қазақтардың өз есімдері қандай мәнділікпен әрі әдемілікпен, неткен мазмұнмен және ниеттілікпен қойылған! Әр есім – жатқан бір әлем. Иә, Еділ маңындағы неміс селоларында қандай аттар болып еді? Өңкей: Иоганн, Иоганнес, Фриц, Петер, Вильгельм, Христьян, Хайнрих, Карл, Ана, Магдалина, Амалия, Маргарита, Виктория, Ольга... Әрине, кейін білгенімдей, бұл христиан есімдерінің де өз мәні, мағынасы бар екен.

Бірақ, таңдау көп емес, көп балалы неміс шаруа отбасында бірінің аты Иоганн болса, екіншісі – Иоганнес, үшіншісі – Ганс, бірі – іні Фриц, басқасы – аға Фриц. Барлық адам есімдері жиырма-отыз шақты атаулардың айналасынан шықпайды. Рейнгольдтер мен Рейнгардтардың өздері де, асқан интеллигенттік, қалалық есімдер ретінде сирек кездесетін.

Ал қазақтарда қанша сөз болса, есімдері де сонша. Араб, парсы, монғол, түркі және басқа тілдерден алынған сөздерді ескерсек, одан да көп шығар.

Барлығы ескеріледі: ру, елдімекен, жыл мезгілі, ата-тегі, айрықша жағдай, тілек, арман, ниет, дәстүр, үйлесімдік, бата, тұрмыстық зат, тіпті кез-келген оқиға.

«Қаратау» — черная гора; «Алатау» — пестрые горы; «Көкшетау»—синие горы; «Алматау» — яблоневаемые горы; «Қызыл жар»—красный яр и т.д. Ничего случайного! Точно, образно, исчерпывающе.

Несколько десятилетий назад, когда Аральское море было еще в силе, красе и могуществе, я бывал в тех краях, и мне рассказывали о гряде островков, которые назывались «Қыз қашқан» («девушка сбежала»), «Қыз қуған» («за девушкой погнались»), «Дамбал қалған» («штаны остались»). Целая картина. Пиши хоть повесть, хоть драму.

А какого смысла и красоты, значения и желания исполнены казахские собственные имена! Каждое имя — целый мир. Ну, какие имена были в немецких селах Поволжья? Сплошь и рядом: Иоганн, Иоганнес, Фриц, Петер, Вильгельм, Христьян, Хайнрих, Карл, Анна, Магдалина, Амалия, Маргарита, Виктория, Ольга... Конечно, как я потом узнаю, и эти христианские имена имеют свое значение, свой смысл.

Но выбор-то совсем невелик, и случалось, в многодетной немецкой крестьянской семье одного звали Иоганн, другого Иоганнес, третьего — Ганс, одного — младший Фриц, другого — большой Фриц. Все собственные имена вертелись вокруг двух-трех десятков. Даже Рейнгольды и Рейнгарды, как слишком интеллигентные, городские, встречались не так уж часто.

А у казахов имен столько, сколько и слов. А, может, даже и больше, если учитывать заимствования из арабского, персидского, монгольского, тюркского и других языков. Казахи неистощимы в придумывании имен для своих детей.

Все учитывается: род, местность, время года, предки, какой-нибудь знаменательный случай, желание, мечта, намек, традиция, созвучие, благословение, житейская деталь, даже какой-нибудь казус.

Тұрмыстың алуан қырлары, өмірдің түрлі көріністері мен көрсеткіштері, адамгершілік және рухани тіршіліктің барлық аспектілері, шексіз әлемді ақындайын сезінудің барлық реңктері, өз және өзгенің оқиғалары, басқа жер, басқа тіл терминдерінің дыбысталуын салудан қысқарған сөздерге және аббревиатураларға дейін, ғажайып құбылыстар – бәрі, барлығы қазақ есімдерінде көрініс табады. Қазақ ономастикасы – ғажап, керемет, қызық ғылым.

Егер мен мысал келтіретін болсам, менің жазбаларым бітпес... Оның үстіне қазақ ономастикасы тақырыбында профессор Телқожа Жанұзақов көп жазған. «Әр дәуірдің өз есімдері бар» атты тамаша эссені бірнеше жылдар бұрын Такура Жақсыбай «Қазақстандық шындық» газетіне жариялаған. Сөздіктерден қазақ аттарының мағынасы туралы түрлі анықтамалық мәліметтерді табуға болады. Студенттік, кейін мұғалім кезімде, бір кездері қазақ аттарын жинауды қатты ұнататынымын, түрлі облыстардан олардың бірнеше мыңын жинадым, оларды бір жүйеге келтірдім, олардың шығу төркінін қызыға зерттедім, жан-жақтан тума-туыс есімдерінің тізімін жіберіп отырған он шақты корреспондентім болатын. Кейін, аспирант болғаннан соң, осы тақырыппен ғылыми тұрғыда және шындап Қазақ КСР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының қызметкері Т. Жанұзақов айналысатынын білдім, оған қоса, бұл тақырып маған ұшы-қиыры жоқ, ауқымды боп көрінді – әлемдегі бар сөздерді жинағанмен бірдей, сөйтіп менің ерекше хоббиіме деген желігім басылды.

Айдан анық нәрсені қайталамау үшін, қазақ аттарын жинақтаған кезде жеке тәжірибемде болған бір-екі жағдаймен ғана шектелемін.

Жамбыл облысы Байқадам аудан орталығында мұғалімдік етіп жүрген кезде, мен Кәрмеш атты жесір әйелдің үйін жалдап тұрдым.

Все грани бытия, все проявления и параметры человеческой жизни, все аспекты нравственного и духовного бытования, все оттенки поэтического восприятия беспредельного мира, история собственная и заемная, вплоть до звукоподражания и инородных, иноязычных терминов, до сокращенных слов и аббревиатур, причудливых образований — все, все находит отражение в казахских собственных именах. Казахская ономастика — удивительная, поразительная, увлекательная наука.

Если я начну приводить примеры, то моим запискам не будет конца... Тем более на тему казахской ономастики много писал профессор Телькожа Жанузаков. Блистательное эссе «У каждой эпохи свои имена» опубликовала несколько лет назад в «Казахстанской правде» Такура Жаксыбай. Разные справочные материалы о значении казахских имен можно найти в словарях. Будучи студентом, а позднее учителем, и я одно время сильно увлекался сбором казахских имен, собрал их в разных областях несколько тысяч, систематизировал их, интересовался их этимологией, имел десятки корреспондентов, которые со всех сторон присылали мне списки имен родных и близких. Потом, став аспирантом, я узнал, что этим же более научно и серьезно занимается сотрудник Института языкознания Академии наук Казахской ССР Т. Жанузаков, к тому же мне почудилось, что тема эта беспредельна — все равно, что собирать все слова на свете, и я охладел к своему своеобразному хобби.

Чтобы не повторять известное, я ограничусь здесь лишь двумя-тремя случаями из моей личной практики во время сбора казахских имен.

В пору моего учительствования в районном центре Байқадам Джамбулской области я квартировал у вдовы по имени Кармеш.

Бұл өте сирек кездесетін (жалғыз болмаса) есімді өз кітапшама дереу жазып алдым да, ол нені білдіреді, қайдан шықты екен деп көп ойландым. Этимология бойынша бар білгенімді сарқып болып, есім иесінен сұрадым. Сонда ол өз атының шығу тарихын айтып берді.

Ол 1925ж. шалғай ауылда дүниеге келген. Шілдеханаға (баланың дүниеге келуіне байланысты той) көрші ауылдан орыс сырнайшысы шақырылды. Жаңа туған нәрестенің ессіз кішкентай бауыры сырнайды түрткілеп: - «Бұл не?», - деп сұрай береді. Үлкендер бұл гармонь, гармошка деп жауап берісіп жатты. «А-а, — бала қуанып, — кармошке, кармеш, кармеш!» - деді.

Сүйікті ұлдың аузынан шыққан сөз үлкендерді мез-мейрам еткені сонша, тіпті сол арада дүниеге келген сәбиге Кармеш деп бұрын-соңды болмаған атты қойды. Міне, этимология қайда жатыр! Неткен тарих!

Тағы бір оқиға. 50-ші жылдардың басында мектебіміздегі қазақ әдебиеті мұғалімі, біртуар әрі сауыққой адам қызды болды. Оның алдында отбасында екі ұл бар. Біріншісіне Бейбіт (Мир), екіншісіне — Өмір (Жизнь) деп ат қойған. Мен шілдеханада болғам, сонда қызға қандай ат қоямыз деген даудың ұзаққа созылғаны есімде. Кенеттен бұл тығырықтан шығатын жолды әкесінің өзі тапты. Бейнегүл! Иә, иә, Бейнегүл («Подобная цветку»). Әсем, дыбысталуы әдемі — бастысы — мағыналы. Өлеңнің бірінші жолы шыға қалды: Бейбіт Өмір — Бейнегүл, яғни, Мирная Жизнь подобна цветку. Қалай, әдемі емес пе? Ауыл мұғалімінің үш баласының есімдері дүниенің бейнесіне, пәлсапаға айналды: Бейбіт Өмір бейне бір гүлдей. Ажырамас үшбірлік!

Қазақтарда осындай есімдердің кездесетініне енді таң қалмайтын болдым: Коммунар, Съезд (Сиязбек), МТС, Лениншіл, Колхозбек, Совхозбек, Социал, Коминтерн, Мәскеубай (ұлы әкесі Мәскеуге ХШЖК-ге барғанда дүниеге келді, сондықтан Мәскеубай), Маркс, Энгельс, Октябрь, МЭЛС, Марэлс (Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин),

Я сразу записал это редчайшее (если не единственное) имя в свой фолиант и долго ломал голову: что оно означает, откуда пришло. Исчерпав свои познания по части этимологии, я обратился к носительнице этого имени. И она поведала его историю.

Родилась она в 1925 году в глухомани. На шильдехану (праздник по случаю рождения ребенка) пригласили русского гармониста из соседнего села. Братишка-несмышлениш новорожденной с удивлением тыкал в гармонь и все спрашивал: «Бұл не?» («Что это?»). Взрослые отвечали: это гармонь, гармошка. «А-а, — возликовал мальчишка, — кармошке, кармеш, кармеш!»

Это слово в устах любимца-мальца так обрадовало взрослых, что они тут же нарекли новорожденную небывалым именем — Кармеш. Вот и вся этимология! И вся история!

Другой случай. В начале 50-х годов у преподавателя казахской литературы нашей школы, большого оригинала и выдумщика, родилась девочка. До нее появились в семье на свет двое мальчиков. Первого назвали Бейбит (Мир), второго — Омир (Жизнь). Я был на той шильдехане и помню затянувшийся спор: какое же имя дать девочке. Неожиданный выход нашел сам отец. Бейнегуль! Да, да, Бейнегүл («Подобная цветку»). Красиво, звучно и — главное — со смыслом. Сложилась первая строчка стихотворения: Бейбіт Өмір — Бейнегүл, то есть, Мирная Жизнь подобна цветку. Ну, не красиво ли? Имена трех детей аульного учителя сложились в картину мироздания, в философию: Мир и Жизнь подобны цветку. Неразрывное триединство!

Я уже не удивлялся тому, что у казахов встречаются имена: Коммунар, Съезд (Сиязбек), МТС, Лениншил, Колхозбек, Совхозбек, Социал, Коминтерн, Маскеубай (сын родился, когда отец ездил на ВДНХ в Москву, вот и Мәскеубай), Маркс, Энгельс, Октябрь, МЭЛС, Марэлс (Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин),



Гегель, Идеал, Арарат, Гений, Меркурий, Генерал, Маршал, Берлин, Париж, Талант, Сунь-Ят-сен тағысын тағы және тағы солай.

Әбдіжәміл Нұрпейісов соғыстан кейінгі жылдары бір аралдық колхозда Сталин атты баланы кездестіргенін айтқан... Бір күні қақырада (төбесі жалпақ балшық үй) қонақтар отырған, кенет үй иесінің қатты дауысы естіледі: «Ей, Сталин, құрып кеткір! Қайда құрып кеттің, оңбаған?! Аһ, жаныңды шығарам! – Ста-лин-ай, сен не бұзауды бос жібергенбісің? Сүттің бәрін еміп қоятын болды ғой! Аһ, Сталин, Сталин, ақымақ! Қап сені ме...» Қонақтар абдырап, бір-біріне қарады. Мұртты көсем әрі тірі болатын. Ол қалжындайтын адам емес еді. Тіл білімінен жақсы хабардар болғанымен, қазақ ономастикасын біле бермейтін. Естерін жиған соң, қонақтар үй иелеріне сотқардың атын ауыстыру керек деген кеңес беріпті.

Бірде Полас деген атты кездестірдім, тағы да аңырап қалдым. Бұл нені білдіреді? Анықталғандай: Пушкин, Островский, Лермонтов, Абай, Сәбит есімдерінің бірінші әріптерінен қысқартылған екен. Әкесінің кітапқұмар әрі оқымысты екені көрініп тұр.

Қорытып айтқанда, қазақтардың ат құрау формасы шексіз. Қазақ есімдері тұрмыс-тіршілік, дәуір, әлеуметтік күйзелістер мен адами мұраттарды бейнелейді.

Бұл феномен элементтерін мен бала жасымда, алғаш рет қазақ аулына келгенде-ақ білгем, әлі күнге дейін, Пайғамбар жасынан асқанның өзінде-ақ қайран қалдырып, таң-тамаша етеді.

Гегель, Идеал, Арарат, Гений, Меркурий, Генерал, Маршал, Берлин, Париж, Талант, Сунь-Ят-сен и т.д. и т.п.

Абдижамил Нурпеисов рассказывал мне, как в одном аральском колхозе в послевоенное время встретился ему мальчуган по имени... Сталин. Сидели как-то гости в кадре (плоскокрышая мазанка) и вдруг слышат громкий вопль хозяйки: «Эй, Сталин, будь ты неладен! Куда ты провалился, негодник?! Ох, задам тебе трепку! — Ста-лин-ай, ты что теленка отпустил? Он же все молоко выцедит! Ах, Сталин, Сталин, дурачок! Чтоб тебя...» Гости опешили, переглянулись. Усатый вождь был еще жив. И шутки с ним были плохи. Хоть и был он силен в языкознании, но в казахской ономастике разбирался слабовато. Придя в себя, гости посоветовали хозяевам срочно поменять имя своего непутевого отпрыска.

Но вот встретилось мне имя Полас, и я опять был в недоумении. Что сие означает? Выяснилось: сокращение первых букв от Пушкин, Островский, Лермонтов, Абай, Сабит. Родитель, как видно, был книголюб и грамотей.

Словом, форма образования имен у казахов безгранична. Казахские имена отражают быт, эпоху, социальные потрясения и высшие человеческие идеалы.

Элементы этого феномена открылись мне в детском возрасте, когда я впервые очутился в казахском ауле, а поражают, удивляют меня до сих пор, когда я уже благополучно преодолел возраст Пророка.

\* \* \*

Тағы бір түйгенім: ауылдарда әнді қалай салады десеңізші! Беріліп, жанын сала, шын көңілмен, бір-біріне жел беріп, қолдап, шабыттандырып: «Оу, де», «Ой, жаса», «Ай, дегенің-ай», «Әй, азамат». Өндері зор, кең төгілген, жантебіренерлік, созылыңқы, бірде мұңайтса, бірде шаттандырады. Барлығының даусы болмаса да, бәрі ән салады. Әнді жеке, кейде екеуі, үшеуі, тіпті хормен – қосылып айтады. Еділде, неміс селоларында да ән салғанды жақсы көретін, бірақ онда көп дауыспен айтылатын. Алдын ала бөліп алатын: сен бірінші партиясын айтасың, сен – екіншісін, ал сен үшінші дауысты ұстайсың. Ғажап, түрлі бояулы боп шығатын. Ал, ауылдарда негізінен үндері қосылып айтатын. Ебі келсе, ән айтады, тіпті жалғыз, ат үстінде немесе арбамен келе жатса да, мал бағып жүргенде немесе жүн түткенде. Талай жылдар өткен соң, Шоқан Уалихановтың досы, қазақ мәдениетінің үлкен білгірі Г.Н.Потаниннен: *«Маған бар қазақ даласы ән айтатындай боп көрінеді»* дегенді оқимын. Мектепте Абай жолдарын жаттаймын:

**Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кірер деген...**

П. Карабин оны орыс тіліне былай аударған:

**Двери в мир открыла песня для тебя.  
Песня провожала в землю прах, скорбя.**

Мұны мен кейін білемін. Ал, әзірше туған аулымда «Ләйлім шырақ», «Сырымбет», «Ақ сиса», «Қамажай», «Құлагер», «Ғалия», «Қаракесек», «Паровоздарды» ажырата бастаймын. Бұл әндер мағынасының, сөздерінің байыбына бармаймын, бірақ мелодиясын қағып алып, оларды мандолинада салуға тырысамын. Бірде біз үшеуіміз – әкем скрипкада, анам – гитарада, мен – мандолинада – мектепте «Қамажайды» ойнап бердік. О Жасаған, қандай шаттыққа бөлендік десеңізші! Біз бірден және біржолата ауыл тұрғындарының ықыласына ие болдық. Қазақ әндері әсем. Өттең, сөздерін түсінбеймін.

\* \* \*

И еще одно открытие моих детских лет: как поют в аулах! Самозабвенно, задушевно, охотно, подзадоривая, поддерживая, вдохновляя друг друга, восклицая: «Уа, де», «Ой, жаса», «Ай, дегенің-ай», «Ай, азамат». Песни раздольные, широко льющие, проникновенные, протяжные, то печальные, то ликующие. Не у всех есть голос, но поют все. Поют в одиночку, иногда попарно, втроем, даже хором — но в унисон. На Волге, в немецких селах, тоже охотно пели, но там культивировали многоголосье. Заранее, бывало, распределяли: ты ведешь первую партию, ты — вторишь, ты подпеваешь третьим голосом. Получалось удивительно многоцветно. А в аулах поют главным образом в унисон. Поют при каждом удобном случае и даже в одиночку, когда человек едет верхом или на телеге, пасет скот или прядет шерсть. Многие годы спустя прочту у Г.Н.Потанина, друга Чокана Валиханова, большого знатока казахской культуры: *«Мне чудится, что вся казахская степь поет»*. А в школе заучиваю наизусть абаевские строки:

В переводе П. Карабина это звучит по-русски так:

Об этом я узнаю позже. А пока в родном ауле я начинаю различать «Ләйлім шырақ», «Сырымбет», «Ақ сиса», «Қамажай», «Құлагер», «Ғалия», «Қаракесек», «Паровоз». В смысл, в слова этих песен не вникаю, но мелодию улавливаю и стараюсь ее воспроизводить на мандолине. А однажды мы трое — отец на скрипке, мать — на гитаре, я — на мандолине — сыграли в школе «Қамажай». Боже, какая буря восторга обрушилась на нас! Мы сразу и бесповоротно завоевали расположение аулчан. Красивы казахские песни. Жаль, что не понимаю слов.

Бірақ көп кешікпей түсінік те келеді. Ән айтқанда, ауыл адамдарының жүзі жадырап шыға келетін. Көздері жайнап кететін. Соғыс кезі еді, жоқшылық заман, қуаныш сирек келетін қонақ болатын.

... Аспирантурада оқып жүрген кезімде шығыстанушы әрі педагог А. Алекторованың «Қырғыз әні» атты мақаласын көзім шалады. Қазақ әндерін тыңдағаннан алған әсерін қалай дәл әрі айқын бейнелеген және онысының менің балалық шағымдағы сезімдеріммен ұйқастығына қайран қаламын.

**«Аулада боран тұр, мен жылы қыстақта ән тыңдап отырмын. Әнші қойдың терісінің үстіне отырып, домбыра-балалайкасының ішектерін тере бастады. Оның ішектерінің бәсең дірілі, әншіге жақын отыра бастаған тыңдармандардың ақырын сыбыры, оның қатаң, мұңды дыбыстары менің жанымды ерекше күйге енгізетін. Бұл дала әнінде, дала музыкасында қанша поэзия болуы мүмкін! Екі ішекті, тіпті қолдан жасалған домбырадан осыншама нәзік және әдемі дыбыстарды шығаруға болатынына ешқашан сенбес едім, оның әні долы табиғатпен үйлесімді болады дегенге сенбес едім, егер осы жан-дүниенді қозғайтын дала әнін өз құлағыммен естімегенде! Ол әнін айтып жатты. Әншінің маңдайынан қара тер домалап ақты, шабыты арта түсті, ал тыңдармандар оған қарай тығыздалатығызда отырып, онымен бірге ырғаққа ілесе, бастарын тербеп отырды. Әнші орамалын шешіп, бетіндегі терісін сүртіп, арындаған желдің музыкалық құбылуына қосыла, қайта әніне салды, денелері тітіркене бастаған тыңдармандарды талай рет «аһ» ұрғызды».**


Ән мерекесінің өте дәл суреттемесі. Сол уақытта Григорий Потаниннен оқығаным бар (Ахмет Байтұрсынов құрметпен Гереке деп атайтын): **«Қазақ көгінің қалай керемет ән сап жатқанын естіп тұрмын».** Өттең, біздің заманда бұлай айту әлдеқайда қиынырақ...

Но понимание скоро придет. Лица аулчан светлели, когда они пели. Глаза сияли. А ведь шла война, жили скудно, и радость была редкой гостьей.

... В аспирантуре мне попадется на глаза статья востоковеда и педагога А. Алекторова «Киргизская песня». И я удивлюсь, как зримо и точно воспроизвел он свои впечатления от слушания казахской песни и как это созвучно моим детским ощущениям.

**«На дворе шумела буря, а я сидел в теплой зимовке и слушал пение. Певец расположился на бараньей шкуре и перебирал струны своей домбры-балалайки. Тихое дребезжание струн, легкий шелест приближающихся к певцу слушателей, его глухие, заунывные звуки настраивали душу мою на особый лад. И сколько может быть поэзии в этой дикой песне, в этой дикой музыке! Я никогда не поверил бы, что на двухструнной, почти самодельной домбре можно извлекать такие нежные и приятные звуки, я не поверил бы, что его песня может гармонировать с бушующей природой, если бы сам не слышал этой дикой, за душу хватающей песни! Он пел. С певца катился пот, воодушевление росло, а слушатели все плотнее и плотнее сдвигались около него и в такт качали головами. Певец снял платок, вытер пот с лица и снова запел, вторя музыкальным переливам бушующего ветра, и не один вздох вылетал из груди слушателей, у которых, как говорится, начинали ходить нервы».**

Очень верное описание песенного торжества. Тогда же я вычитал у Григория Потанина (Ахмет Байтұрсынов говорил уважительно: Гереке): **«Слышу, как прекрасно поет казахское небо».** Увы, в наше время такое сказать уже сложнее...



## III

**Жақсы сөз — жан азығы.**  
*Қазақ мақалы*

1944 жылдың күзінде мен қазақ орта мектебінің екінші сыныбына бардым. Төңіректе орыс мектебі болған жоқ. Неміс мектебі туралы – ресей немістерін Сібір және Қазақстанға жаппай жер аударғаннан кейін – армандауға да болмайтын. «Ештеңе етпейді, – деп әкем өзін де, мені де жұбататын. – Көбейту кестесі қай жерде де бірдей. Қай халықта болмасын екі жердегі екім – төрт. Ал өзге тілді білу ешқашан кедергі болған емес». Бастапқы дағдыларым бойынша (ата-анам менімен үйде айналысатын) мен төртінші сыныпқа бара алар едім, бірақ қазақ тілден әл де нашар едім. Мен енді көп нәрсені түсінетінмін және аздап сөйлей алатынымын, бірақ кейбір әріптерге – қ, ғ, ө, ұ, ү, ы, і, ә – тілім келе қоймайтын, сөздік қорым да кедей. Оның үстіне тілімді нормативті емес лексикамен былғап алып, одан ұзақ арыла алмадым.

Қазақ тілін білу деңгейім бойынша құрдас қазақ балалармен тек бесінші сыныпта ғана теңестім, сауаттылығым мен грамматика жағынан көбінен тіпті асып түстім (мақтанып отыр деп ойламаңыз). Морфологиялық және синтаксистік ұғымдар (жіктеу, септеу, жалғау, жұрнақ, жай сөйлем, сабақтас, салалас, аралас, құрмалас сөйлем және басқалары) өз-өзінен аузыма келетін.

Әлі күнге дейін алғашқы ұстазым Күлшара Қасымова мен 5-7 сыныптардағы қазақ тілі мұғалімім Мисалым Садықованы есіме аламын. Дәл осы кластастарда грамматикалық сауаттылық қалыптасады. (мен грамматика жағынан мүлдем дәрменсіз қазақ жазушыларын білемін, бұл кемшілік дарыны мен қадір-қасиетіне қарамастан, олардың шығармашылығына кері әсерін тигізетін).

## III

**Хорошее слово — душе опора.**  
*Казахская пословица*

Осенью 1944 года я пошел во второй класс казахской средней школы. Русской школы в ближайшей окрестности не было. О немецкой школе — после тотальной депортации российских немцев в Сибирь и Казахстан — Даже мечтать воспрещалось. «Ничего, — утешал отец меня и себя. — Таблица умножения везде одинаковая. У всех народов дважды два — четыре. А знание других языков никогда не помеха». По первоначальным навыкам (родители занимались мною дома) я мог бы пойти и в четвертый класс, но был все еще слабават по казахской части. Я уже многое понимал и сносно говорил, но некоторые казахские звуки — қ, ғ, ө, ұ, ү, ы, і, ә — упорно не давались, да и словарный запас был беден. К тому же сходу засорил язык ненормативной лексикой, от чего отвыкал очень трудно.

В познаниях казахского языка я сравнился со своими сверстниками-казахами лишь в пятом классе, а по грамотности и грамматике даже превзошел многих (не считите за хвастовство). Морфологические и синтаксические понятия (жіктеу, септеу, жалғау, жұрнақ, жай сөйлем, сабақтас, салалас, аралас, құрмалас сөйлем и прочее) сами лезли мне в рот.

И поныне с благодарностью вспоминаю первую мою учительницу Кульшару Касымову и учительницу по казахскому языку в 5-7 классах Мисалым Садықову. Именно в этих классах формируется грамотность по грамматике. (Я знаю казахских писателей, совершенно беспомощных по части грамматики, и этот пробел заметно отражается на их творчестве, при всем таланте и прочих достоинствах).

Қазақ тілі менің жанымды табиғи және белсенді түрде одан әрі жаулай берді. Шамамен 8-ші кластан бастап, қазақ тілінде қисынсыз, жаңсақ, қиналған тақпақтар құрап дағдылана бастадым. Маяковскийге ұқсап, сатымен жаздым, білместікпен ұйқастыру тәртібін бұздым. Өлеңдерімнің түкке жарамайтынын тек әдебиет факультетінің бірінші курс студенті болғанда түсіндім және сол кезде-ақ ұйқастыру желігінен арылдым. Қазір дер кезінде есімді жиып, өзімді де, өзгені де қинауды қойғанымға қуанамын.

Аулымыздағы Пассажирцев текті жалғыз орыс (ол кезде әдетте «ұлы халық өкілі» деп атайтын), ақкөңіл, сақалды епсіз адам менің қазақ тілінен жетістіктерімді қызыға бақылап жүретін, бірақ ара-арасында қазақ тілі кедей деп иландыратын. Сол сәтте жаратпай, дода сақалын сілкілейтін. Оның өзі он шақты қазақ сөзін орыс тіліне икемдеп айтатын, бірақ өзінің растығына әбден сенімді.

«Неге кедей? – деп жасқана қарсы келетінмін. – Онда орыс тілінде жоқ қаншама сөз бар». Ол кезде мен үшін неміс, орыс, қазақ тілдері де кедей болып көрінетін, себебі менің өзім «сорлы» едім. Мен сақалды қарсыласыма бірдеңе түсіндіргім келген, бірақ онымнан түк шықпады. «Жоқ, үндеме, Гера. Кедей тіл, – деп Пассажирцев аға қайтпады. – Міне, орыстарда "топор, топорик, топорище деген сөздер бар, ал қазақтарда «балта» болды». Онымен пікірталасқа түсе алмадым: дәлелім аз еді. Оған қоса, баламен кім пікір таластырар еді дейсің.

\*\*\*

Қарапайым ауыл қазақтары қалай жарасымды, жатық, мүдірместен, бейнелі және нақыл сөздермен сөйлейді (сөйлеген). Жиі ұйқастатып, ырғақты желдіріп, аллитерация пішіндерін қоса, жүрдек сөздерді мақал-мәтелдермен, тұрақты фразеологиялық өрнектермен және теңеулермен, бейнелі орамдармен, көркем әрлейді, «тақ, тұқ», көмескі, дөрекі емес, керісінше, тұспалдап, астарлап сөйлейді. Ұйып тыңдайсың! Расында да күміс көмей шешендердің тілі.

Казахский язык все более естественно и активно входил в мою душу. Примерно с 8 класса повадился кропать стишки на казахском языке - беспомощные, спотыктивные, вымученные. Писал лесенкой, подражая Маяковскому и по незнанию ломая версификационные традиции. Что стишки мои ничемные, понял лишь студентом первого курса литфака и тотчас излечился от зуда рифмовать. Теперь радуюсь, что вовремя опомнился и не стал мучить ни себя, ни других.

Единственный орыс в нашем ауле (обычно говорили тогда: «представитель великого народа») по фамилии Пассажирцев, добродушный, бородатый увалень, с любопытством следил за моими успехами в казахском языке, но время от времени внушал мне, что казахский язык беден. И при этом укоризненно тряс кудлатой бородой. Сам он на русский лад произносил десятка два казахских слов, но был абсолютно уверен в своей правоте.

«Почему беден? — возражал я робко.- Ведь в нем столько слов, которых нет в русском языке». Для меня же в ту пору бедными были и немецкий, и русский, и казахский языки, ибо беден был сам. Я пытался что-то объяснить моему бородатому оппоненту, но тщетно. «Нет, не говори, Гера. Бедный язык, — упорствовал дядя Пассажирцев. — Вот у русских есть топор, топорик, топорище, а у казахов «балта» и все». Ввязаться с ним в дискуссию я тогда не мог: мало было аргументов. Да и кто станет дискутировать с пацаном.

\*\*\*

А как ладно-складно, без запинки, образно и афористично говорят (или говорили) простые аульные казахи. Нередко в рифму, речитативом, с аллитерационными фигурами, пересыпая беглую речь пословицами, поговорками, устойчивыми фразеологическими выражениями и сравнениями, образными оборотами, живописно, не «тақ, тұқ», суконно, топорно, а с намеками, иносказательно. Заслушаешься! Поистине речь шешена-златоуста.

Оқушыларға Ғабит Мүсірепов драмасынан үзіндіні рақаттана қайталай беретінмін.

**Бір қарамас —  
бір қараса,  
қыз да көзін ала алмас,  
Отпен ойнап,  
күйсе өкінбес.  
Іші күлсе — көзі жылап,  
Қуанышын бір білдірмес  
Қыздар-ай!..**

Не деген синтаксис десеңші! Сөз жатықтығы қандай! Бұл сізге мағынасыз шатпақ сөз емес! Махамбеттің бүлікшіл речитативтерінен қаншама қуат, қанша ыза, адуын сезім жатыр:

**Мен — мен едім, мен едім,  
Мен Нарында жүргенде  
Еңіреп жүрген ер едім.  
Исатайдың барында  
Екі тарлан бөрі едім,  
Қай қазақтан кем едім?  
Бір қазақпен тең едім.**

Жалынды сөздердің бой бермес ағыны. Қазақ поэтикалық сөзінің ішкі қуаты орыс тілінен жасалған аудармасынан да сезіліп қалатын.

Міне, Тарас Шевченконың танымал жолдары:

**Ой, ты, доля, моя доля,  
Никакой не чую.  
Если доброй жалко, боже,  
Дай хоть злую, злую.**

Бұл өлеңдер маған біраз жұмсақ, момын, аянышты болып көрінеді. Қасым Аманжолов аудармасында қазақша қалай келтірілген:

**Сыбағам кайда, сыбағам,  
Жоқ па, сірә, ешқандай.  
Жақсылық менен аясаң,  
Жамандық бер, я, Құдай!**

Серпімді, мықты, адуынды, батыл. Қазақ сөз саптауында түсініксіз сиқыр бар.

Школьником я упоенно повторял отрывок из драмы Габита Мусрепова:

**Бір қарамас —  
бір қараса,  
қыз да көзін ала алмас,  
Отпен ойнап,  
күйсе өкінбес.  
Іші күлсе — көзі жылап,  
Қуанышын бір білдірмес  
Қыздар-ай!..**

Каков, однако, синтаксис! Каков склад речи! Это вам не обыденный воляпюк! А сколько энергии, ярости, необузданной страсти в речитативах мятежного Махамбета:

**Мен — мен едім, мен едім,  
Мен Нарында жүргенде  
Еңіреп жүрген ер едім.  
Исатайдың барында  
Екі тарлан бөрі едім,  
Қай қазақтан кем едім?  
Бір қазақпен тең едім.**

Какой-то неукротимый поток раскаленных слов. Внутренняя энергия казахского поэтического слова сквозила даже в переводах с русского.

Вот известные строки Тараса Шевченко:

**Ой, ты, доля, моя доля,  
Никакой не чую.  
Если доброй жалко, боже,  
Дай хоть злую, злую.**

Мне эти стихи кажутся несколько размягченными, смиренными, жалобными. А как они звучат по-казахски в переводе Касыма Аманжолова:

**Сыбағам кайда, сыбағам,  
Жоқ па, сірә, ешқандай.  
Жақсылық менен аясаң,  
Жамандық бер, я, Құдай!**

Упруго, мускулисто, напористо, дерзко. Есть необъяснимая магия в казахском речестрое.

Қазақ ауызекі тіліне тән құрылым осындай.

Қазақ ертегілерінде, әңгімелерінде, батырлар дастандарында, эпостық поэмаларда, фольклорлық драмаларда мысалдар қаншама! Інжулер қорымы! Еуропалықтарда бұл жоқтың қасы.

Василий Васильевич Радлов (дұрысын айтқанда, Фридрих Вильгельм), түркі тайпалары халық әдебиетінің білгірі, мен қазақтар туралы білгенге дейін сексен жыл бұрын дұрыс айтқан: «Қырғыздар басқа тайпаластарынан нақыл сөздер айтуда айрықша икемділікпен және керемет шешенділікпен ерекшеленеді».

Қазіргі таңда қазақ ауызекі тілінің бұл қасиеті, ерекшелігі кеміп, көмескіленді, жоғалды. Бірақ мен риториканы кербез меңгерген нағыз тілінен бап тамған виртуоз шешендерді, шынайы сөзуарлықтың шеберлерін есту бұйырған жанмын.

Шешендіктің өте сирек үлгілерін (ол жайында ілгеріде айтылады) сөзге бай қазақ билерінен табамыз. Мен бірде Әйтеке би сөз құрылымының колоритін орыс тілінде беруге талпынып көрдім. Бұл талпынысым сәтті болды деп айта алмаймын, бірақ сондай сөз саптаудың барын жеткізе алдым деп ойлаймын.

\* \* \*

Асау, тілі ащы Сейіт қожа маған, білімқұмар балаға, емшінің ұлына («лөктірдің баласы») түрлі аңыз-әңгімелер айтып бергенді жақсы көреді және менің құмарымды оятады.

«Ей, Кира, немістерде "nip" – қамқоршы, қорғаушы бола ма? Жануарлардың рухы?»

Жоқ, ондайды естіп көрмеппін. Әке-шешемнен сұрап көрейін.

«Ал орыстарда ше?» – деп қоймады шал, шалғыны шарыққа епті қайрап жатып.

Оны да естіген жоқпын.

Таков склад характерной казахской устной речи.

Сколько таких примеров в казахских сказках, сказах, батырских дастанах, эпических поэмах, драмах на фольклорной основе! Россыпь жемчужин! Европейцу это почти недоступно.

Василий Васильевич Радлов (собственно Фридрих Вильгельм), знаток народной литературы тюркских племен, за восемьдесят лет до того, как я узнал казахов, верно заметил: «Киргизы отличаются от других своих соплеменников особенной ловкостью в выражениях и замечательным красноречием».

В наше время это качество, это свойство казахской устной речи заметно обеднело, потускнело, стерлось. Но мне еще доводилось слушать настоящих виртуозов, мастеров подлинного красноречия, которые грациозно владели риторикой.

Редчайшие образцы шешенской речи (о том речь впереди) мы находим у казахских биев-златоустов. Я однажды сделал попытку передать колорит речестроя бия Айтеке на русском языке. Не могу сказать, что попытка получилась удачной, но намек на подобный речевой строй, думаю, все же есть.

\* \* \*

Строптивный, язвительный старик Сеит-ходжа любит рассказывать мне, любознательному мальцу, сыну лекаря («лөктірдің баласы») разные байки и возбуждает мое любопытство.

«Эй, Кира, а у немцев бывают "nip" — покровители, защитники. Духи животных?»

Нет, мне такое слышать не доводилось. Спрошу у родителей.

«А у орысов?» — допытывается старик, ловко затачивая бруском литовку.

Тоже не слышал.



«Ал қазақта әр үй жануарының өз қамқоршы атасы бар. Пір деп аталады.

Есіңе сақта:

Қамбар Ата – жылқы атасы.

Ойсыл Қара – түйе атасы.

Зеңгі Баба – ірі қара мал атасы.

Шопан Ата – қой атасы».

Сол сәтте қасымызда бізге бәлеқор, сақалды теке бедірейіп қарап тұрған еді.

«Ешкілердің де пірі бола ма?»

«Бар, – дейді Сейіт қожа – Ешкі пірі - Шекшек ата».

«Ал адамдардың қамқоршысы кім?»

«Барша халықтың қамқоршысы - Құдай!»

«Рас па? Мен Сталин деп ойлап жүрсем».

«Е, қой, Кира, қорқытпаш...»

«А у казахов каждый вид домашнего животного имеет своего покровителя. Пир называется.

Запомни:

Қамбар ата — покровитель лошадей.

Ойсыл қара — покровитель верблюдов.

Зеңгі баба — покровитель крупного рогатого скота.

Шопан ата — покровитель овец.»

Рядом с любопытством взирал на нас наглый, драчливый, бородатый козел.

«А у коз тоже есть покровитель?»

«Есть, — отвечает Сеит-ходжа. — Покровителя коз зовут Шек-шек ата».

«А у людей покровитель кто?»

«У всех людей покровитель один. Құдай!»

«Так разве? А я думал — Сталин».

«Э, брось, Кира, не пугай меня...»



Зайра әже жып-жылтыр, ескіліктен қарайып кеткен ұршығын тастамайды. Өңі кеткен камзолының бір қалтасынан жете түтілген жүн үзімі – біресе қойдың, біресе түйенің, ал екінші қалтасынан ұршық шығып тұрады. Ошақ маңындағы шошалада да, қонақта да, там алдындағы көгалда да, астына тері төсеп, үйреншікті қимылмен өзінің шағын ұршығын иіреді, жіңішке жүннен иірілген жібі ұршыққа қайта-қайта оралады. Ұршық жаңа ғана бос, жіңішке еді, енді біраздан соң бір қарасаң – томпайып, дөңгелене шыға келеді, енді одан қара, сұр, ала шүйке жіп орап жатады. Әже сиқыршы іспетті, мен оның икемді, арасында бітпейтін жіп бұйралаңдап, иреленіп оралып жатқан қоңырқай түсті саусақтарына тәнті боп қарап отырамын. Менің досым Ойрат бұл ізгі іске көз қырын да салмайтын – үйреніп кеткен, ал маған қызық. Менің анамның ұршығы бөлек, ол ағаш педальді ырғақпен басып, дөңгелек тәрізді үлкен ұршықты аяғымен айналдырып, айналдырыққа екі қолымен жіпті орайтын.

Зайра әже маған түсіндіреді. Сөйтсек, жүн (шерсть) әр түрлі болады екен:

Жабағы жүн – жазғы қырқым.  
 Күзем жүн – күзгі күзем жүн.  
 Өлі жүн – жануарлардың жүні түскен кезде қырқылатын «өлі» жүн.  
 Биязы жүн – жіңішке, нәзік жүн.  
 Ұяң жүн – қылшығы жоқ жүн.  
 Мамық жүн – жұмсақ жүн, мамық.  
 Қылшық жүн – қатты, қылшықты жүн.

Зайра-әже (бабушка) не расстается со своей отполированной, потемневшей от времени прялкой-юлой (ұршық). Из одного кармана ее выцветшего камзола вечно торчит клок тщательно растеребленной шерсти — то овечьей, то верблюжьей, из другого высовывается прялка-юла. И в шошале возле очага, и в гостях, и на лужайке перед домом, подстелив под собой шкурку, она кругит-кругит привычным движением свою миниатюрную прялку и тонкая шерстяная пряжа без устали наматывается на нее. Только что прялка была пуста, худа, а через некоторое время глядишь — пузата, округла, и әже сворачивает, сматывает с нее клубок черной, серой, белой, пегой шерсти. Работает әже, как фокусник, и я зачарованно смотрю на ее ловкие, смуглые пальцы, между которыми вьется-тянется нескончаемая нить. Мой друг, Ойрат, на это священнодействие и не смотрит — привык, а мне любопытно. Прялка у моей мамы совсем другая, она крутит ее ногой, ритмично нажимая на деревянную педаль и вращая большое, как колесо, веретено и обеими руками сворачивая, наматывая на шпиндель нить.

Зайра-әже мне объясняет. Оказывается, жүн (шерсть) бывает разных видов:

Жабағы жүн — шерсть весенней стрижки.  
 Күзем жүн — шерсть осенней стрижки.  
 Өлі жүн — «мертвая» шерсть, когда животные линяют.  
 Биязы жүн — тонкая, нежная шерсть.  
 Ұяң жүн — шерсть без щетинок.  
 Мамық жүн — мягкая шерсть, пух.  
 Қылшық жүн ~ грубая, с шерстинками.

\*\*\*

Міне градация, ұрпақтардың туыстық байланысы.

Орысша (ұлғаюына қарай): сын – внук – правнук – праправнук, прапраправнук т.б.

Немісше: Sohn-Enkel-Urenkel-Ururenkel-Urururenkel usw.

Қазақша: бала – немере – шөбере – шөпшек – немене – туажат – жүрежат (жетінші ұрпақ). Одан әрі жұрағат (осы ұрпақтан бастап, некелік қатынасқа түсуге болады); жетінші атаға дейін қан араластырып, некелік қатынасқа баруға тыйым салынады. Қазақта – басқа халықтарға қарағанда, мейлі еуропалық болсын, мейлі азиялық болсын – бұл қатаң генетикалық заң, халық дамуы мен көбеюінің өнегелік негізі. Оның ғылыми атауы – ЭКЗОГАМИЯ – рулас қауым мүшелерінің арасында жеті атаға дейін некелік қатынасқа түсуге тыйым. Одан әрі – жекжат, құдалармен туыстық қатынас. Сосын – жамағат (адам, жалпы халық). Танымдық ғана емес, өнегелік мәні бар, солай емес пе? Осындай тәртіп туыстық қатынастарды қатаң реттеп отырады.

►  
Ұлдың ұлы – немере; қыздың ұлы – жиен. Қалада тұратын қазақтар орыстарға еліктеп, бәрін немере деп бұл ұғымдарды жиі шатастырып жатады. Қазақта бұл қисынға келмейтін нәрсе. Айтпақшы, туғаныңның ұлы да жиен боп келеді. Демек, қыздың ұлы мен туғаныңның ұлының қоғамдық-әлеуметтік статусы шамалас боп тұр ғой.

\*\*\*

Жадау, текесақал Ерғали шал әдетте ауыл балаларын жинап, оларға емтихан өткізетін. Ал, қане, әкеңнің аты кім? Атаңның? Бабаңның? Бабаңның әкесінің ше?

Өйстіп жеті атаға дейін апаратын. Менімен тетелес қазақтар мүдірмей жауап беретін. Ерғали ата менен де емтихан алған. Менің жауабым:

\*\*\*

Вот градация, родственные связи поколений.

По-русски (по восходящей): сын — внук — правнук — праправнук, прапраправнук и т.д.

По-немецки: Sohn-Enkel-Urenkel-Ururenkel-Urururenkel usw.

По-казахски: бала — немере — шөбере — шөпшек — немене — туажат — жүрежат (седьмое поколение). Далее жұрағат (с этого поколения можно вступать в брачные отношения); до этого поколения брачные отношения строго возбраняются, ибо ведут к кровосмешению. У казахов — в отличие от многих народов, как европейских, так и азиатских, — это строгий генетический закон, нравственная основа развития и размножения народа. По-научному это называется ЭКЗОГАМИЯ — запрет брачных отношений между членами родового объединения до седьмого поколения. Далее — жекжат, близкие отношения сватов. Затем — жамағат (миряне, общий народ). Не только познавательно, но и поучительно, не так ли? Такой порядок строго регламентирует родственные отношения.

►  
Внук от сына — немере; внук от дочери — жиен. Городские казахи нередко путают эти понятия, подражая русским: все внуки, немере. С точки зрения казаха это некорректно. Кстати, племянник тоже жиен. Выходит, у внука от дочери и у племянника примерно равный общественно-социальный статус.

\*\*\*

Сухопарый, козлинобородый старик Ерғали имел обыкновение собирать аульную малышню и устраивать экзамен. А ну, скажи, как зовут отца? А деда? А прадеда? А прапрадеда?

И так до седьмого колена. Большинство моих сверстников-казахов отвечали без запинки. Экзаменовал Ерғали-ата и меня. Я отвечал:

-Әкем – Карл. Атам – Фридрих. Бабам – Хайнрих. Одан арғыларын білген жоқпын. Өлі күнге дейін білмеймін. Ергали ата мейіріммен басымнан сипайтын:

–Е, жарайды. Неміске осы да жеткілікті.

Қазақ үшін жеті атасын білу киелі міндет. Менің досым Шотаман Уалихан, Шыңғыс хан тұқымы, өз арғы аталарын біледі – Шыңғысханнан бастап өзіне дейін – жиырма үш ұрпақ. Әрине, ол атақты, аты шулы рудан шыққан, барлығы тарихта, шежіре мен халықтың жадында сақталып қалған. Ойлап қараңызшы: жиырма үш ұрпақ. Орыстарда шежіре тармағынан ойып тұрып орын алған жалғыз Пушкин шығар. Менің тағы бір танысым, жазушы, журналист, марқұм Балғабек Қыдырбекұлы 34 атамды білемін деп айтатын. Ақылға сыймайды! Генетикалық текті зерттеуге экскурс жасау деп осыны айтыңыз. Бірақ мен таң қалмаймын: қазақ үшін ата текті білу – ғибадат.

-Отец — Карл. Дед — Фридрих. Прадед — Хайнрих. Далее я не знал. Не знаю и поныне. Ергали-ата снисходительно гладил меня по голове:

—Э, жарайды. Для немца и этого достаточно.

Знание своих предков до седьмого колена для казахов свято. Мой друг Шотаман Уалихан, чингисид, знает своих предков — от Чингисхана до себя — в двадцать три поколения. Конечно, род его знатный, именитый, все зафиксировано в истории, летописи и в памяти народной. Но вдумайтесь: двадцать три поколения. У русских так глубоко в родословное древо вошел, кажется, один Пушкин. Другой мой знакомец, писатель и журналист, ныне покойный Балғабек Кыдырбекулы уверял меня, что знает своих предков аж до 34 колена. Уму непостижимо! Вот это экскурс в генетические дебри. Но я не удивляюсь: у казахов знание предков — культ.

## IV

Көз жетпеген жерге сөз жетеді.  
*Қазақ мақалы*

Қазақ тілінің ерекшелігі, байлығы кейде тіпті ең қарапайым, күнделікті жайттарда да көрініс табады.

Мысалы, тәуліктегі мерзімдік өлшемдердің атауларын алайық. Орысша: утро, обед, вечер, ночь. Осылай да айтуға болады: рассвет, раннее утро, позднее утро (все равно утро); ранний обед, поздний обед (все равно обед); ранний вечер, поздний вечер (все равно вечер). Сосын: после полудня, полдник, сутемень, сумерки. Одан әрі – бірден ойлап таба да алмайсың.

Тәулік уақытын қазақтар қалай ажыратады? Қазақ тілінде уақыт бөлігін ажыратуға арналған қандай атаулар бар?

Қане, ойлап көріңізші:

I. Таң ертең – таң.

**а)** елең-алаң – таң атқанға дейінгі, таңалды уақыт. Әлі белгісіз, әлі түсініксіз уақыт.

**б)** құланиек, құлансәрі – жарық түсе бастап, заттардың пішіні көріне бастайтын уақыт.

**в)** таңсәрі – жерге жарық түскенмен, күн әлі шықпаған сәт.

**г)** таң – күннің көтеріліп, шыққан уақыты.

## IV

Куда глаза не доходят, туда слова приведут.  
*Казахская пословица*

Своеобразие, богатство казахского языка проявляются иногда даже в казалось бы самых простых, обыденных обстоятельствах.

Возьмем, к примеру, наименования временных отрезков суток. По-русски мы говорим: утро, обед, вечер, ночь. Можно еще сказать: рассвет, раннее утро, позднее утро (все равно утро); ранний обед, поздний обед (все равно обед); ранний вечер, поздний вечер (все равно вечер). Еще: после полудня, полдник, сутемень, сумерки. Дальше — не сразу и придумаешь.

Как же различают время суток казахи? Какие в казахском языке имеются названия для наименования отрезков времени?

Пожалуйста, подумайте:

I. Таң ертең — утро.

**а)** елең-алаң — предутренние сумерки, перед рассветом. Все еще неопределенно, неясно.

**б)** құланиек, құлансәрі — когда, начинает светать и уже можно различать очертание предметов.

**в)** таңсәрі — пора, когда на землю падает свет, но солнце еще не взошло.

**г)** таң — пора, когда показывается, встает солнце.

**II.Сәске** – күннің көкжиекке көтерілген шағы,

- а)** сиыр сәске – күннің арқан жіптің ұзындығындай биітікке көтерілген кезі.
- б)** сәскетүс – шамамен сағат күндізгі 12.
- в)** ұлы сәске – талтүс, түстіктің алды.

**III.Түс** – түстік.

- а)** тал түс, талма түс, тапа-тал түс – шамамен сағат күндізгі 13:00, күннің ортасы, шыңы, балбыраған уақыт.
- б)** шаңқай түс – көлеңке ең қысқа болатын уақыт, шамамен күндізгі 14:00.

**IV.Бесін** – түстен кейінгі уақыт, күн тас төбеден асты.

- а)** ұлы бесін – күн батуға жақындаған кез.
- б)** кіші бесін – күннің бата бастағаны көзге анығырақ көрінетін шақ.
- в)** құлама бесін – одан әрі батып бара жатқан уақыт.
- г)** екінді – кеш жақындап, күн аса төмен орналасқан кез.
- д)** намаздыгер – күн батқалы жатқан, ұясына жеткен уақыт.

**V.Ақшам, ымырт** – кеш.

- а)** алагеуім – күн енді батады-ау деген уақыт, ымырт алды.
- б)** кеугім, кеуім, ымырт – күн батты, ымырт қоюлана бастады.
- в)** кешқұрым, намазшам – кешкі намаз оқитын уақыт.
- г)** кеш – айналаны ымырт жауып, түн басталған уақыт.

**VI.Түн** – түнгі уақыт.

- а)** іңір – түн алды уақыт, табиғат ұйқыға дайындалады.
- б)** қызыл іңір – түннің басы.
- в)** жарым түн – түн ортасы.
- г)** таң қараңғысы – қою қараңғылық, таңсәрі, таң атуға таяды.

**II.Сәске** — пора, когда солнце всплыло над горизонтом,

- а)** сиыр сәске — пора, когда солнце поднялось на длину аркана.
- б)** сәскетүс — примерно около 12 часов дня.
- в)** ұлы сәске — полдень, перед обедом

**III.Түс** — обед.

- а)** тал түс, талма түс, тапа-тал түс—примерно около часа дня, верхушка дня, пик дня, разомлевший день.
- б)** шаңқай түс — время дня, когда тень самая короткая, примерно около 2-х часов дня.

**IV.Бесін** — после полудня, солнце перевалило зенит.


- а)** ұлы бесін — солнце начинает клониться к закату.
- б)** кіші бесін — солнце склонилось заметнее.
- в)** құлама бесін — еще более склонилось.
- г)** екінді — приближается вечер, солнце совсем уже низко.
- д)** намаздыгер — солнце готовится к закату, склонилось над своим «гнездом».

**V.Ақшам, ымырт** — вечер, сумерки.

- а)** алагеуім — солнце вот-вот зайдет, ранние сумерки.
- б)** кеугім, кеуім, ымырт — солнце зашло, сгущаются сумерки.
- в)** кешқұрым, намазшам — время вечерней молитвы.
- г)** кеш — все окутано сумерками, начало ночи.

**VI.Түн** — ночь.

- а)** іңір — пора перед наступлением ночи, природа готовится ко сну.
- б)** қызыл іңір — начало ночи.
- в)** жарым түн — полночь.
- г)** таң қараңғысы — густая мгла, пора перед рассветом, близится рассвет.



Бұл, әлбетте, көшпелілердің еріккеннен шығарған ісі, көшпенділердің ермегі емес. Керісінше, талап, мұқтаждық, қажеттілік. Көшпенді малшы шаруалар уақытты сондай дәл сезініп-анықтаған.

Қазақтарда көптеген мейрамдар мен соған қатысты салт-дәстүрлер бар. Оларды дәлірек сипаттау тым көп орын алар еді. Бірақ менің көксегенім бұл емес. Менің жазбаларымның аясы – тіл. Онымен мерекелер мен салттар қатар барлық халықтар мен тайпаларда көп. Алайда, жыл мезгілдеріне сәйкес келетін қазақ мейрамдарын ғана атап өтемін.

**I. Наурыз** – жаңару, күнмен түннің теңесу, көктем, жыл басы мейрамы. Бұл уақытта бұлақ, қайнар көздері тазартылып, ағаштар егіліп, игі істер жасалады.

**II. Қымызмұрындық** – жазғы мереке, мамырмаусым айларында тойланады. Бие сауып, қымыз дайындап; тума-туыс пен жақын-жуықтарды бір-біріне қонаққа шақыратын уақыт. Түрлі ұлттық ойындар, жарыстар өткізіледі.

**III. Мизам (сабан той)** – егіншілер мен малшылардың құрметіне атап өтілетін мейрам, егін мейрамы.

**IV. Соғым басы** – қыс мейрамы. Қар түсіп, салқын түскенде тойланады. Жер-жерде қысқа арнап мал сою. Бір-бірін соғым етінен ауыз тигізеді. Қыстың ұзақ кештерінде ақындар, әншілер, аңыз-дастаншылар, музыкантар халықты өз өнеріне тәнті етеді. Аңыз, қисса, дастан, ертегілер шығарылады. Жан тынығатын мейрам.

---

Қазақша осылай айтқан дұрыс: «Әйел босанды» – женщина разродилась, «освободилась», разрешилась от бремени. «Сиыр бұзаулады» – корова отелилась. «Бие құлындады» – кобыла ожеребилась. «Қой қоздады» – овца оягнилась, кейде қате айтылатындай төлдеген жоқ, қоздады.

Разумеется, это не прихоть номада, не забава кочевника. А потребность, нужда, необходимость. Так тонко и точно чувствовали и определяли время кочевники-скотоводы.

У казахов много праздников и соответствующих ритуалов. Их подробное описание заняло бы слишком много места. Да это и не входит в мою задачу. Сфера моих записок — язык. К тому же праздников и ритуалов много у всех, без исключения, народов и племен. Однако, отмечу те казахские праздники, которые строго соответствуют временам года.

**I. Наурыз** — праздник обновления, благоденствия, весны, начала года. В эту пору очищают родники, источники, сажают деревья, совершаются добрые деяния.

**II. Қымызмұрындық** — праздник лета, проводится в промежутке месяцев мая — июня. Пора доения кобылиц, изготовления кумыса; близкие и дальние родичи приглашают друг друга в гости. Проводятся разные национальные игры, состязания.

**III. Мизам (сабан той)** — праздник в честь земледельцев и животноводов, праздник урожая.

**IV. Соғым басы** — праздник зимы. Проводится после выпадения снега и наступления холодов. Пора повсеместного забоя скота на зиму. Угощают друг друга убойным мясом. Долгими зимними вечерами акыны, певцы, сказители, музыканты забавляют народ своим искусством. Сочиняются сказы, киссы, дастаны, сказки. Праздник отдохновения.

---

По-казахски следует говорить: «Әйел босанды» — женщина разродилась, «освободилась», разрешилась от бремени. «Сиыр бұзаулады» — корова отелилась. «Бие құлындады» — кобыла ожеребилась. «Қой қоздады» — овца оягнилась, не окотилась, как иногда выражаются неправильно.



Қазақ тілінің бір айта кетер тұсын филология докторы Жұмағали Исмағұлов атап өткен. «Өкінішке орай» («к сожалению» деген орыс тілінен алынған калька) деп айтуға болмайды. Дұрысы: «өкінішке қарай». «Домбырада ойнайды» деп айту да қате, «домбыра тартады» деп айту қажет.

\*\*\*

Көп жылдар бұрын, Қазақстан Жазушылары кеңесіндегі отырыстардың бірінде Ақселеу Сейдімбеков қазақтардың жыл мезгілі ауысқан кезде қолданатын етістіктеріне назарымды аударды.

**Қыс келді. Зима пришла.  
Көктем туды. Весна родилась.  
Жаз шықты. Лето вышло, наступило.  
Күз түсті. Осень упала, свалилась.**

Етістіктерді ауыстыру, Ақселеудің айтуынша, қате, сауатсыз. Егер «көктем келді» (весна пришла) деп айтып жатса, олардың тілдің сезімтал табиғатын естіп-сезінбегеннен дейді: көктем келмейді, туады, күз тумайды, түседі, төбеден жауады, түседі.

Қызық, рас қой ә?

Басқа қазақ етістіктері орыс тіліне бірмәнді және бір сөзбен аударылмайды. Міне, мысалы, кең таралған етістік «қаңтару». Оның нақты білдіретін мағынасы: «шылбырды ер-тоқымның алдыңғы қасына байлау». «Қаңтару» сөзін орыс тіліне аударған сайын сүрініп жататынымыз да содан.

\*\*\*

Баяғыда, студенттік жылдары, Әбдіжаміл Нұрпейісов Кітап палатасынан профессор М.Машановтың 1899 жылы Орынборда басылып шығарылған «Орыс-қазақ сөздігін» іздеп тапқан.

На одну тонкость казахского языка указывает доктор филологии Жумағали Исмағұлов. Нельзя говорить: «өкінішке орай» (калька русского выражения «к сожалению»). Правильно: «өкінішке қарай». И неверно говорить: «домбырада ойнайды», надо: «домбыра тартады».

\*\*\*

Много лет назад, на одном из собраний в Союзе писателей Казахстана, Акселеу Сейдимбеков обратил мое внимание на то, какие глаголы употребляют казахи при смене времен года.

**Қыс келді. Зима пришла.  
Көктем туды. Весна родилась.  
Жаз шықты. Лето вышло, наступило.  
Күз түсті. Осень упала, свалилась.**

Менять глаголы, по мнению Акселеу, неверно, безграмотно. И если, случается, говорят «көктем келді» (весна пришла), то это от глухоты к чуткой природе языка: весна не приходит, она рождается, а осень не рождается, а сваливается, обрушивается на голову, падает.

Любопытно, не правда ли?

Иные казахские глаголы однозначно и однословно на русский язык никак не переводятся. Вот, например, широко распространенный глагол «қаңтару». Вот что точно это означает: «привязать поводья к передней луке седла». Вот и спотыкаешься каждый раз при переводе на русский язык об этом «қаңтару».

\*\*\*

Давным-давно, еще в свои студенческие годы, Абдижамил Нурпеисов раздобыл в Книжной палате «Русско-киргизский словарь» проф. М.Машанова, изданный в 1899 году в Оренбурге.

Сөздік жөнді (қызық, өнегелі мағынасында). Профессор Машановтың қазақ тілінің қырсырын керемет сезінетіні, оның байлығын меңгергені бірден білінеді, әр орыс сөзіне тұтас түсініктемелердің синонимдік қатарын шебер берген. Нұрпейісов ерінбей, сөздіктен – өз қалауынша – бірнеше жүз сөзді көшіріп жазған екен, көп жыл өткен соң сол тозығы жеткен дәптерін маған ұсынды. Қазір мен оны жиі рахаттана ақтарып отырамын. Машанов мен көп жағдайда басқа сөздіктерде мүлде кездестірмеген сөздерді келтіреді.

*Напролом — бұза-жара*

*Напраслина — нақақтан, ақтанақ күйдіру, жала.*

*Негодник, негодница — мұндар*

*Задарить — сый-сыя.*

*Закваска — ашыртқы, ұйтқы, іріткі, қор, қораба.*

*Костоправ — оташы, сынықшы.*

*Общество — қауым, жамағат, жұртшылық, халайық.*

*Ось — белдік, белағаш, кіндік.*

*Мыслитель — ойшыл, ойгер, білімпаз, білгір, зиялы, оқымысты, ғалым, дана, данышпан, кемеңгер, ақылман.*

*Құралай — киік лағы, ауыспалы мағынада —10 мамыр шамасындаы болатын желді, жауынды кезең.*

*Приварок — көжеқатық.*

*Полба — борай бидай.*

*Отава — шежік, шиін.*

*Жәдігәй — қуақы, сұрқия, көлгір, екіжүзді және тағы басқа.*

Әр сөзге келтірілген синонимдерге зер салыңыз. Заманауи тілде оларды кездестіре бермейсің, демек, сөздік қордың азайып, жұтаңдап, кедейленгені анық.

\*\*\*

Осы орайда профессор М. Машанов «Орыс-қырғыз сөздігінде» «вид» сөзіне келесі синонимдік қатарды келтіреді:

Словарь весьма толковый (в смысле: интересный, поучительный). Сразу видно, что проф. Машанов великолепно чувствовал тонкости казахского языка, владел его богатством, умело выстраивал к каждому русскому слову целый синонимический ряд объяснений. Нурпейсов не поленился, переписал из словаря — на свой выбор — несколько сот слов и много лет спустя передал эту изрядно потрепанную тетрадку мне. И теперь я ее нередко листаю с большим восхищением. Машанов приводит слова, которых я в других словарях чаще всего вообще не встречал.

*Напролом — бұза-жара*

*Напраслина — нақақтан, ақтанақ күйдіру, жала.*

*Негодник, негодница — мұндар*

*Задарить — сый-сыя.*

*Закваска — ашыртқы, ұйтқы, іріткі, қор, қораба.*

*Костоправ — оташы, сынықшы.*

*Общество — қауым, жамағат, жұртшылық, халайық.*

*Ось — белдік, белағаш, кіндік.*

*Мыслитель — ойшыл, ойгер, білімпаз, білгір, зиялы, оқымысты, ғалым, дана, данышпан, кемеңгер, ақылман.*

*Құралай — киік лағы, в переносном смысле — ветреное, дождливое время около 10-го мая.*

*Приварок — көжеқатық.*

*Полба — борай бидай.*

*Отава — шежік, шиін.*

*Жәдігәй — притвора, лицедей, ханжа, лицемер. И т.д.*

Обратите внимание на синонимы к каждому слову. В современном языке их не всегда встретишь. То есть, произошло явное сужение, оскудение, обеднение лексики.

\*\*\*

К слову «вид» профессор М. Машанов в своем «Русско-киргизском словаре» приводит следующий синонимический ряд:

тұр, кескін, сынық, сымбат, тұрпат, келбет, нобай, нұсқа, көрік, әлпет, шырай, рең, тұлға, ұсқын, айбар, пыс, кейіп, сұрық, ажар, мүсін, пішін, бейне, сын, өң, көрініс. Және «орыстың «вид» ұғымына сәйкес келетін синонимдік қатардың компоненттерінің толық емес тізімі» деп қосады.

Қалай екен?! Бір ғана «вид» ұғымына 25 қазақ синонимі берілген және бұл тізім толық емес! Осыдан кейін қазақ тілінің кедейлігі туралы айтады! Жазбалар жинағының алғы сөзінде атап кеткен Мищенко-Тищенко-Нищенко жолдас-мырзаларға сәлем айтыңыз!

\* \* \*

Адам өмірі кезеңдерін жүйелеуде қазақ тілі талғамдылығының тағы бір айғағы жатыр.

Жаңа туылған бала – нәресте,

бір жастан жеті жасқа дейін – сәби,  
Бір-екі жас аралығындағы қыз бала – бөпе,  
осы жастағы ұл бала – бөбек,  
Екі жастан үш жасқа дейінгі ұл бала –  
бүлдіршін,  
үш жастан бес жасқа дейін – балдырған,  
Сегіз жастан он екі жасқа дейін – ойын баласы,  
он екі жастан он бес жасқа дейін – сығыр,  
Он бес жастан он алты жасқа дейін – ересек  
бала,  
он алты жастан он тоғыз жасқа дейін –  
бозбала, он тоғыздан отызға дейін – жасжігіт,  
ал отыз жастан қырыққа дейінгі ер-азаматты  
–күржігіт.  
Қырықтан елу жасқа дейін – ер түлегі.  
Елуден алпыс жасқа дейін – жігіт ағасы.

Ендеше, тіл иелері мен өзге тіл білгірлерін осы ұғымдардың парапар нұсқаларын табуға шақырамын.

Қазақтарда «бие сауым» деген уақыт өлшем бірлігі бар. Биені сауғаннан келесі сауынға дейінгі уақыт мөлшері. Сиыр немесе ешкі сауынын айқындайтын сөз қазақтарда жоқ. «Сиыр сауым» немесе «ешкі сауым» деген ұғым жоқ.

тұр, кескін, сынық, сымбат, тұрпат, келбет, нобай, нұсқа, көрік, әлпет, шырай, рең, тұлға, ұсқын, айбар, пыс, кейіп, сұрық, ажар, мүсін, пішін, бейне, сын, өң, көрініс. И добавляет: «вот неполный перечень компонентов того синонимического ряда, который соответствует русскому понятию «вид».

Каково?! 25 казахских синонимов к одному «виду» и это еще неполный перечень! И после этого говорят о бедности казахского языка! Привет господину-товарищу Мищенко-Тищенко-Нищенко, которого я помянул в предисловии к циклу заметок!

\* \* \*

Еще одно доказательство о разборчивости казахского языка в классификации периодов человеческой жизни.

Только что родившийся ребенок называется — нәресте,  
От одного года до семи лет – сәби,  
Девочка между годом и двумя годами – бөпе,  
Мальчик такого же возраста — бөбек,  
Мальчик в возрасте от двух до трех лет —  
бүлдіршін,  
От трех до пяти лет — балдырған,  
От восьми до двенадцати лет — ойын баласы,  
От двенадцати до пятнадцати лет — сығыр,  
От пятнадцати до шестнадцати лет — ересек  
бала,  
От шестнадцати до девятнадцати лет —  
бозбала,  
От двадцати до тридцати лет — жасжігіт,  
Мужчина в возрасте от тридцати до сорока лет  
—күржігіт,  
От сорока до пятидесяти лет — ер түлегі,  
От пятидесяти до шестидесяти лет — жігіт  
ағасы.

Теперь предлагаю носителям и знатокам других языков подыскать к этим понятиям соответствующие адекваты и аналоги.

У казахов есть единица измерения времени — «бие сауым». Отрезок времени - от дойки до следующий дойки кобылицы. А вот время, от дойки до дойки коровы или козы, обозначения у казахов не имеет. Нет таких понятий, как «сиыр сауым» или «ешкі сауым».

Тағы бір мағыналы, құлаққа жағымды, әдемі қазақ сөзі - «Айналайын». Ондағы бояудың алуандығын айтсаңызшы, еміренген еркелетуден білінер-білінбес жазғыруға дейін, тіпті кекесін күлкіге дейін бар. Толассыз сезімдер үйлесімі! Әдетте берілетін аудармалар: «милый (ая)», «дорогой (ая)», «хороший (ая)» т.б. Бірақ осының барлығы жұмсақ, жағымды, нәзік «айналайынның» көлеңкесі ғана.

Олжас Сүлейменов бұрын өзінің танымал «Айналайын» өлеңіне түсіндірме берген:

«Обращение к дорогому человеку – айналайын.

«Кружусь вокруг тебя» – жолма-жол аударма.

«Принимаю твои болезни» және «Любовь моя» – мағыналық аударма».

Шын мәнінде: бір тілдің сөзі екінші тіл сөзінің мағынасын толық қамти алмайды.

Богатое, звучное, красивое казахское слово «Айналайын». Сколько в нем оттенков, от умиленной ласки до легкого укора и даже до язвительной насмешки. Бесконечная гамма чувств! Переводят обычно: «милый (ая)», «дорогой (ая)», «хороший (ая)» и т.д. Но все это лишь бледная тень мягкого, звучного, нежного «айналайын».

Олжас Сулейменов своему известному стихотворению «Айналайын» предпослал объяснение:

«Обращение к дорогому человеку — айналайын.

«Кружусь вокруг тебя» — подстрочный перевод.

«Принимаю твои болезни» и «Любовь моя» — смысловые переводы».

Поистине: слово одного языка не покрывает слова другого.

## V

Сөз қадірін білмеген өз қадірін білмейді

*Қазақ мақалы*

Берлиннен келген таныс журналист Вольфганг Сабат неміс тілінде мағыналық аналогы жоқ қазақ тілінен, тым құрығанда, бір мысал келтіруімді өтінген болатын. Оның көздері көзілдірігінің астынан тесіле сынай, бал-бұл жайнайды. Ол көшпелі халықта дамыған еуропалық тілдерде сәйкес мағынаға ие сөздің табылмайтынына сенімді.

Мен оған киіз үйдің бөлшектеріне қатысты сөздерді атаймын: кереге, шаңырақ, уық, түндік, туырлық, үзік, басқұр, бақан, уықбау және тағы басқалар – таза этнографиялық, материалдық-тұрмыстық ұғымдардың жүздегені. Жазушы, ғалым Акселеу Сейдімбеков киіз үйді сипаттауға керемет тарихи-этнографиялық очеркін арнаған, онда талай арнайы терминдерді келтірген деймін.

Ал этнограф-тарихшы А.С. Мұқановтың «Қазақ киіз үйі» деген үлкен еңбегі бар. Онда киіз үйге қатысты ұғым-сөздердің қаншасы бар десеңші! Олардың ешқайсысының не орыс тілінде, не неміс тілінде, не басқа еуропалық тілде де мағынасы жағынан сәйкес сөз жоқ.

Негізінен киіз үйдің де бірнеше түрі болады: жолама үй (походная), сосын – абылайша, және – қос, шайла, күрке...

Жә, киіз үй – түсінікті, – деп Вольфганг жеңілгісі келмейді. – Бұл көшпелі халыққа тән нәрсе. Немістер көшпелі емес қой. Оларға киіз үйдің қажеті жоқ. Басқа мысал келтір.

–Қане, мысалға, бүркітті алайық.

–Қалай, қалай? Бүркіт? Вас ист дас?

–Ой, саған қалай айтсам екен? Құс, жартқыш, қыран. Адлер.

–Ах, зоо? Адлер, альзо! Содан?

## V

Кто слов не ценит, сам себя не ценит.

*Казахская поговорка*

Знакомый журналист из Берлина Вольфганг Сабат просит меня привести хоть один пример из казахского языка, который не имел бы аналога в немецком языке. Глаза его победно, испытующе поблескивают из-за стекол очков. Он уверен, что не может быть такого слова у номадов, которому не нашлось бы адекватата в развитых европейских языках.

Я ему рассказываю о деталях юрты, выкладываю слова: кереге, шаңырақ, уық, түндік, туырлық, үзік, басқұр, бақан, уықбау и т.д. — добрая сотня сугубо этнографических, материально-бытовых понятий. Говорю, что писатель, ученый Акселеу Сейдимбеков посвятил описанию юрты блистательный историко-этнографический очерк, упомянув огромное число специальных терминов.

А у историка-этнографа А.С. Муканова есть основательный труд «Казахская юрта». И сколько там юрточных слов-понятий! И ни одно из них не имеет адекватата ни в русском, ни в немецком, ни в других европейских языках.

А ведь и юрт бывает несколько: походная (жолама уй), то же — аблайша, еще — қос, шайла, күрке...

Ну, юрта — понятно, — не сдаётся Вольфганг. — Это нечто типичное для кочевников. Немцы ведь не кочевники. Им юрта не нужна. Ты приведи другой пример.

–Ну, возьмем, к примеру, беркута.

–Как, как? Беркут? Вас ист дас?

–Ну, как бы тебе сказать? Птица, хищник, орел. Адлер.

–Ах, зоо? Адлер, альзо! Ну и что?

Тұра тұр. Мен киіз туралы бәрін айтып болған жоқпын. «Киіз үй» тақырыбына түрлі киізден жасалған түрлі заттарды, тоқымалы бұйымдарды, оюлы ши тоқымаларды, жарға ілінетін кілемдерді, кестелерді, ағаштан ойылып өрнектелген, сүйектен оюланған, қолмен өрнектелген тұрмыстық керек-жарақтарды жатқызуға болады және тағысын тағы.

–Жарайды. Киіз үймен сен мені жеңдің делік.

Адлерге ... қалай деп ең... бүркітке көшейік.

Міне қалай, сол бүркітің төрттомдық «Орыс тілі сөздігінде» де, «Орыс-неміс сөздігінде» де кездеспейтінінен басталық. Жоқ, бітті! Ал бүркіт қазақ фольклорында қалай жырланған! Оның қанша түрі бар! Аңшы-бүркітшілердің өздері қолданатын қаншама термин сөздер бар! Түрлі жастағы бүркіттерге арналған қанша сөз бар!

–Ал сен соларды білесің бе?

– Бірдеңе білемін. Біздің ауылда Әбілмәжин деген бүркітші қарт болған. Ол біздерді, ауыл тентектерінің көзін ашты. Ал кейбір нәрселерді ақын Қадыр Мырза Әлі баяндамаларынан оқып білдім.

– Интерессанти! Мысал келтір!

–Мінекей. Бір жастағы бүркіт қазақтарда балапан құс деп аталады. Екі жастағысы - қан түбіт. Үш жастағы – тірнек. Төрт жастағы – тас түлек. Бес жастағы – мұзбалақ. алты жастағы – көк түбіт. Он жастағы – барқын. Он бір жастағы – баршын. Он екі жастағы – шөгел.

–Бұл сөздерді барлық қазақ біле ме? – деп сұрайды Вольфганг.

–Барлығы, жоқ, білмейтін шығар. Маңыздысы – бұл сөздер қазақ тілінде бар. Ал еуропалық тілдерде жоқ. «Үш жастағы адлер», «бес жастағы адлер» және т.б. деп айтуға тура келеді.

Подожди. Я еще о юрте не все сказал. К теме «Юрта» можно отнести и различные предметы из войлока, тканые изделия, узорчатые циновки, настенные ковры, вышивки, домашнюю утварь, отделанная резьбой по дереву, инкрустацией костью, росписью и т.д.

- Ладно. С юртой, допустим, ты меня сразил.

Перейдем к адлеру... как ты сказал... к беркуту.

Так вот, начнем с того, что этот самый беркут не встречается ни в четырехтомном академическом «Словарь русского языка», ни в «Русско-немецком словаре». Нет и все! А как воспет беркут в казахском фольклоре! Сколько его разновидностей! Сколько специальных слов-терминов у беркутчи — охотников с беркутом! Сколько слов для беркута разных возрастов!

–И ты это знаешь?

– Кое-что знаю. Был в нашем ауле беркутчи — старик Абилямжын. Он нас, аульных шалопаев, просветил. А кое-что вызнал из доклада поэта Кадыра Мырза-Али.

–Интерессанти! Давай примеры!

–Пожалуйста. Годовальный беркут называется у казахов балапан құс. Двухлетний - қан түбүт. Трехлетний — тірнек. Четырехлетний — тас түлек. Пятилетний — мұзбалақ. Шестилетний — көк түбіт. Десятилетний — барқын. Одиннадцатилетний — баршын. Двенадцатилетний – шөгел.

–И все казахи знают эти слова? — любопытствует Вольфганг.

–Все, наверняка, нет. Но важно, что эти понятия в казахском языке существуют. А в европейских языках их нет. Придется говорить: «трехлетний адлер», «адлер по пятому году» и т.д.

# ҚАЗАҚ СӨЗІ

–Бірақ бұған қарсы мысал келтіруге болады ғой, – деп неміс журналисі қояр емес. – Еуропалық тілде бар, ал қазақ тілінде – жоқ.

–Әрине, – деп келісемін мен. – Қазақ тілінде, мысалы, «презерватив» деген ұғым жоқ. Далалықтар бұны қолданған емес. Сипаттамалық аудармаға жүгінуге тура келеді: мүшеқап.

Екеуміз де қарқылдап күлеміз.

–Но ведь можно привести и обратные примеры, — настаивает германский журналист. — В европейских языках есть, а в казахском — нет.

–Конечно, — соглашаюсь я. - В казахском языке нет, например, понятия презерватив. Ну, не пользовались степняки этой штучкой. Приходится прибегнуть к описательному переводу: мешочек для мужского полового органа.

Мы оба хохочем.



Қазақтардың дәм татқызуы – оңай шаруа емес. Бешбармақ – табақта буы бұрқырап, үйіліп салынған жай ғана ет емес. Білмеген адамға осылай көрінетіні анық.

Әбіш Кекілбаевтың «Бір шоқ жиде» повесінен үзінді келтіріп, онымен бірге қойдың тұтас еті мүшелерінің атауларын тырнақшаға алып көрсетейін.

«Білмейтіні жоқ қарттар, ессіз балаларға олар атқа отырып және сыйлы қонақтарға ет табақты ұсынып үйренген кезден бастап-ақ, олардың санасына туыстық байланыстың киелілігін сіңірген ата салтты ұстанушы қырағы күзеттер үнемі айтатын: «Біржола естеріңе сақтап алыңдар: табақ тартқанда сыйлы қонаққа жамбас сүйекті ұсынады.

Одан кейін құндысы жауырын болып саналады. Содан кейін – кәрі жілік, сосын тоқпан жілік, одан барып – асық жілік.

Үйітілген және пісірілген қойдың басы бірінші, бас табаққа салынады. Құйрық май мен бауыр тілімделіп кесіледі де, барлық табақтарға тең бөліп салынады. Алғашқы төрт табаққа олардың үстіне етімен бірге он сүбе қабырға салынып, оның алтауы екі жауырынның астына салынады, ал төртеуі – жіліншік сүйекке. Қалған алты бөлігіне екі-екі бұғана қабырғадан салған жөн. Төс (төстік) күйеу баланың сыбағасы болса, құйымшақ – қыздікі, көтен мойын – бақташыға, ішек-қарын, бүйрек, сирақ – әйелдерге, үй қызметкерлеріне, балаларға беріледі...»

Осыдан, далалықтардың табақ тартуы да жатқан бір ғылым. Бастысы – қаншама сөз, атаулар, белгілер!

Угощение у казахов — сложный ритуал. Бешбармак — это не просто гора мяса, дымящегося на подносе-табаке. Так это кажется лишь несведущему человеку.

Приведу отрывок из повести «Купы джиды» Абиша Кекилбаева, попутно указав в скобках казахские названия частей бараньей туши.

«Всеведущие старики, зоркие стражи дедовских обычаев, внушавшие несмышленным мальцам святость родственных уз с той самой поры, как они научились сидеть на коне и подавать гостям блюдо с мясом, неизменно твердили: «Запомните раз и навсегда: при угощении самому почетному гостю преподносят тазовую кость (по-казахски: жамбас).

Затем наиболее ценным считается лопатка (жауырын). Потом следует лучевая кость (кәрі жілік), потом — берцовая кость (тоқпан жілік), потом — асық жілік.

Опаленную и сваренную баранью голову (бас) кладут на первый, главный поднос. Курдючное сало (құйрық май) и печень (бауыр) нарезают тонкими ломтями и распределяют по всем подносам. Десять ребрышек (сүбе қабырға) вместе с мясом на них кладут на первые четыре подноса, при этом шесть подкладывают к двум лопаткам, а четыре — к двум берцовым костям. К остальным восьми частям следует добавить по два ребрышка у ключицы (бұғана қабырға). Грудинка (төстік) полагается зятю, крестец (құйымшақ) — девушке, шейный позвонок (көтен-мойын) — пастуху, требуха (ішек-қарын), почки (бүйрек), голень (сирақ) — женам, служанкам, детям...»

Выходит, непростая наука у степняков — угощение. А главное — сколько слов, наименований, обозначений!



Қымыз туралы да шамамен осылай деуге болады. Қымыз бие сүтінен жасалатын сусын ғана емес. Оның түрлі дайындау жолы бар: ашытады, түрлі теріден жаслған бәрдектерде сақтайды, ол бап, күй таңдайтын сусын, оның да ондаған түрі бар. Кімге қызық болса – Дүкенбай Досжанның «Қымыз» атты тамаша лирикалы-этнографиялық әңгімесін оқуды ұсынамын. Аталмыш әңгіме көптеген тілдерге аударылған.

Қымызды өмірдің сан түрлі жағдайларына арнап жасай білу керек. Кімге және не үшін дайындайтыныңды білу керек: батырға, ғашыққа немесе бақташы-шалғышыға арнап. Тойға немесе азаға. Шөл қандыру үшін немесе ас талғағыштар ләззат алып, рахаттана ішу үшін. Қандай, қай биенің сүтінен екенін білу керек.

Д. Досжан әңгімесінде жас қазақ қымыз дайындаудың шеберінен мынаны сұрайды:

**«Сіз жуас, кәрі биені неге сауған жоқсыз?»**

**«Кәрі биенің сүті тез ашиды, мұндай қымыздың бар қуаты бетінде, қаймағы сияқты. Ал жас биенің сүтінен дайындалған қымыздың нағыз дәмі мен күші үшінші күні ғана шығады. Міне сол ем болатын. Бие қандай болса, қымызы да сондай болмақ. Жас биенің қымызынан – адам жасара түсетіндей».**

Қымыз дайындау – үлкен іс.

**«Киіз үй іші тып-тыныш. Торсықтағы сүттің өзі де бүлк-бүлк етуін қойғандай. Ақ тәте торсықты тізесінің үстінде ұзақ шайқағаны сонша, тіпті көзі іліне бастағанын байқадым. Сосын, есін жиып, оюлы текемет киіздің шетін көтеріп, торсықты сыз жер, сарғайған шөптің үстіне қойып, жақсылап жауып қойды. Қымыз осылай сақталуға тиіс еді, пісіп жетілуге – үсті жылы ұсталып, асты жердің салқын сызымен салқындауға тиіс».**

Примерно тоже можно сказать и о кумысе. Кумыс — не просто напиток из кобыльего молока. Его готовят по-разному, заквашивают, выдерживают в разных кожаных бурдюках, напиток капризный, привередливый, и видов его не один десяток. Кто интересуется — рекомендую прочесть дивный, лирико-этнографический рассказ «Кумыс» Дукенбая Досжана. Рассказ этот переведен на многие языки мира.

Кумыс надо уметь готовить на все случаи жизни. Надо знать, для кого и чего готовишь: для батыра, для влюбленного или косаря-пастуха. На свадьбу или для поминок. Для утоления жажды или для наслаждения, удовольствия гурманов. Знать, из какого молока, от какой кобылицы.

В рассказе Д. Досжана молодой казах спрашивает у мастерицы-кумысницы:

**«А почему вы не доили смирных, старых кобылиц?»**

**«У старых молоко закисает скорее, и вся сила у такого кумыса наверху, вроде бы в сливках. А кумыс из молока молодых кобылиц обретает настоящий вкус и силу только на третьи сутки. Он и есть самый целебный. Какая кобылица — такой и кумыс. Если от молодой кобылицы — человек словно молодеет».**

Готовить кумыс — священнодействие.

**«Тихо стало в юрте. Даже молоко в турсуке не булькало. Ак-тате качала турсук на коленях так долго, что, я видел, начала уже задремывать. Потом, очнувшись, приподняла угол текемета-кошмы с узорами, положила турсук на сырую землю, на пожелтевшую редкую траву и тщательно укрыла сверху. Кумыс так и должен был выдерживаться, дозревать — согреваться сверху и охлаждаться земляной сыростью снизу».**

Қымызды қандай ыдыспен ішу керек? Бұл да салт.

*«Қымыз адамына қарай түрлі ыдыспен ұсынылады, бұл бұрыннан келе жатырған әдет. Қарапайым адамға – кесемен. Құдайы қонақтарға, жолаушыларға да – солай. Қомағайлар мен саудагерлерге үлкен ағаш аяқ – тостаққа құйылады. Себебі оларға керегі - мес қарындарын толтыру. Ал қадірлі достарға әшекейленіп жазылған көлемі орташа зерендермен беріледі. Расында, зерендер де әр түрлі болады. Мына біреу өрік ағашынан ойылған және оны атақты шебер Ақәділ алтынмен әшекейлеген. Ғашықтарға қымызды әсем пішінді көземен – кішкентай тар мойынды, шеті алтынмен апталған ыдыспен береді. Күміспен көмкерілген көзеден ақын-әншілер, беттері арық келген кербездер – серілер ішкен. Батырлар мен балуандарға, әдетте, қымызды мойны биік құмыраларға құйып әкелетін».*

Этнография этнографиясымен, ал әр этнографиялық бейнелеудің артында үлкен тілдік қордың байлығы жатыр.

А из какой посуды следует пить кумыс? Тоже ритуал.

*«Уж так издавна повелось, что разным людям подают кумыс в разной посуде. Простому человеку — в кесе. Случайным гостям, путникам — тоже. Обжорам и торгашам наливают в большую деревянную чашу — тостақ. Ведь для них главное - залить толстое брюхо. А вот дорогим друзьям подают в расписанных, средней величины чашах — зеренах. Правда, и зерены бывают разные. Вот этот выточил из урючины и расписал золотом знаменитый мастер Акадиль. Влюбленным предлагают кумыс в изящных көзе — маленьком узкогорлом сосуде с золотыми каемками. Из отделанных серебром көзе пили акыны-певцы, тонколицые щеголи - сері. Батырам и борцам-палуанам обычно подносили кумыс в высоких кувшинах».*

Этнография — этнографией, но за каждым этнографическим описанием стоит огромное лексическое богатство.



Қазақ қару-жарақтары мен сауыт-саймандарының атауларын естеріңізге сала кетейін. Лексикалық алуан түрлілікті айғақтайтын танымды материал екені шүбәсіз.

- 1.Сауыт түрлері: бадана, берен, жалаңқат, зере сауыт, көбе, кіреуке, қаттама, торғауыт.
- 2.Дулығалар: бетбейнелі дулыға, көбе дулыға, қаттама дулыға, құрама дулыға, темір қалпақ, темір телпек.
- 3.Жеңіл қорғаныш сауыттар (кежім): бөреңгілі кежім, зере кежім, көбеккежім, қаттама кежім, қияқ кежім.
- 4.Атыс қаруы: мылтық (білтелі мылтық), садақ (лук).
- 5.Кескіш қару: алдаспан, қылыш, сапы, семсер.
- 6.Қадалғыш қару: найза, сүңгі.
- 7.Шапқыш қару: айбалта, селебе.
8. Ұрғыш қару - шоқпар, сойыл.
- 9.Қазақ қамшылары: құмшы, дойыр, дырау, дода.

Әрине, осы түрлердің барлығының орысша нұсқасы бар. Және, әлбетте, басым бөлігі қазіргі уақытта қолданыстан шыққан.

Тағы бір ұлттық ерекшелік. Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романынан мысал келтіріп кетейін:

- «Осы күні күйеуің қайда?»**  
**«Қызметпен басқа қалаға кетіп еді. Екі ай болды. Хабар жоқ.»**  
**«Бала көтердің бе?»**  
**«Бір бала түсік түсті. Біреуін қолдан өлтірдік...»**  
**«Күйеуіңнің аты кім?»**  
**«Обал ғой: қалай атайын?»**  
**«Оның обалы жоқ, бауырым. Жәй сөз. Айта бер.**  
**«Ана аттың мойнына салатын имек ағаш.»**
- «Қамыт па?»**  
**«Жоқ одан жоғарылауы.»**  
**«Доға ма?»**  
**«Е, сол, сол.»**  
**«Аты да бір түрлі екен!»**

Напомню казахские названия оружия и доспехов. Несомненно, поучительный материал, свидетельствующий о лексическом многообразии.

- 1.Виды кольчуг: бадана, берен, жалаңқат, зере сауыт, көбе, кіреуке, қаттама, торғауыт.
- 2.Шлемы: бетбейнелі дулыға, көбе дулыға, қаттама дулыға, құрама дулыға, темір қалпақ, темір телпек.
- 3.Легкие защитные панцири (кежім): бөреңгілі кежім, зере кежім, көбеккежім, қаттама кежім, қияқ кежім.
- 4.Оружия стрельбы: мылтық (фитильное ружье), садақ (лук).
- 5.Режущее оружие: алдаспан, қылыш, сапы, семсер.
- 6.Колющее оружие: найза, сүңгі.
- 7.Секущее оружие: айбалта, селебе.
- 8.Бьющее оружие: шоқпар, сойыл.
- 9.Казахские нагайки: құмшы, дойыр, дырау, дода.

Разумеется, все эти виды имеют русский адекват. И, разумеется, большинство ныне вышли из активного употребления.

Еще одна национальная особенность. Приведу сцену из романа Жусупбека Аймаутова «Ақбшек»:

- «Ну, а где сейчас твой муж?»**  
**«По службе перевелся в другой город. Уже два месяца, как нет от него вестей.»**  
**«Детей от него рожала?»**  
**«Был выкидыш. Один ребенок умер по нашей вине.»**  
**«Как зовут мужа?»**  
**«Грех ведь. Как скажу?»**  
**«Какой грех, милая? Предрассудки все. Назови смелее!»**  
**«Имя его — то, что надевают на шею коня.»**  
**«Хомут, что ли?»**  
**«Нет, то, что выше.»**  
**«Дуга?»**  
**«Да, оно самое.»**  
**«Ну, и наградили имечком!»**

Міне, әңгіме осылай өрбіді. Әңгіме мынада – ескі салт бойынша қазақ әйелі күйеуінің, қайнаға-қайныларының, қайын атасының аттарын атай алмайды. Бұл көргенсіздік, ұят, күнә. Күйеуге шыққан соң, қазақ әйеліне барлық қайнаға-қайныларын суреттеп, еркелете, құрметтейтін лақап ат ойлап табуына тура келеді: Күйеуін отағасы, ошақ басы немесе ұлымның әкесі, қызымның әкесі немесе басқалай атайды. Бірақ ешқашан атын атамайды.

Рас, қазір бұл тәртіп сонша қатал сақталмайды. Қала жағдайында мүлде сақталмайды.

Көбі қазақтың жалғыз ұлттық аспабы домбыра деп ойлайды. Өйстіп қорлайтын жолдар да бар: «Одна палка – два струна, мұның аты – домбыра» (Тараз бен Шымкентте өзім естігем). Бұл кең тараған бос сөздердің бірі. Қазақта ұлттық аспаптың сан түрі бар: домбыра (түрлері көп – қос ішекті, үш ішекті, кең шанақты, екіжақты, қуыс мойын, шіңкілдектер), уілдек, сазген, желбуаз, желқобыз, даңғыра, дабыл, дауылпаз, шындауыл, керней, дулыға, дүңгіршек, тоқылдақ, асатаяқ, адырна, шартылдауық, сақпан, сырнай, кепшік, жетіген, бұғышақ, шың, шаңқобыз, ауызсырнай, қамыссырнай. (Жәнібеков У. «Эхо». 248 бетті қараңыз).

Көне музыкалық ұлттық аспаптардың сипаттамасын А. Левшин, Ш. Уалиханов, И. Георге, Г. Потанин, С. Рыбаков, Р. Сазонов еңбектерінен таба аласыз.

\* \* \*

Таза қазақ тілі қолдан тоқылған кілемдегі сан-алуан өрнек іспеттес. Қазақ тура, қарабайыр, бұлыңғыр түсінікпен сөйлеп, бірмәнді, төтесінен айтқаннан, ол эмоционалды реңкті, қатпарлы, мәнерлеп сөйлегенді дұрысырақ көреді. Мұхтар Әуезовтың «Абай жолында» оқимыз: «Көне ақсақалдар салты бойынша, әке өзгеше, тұспалдап, қаршыға сынды көздеген мақсатын айналшықтап жүреді».

Такой вот разговор. А все дело в том, что по стародавнему обычаю казашка не имеет права называть по имени мужа, деверя, свекра. Это неприлично, предосудительно, грешно. Выйдя замуж, казашка вынуждена всех деверей называть описательно, придумывая ласковые, почтительные прозвища. Мужа она называет: «Хозяин этого дома», «человек этого очага» или «отец моего сыночка», «моей доченьки», или еще как-нибудь. Но ни в коем случае по имени.

Правда, сейчас эти правила далеко не столь строги. А в городских условиях и вовсе не соблюдаются.

Многие полагают, что единственный казахский народный инструмент — домбра. Существуют уничижительные строки: «Одна палка - два струна, мұның аты -домбыра» (Сам слышал в Таразе и Шымкенте). Это одна из распространенных глупостей. Музыкальных инструментов у казахов множество: домбыра (много видов — двуструнные, трехструнные, ширококорпусные, двухсторонние, с полым грифом, шинкильдеки), уілдек, сазген, желбуаз, желқобыз, даңғыра, дабыл, дауылпаз, шындауыл, керней, дулыға, дүңгіршек, тоқылдақ, асатаяқ, адырна, шартылдауық, сақпан, сырнай, кепшік, жетіген, бұғышақ, шың, шаңқобыз, ауызсырнай, қамыссырнай. (См. Джанибеков У. «Эхо». С. 248).

Описание старинных музыкальных инструментов можно найти в трудах А. Левшина, Ч. Валиханова, И. Георги, Г. Потанина, С. Рыбакова, Р. Сазонова.

\* \* \*

Истинно казахская речь похожа на причудливые узоры на домотканном ковре. Казах не говорит прямо, плоско, серыми ремарками, однозначно, в лоб, он предпочитает речь эмоционально окрашенную, многослойную, витиеватую. В «Пути Абая» Мухтара Ауэзова читаем: «По старому обычаю аксакалов, отец говорит иносказательно, намеками и кружит над целью своей речи, как ястреб».

Қалай дәл тауып айтқан.

«Абай Жолы» кейіпкерлерінің ауызекі тіліндегі бейнелілікке құлақ салыңыз:

**"Ел аузына қақпақ болып көрші. Бірақ ол қолыңнан келмейді. Ендеше, не ер бол да, ақта! Немесе илан да жазала! Тек, жарықтығым, дүмбілезінді көрсетпе, былқыл-сылқылыңды аулақ әкет".**

Қайсар, серпімді, қуатты.

Ал орыс тілінде ол осылай суреттелген:

**«Попробуй заткнуть рот всему народу! В силах ты сделать это? Так будь решительным до конца: осмелюсь оправдать его. Или оправдай, или осуди! Только, дорогой мой, не топчись на месте!»**

Ресми, мүмкін, шамалас та шығар. Бірақ түпнұсқасындағы ырғақтылық, динамизм, сөз құрылымы жоқ.

Қазақ сөздегі «ерекше бір дәмді», өзіндік жұмбақтылықты жақсы көреді.

Алдар көсе туралы ертегіден мысал келтірейін. Хан мен Алдар арасындағы осы диалог естеріңізде ме?:

**«Төбені қашан қар басты?»**

**«Ширек ғасыр болды».**

**«Екеуі әлі бар ма?»**

**«Қазір үшеуі бар».**

**«Алысың қалай?»**

**«Алысым жақын».**

**«Жақының қалай?»**

**«Жақыным алыс».**

**«Қырықтан біреуден аласың ба?»**

**«Сіз қаласаңыз».**

**«Онда алдын ала алыңдар».**

**«Сосын да ала алам. Алдамайды деп үміттенем, тақсыр».**

Очень тонко подмечено.

Вслушайтесь в экспрессию устной речи героев «Пути Абая»:

**"Ел аузына қақпақ болып көрші. Бірақ ол қолыңнан келмейді. Ендеше, не ер бол да, ақта! Немесе илан да жазала! Тек, жарықтығым, дүмбілезінді көрсетпе, былқыл-сылқылыңды аулақ әкет".**

Напористо, упруго, энергично.

А в русском переводе это воспроизведено так:

**«Попробуй заткнуть рот всему народу! В силах ты сделать это? Так будь решительным до конца: осмелюсь оправдать его. Или оправдай, или осуди! Только, дорогой мой, не топчись на месте!»**

Формально, может, и близко. Но нет ритмичности, динамизма, строя речи, характерных для оригинала.

Казах любит, чтобы в речи была «изюминка», некая загадочность.

Проиллюстрирую сказанное примером из сказки об Алдаре-косе. Помните, между ханом и Обманщиком состоялся такой диалог:

**«С каких пор холм покрылся снегом?»**

**«Пожалуй, с четверть века».**

**«Двумя еще владеете?»**

**«Владею ныне тремя».**

**«Как относитесь к дали?»**

**«Даль мне близка».**

**«Как относитесь к ближнему?»**

**«Ближнее мне далеко».**

**«С сорока возьмете по одной?»**

**«Если на то будет ваша воля».**

**«Тогда берите заранее».**

**«Могу взять и потом. Надеюсь, не обманут, мой повелитель».**

Нөкерлері әңгімені еш түсінбей, Алдардан түсіндіріп беруді сұрады. Сонда Алдар:

**«Басында хан сұрады: «Төбені қашан қар басты?» деп сұрады. Бұл: «Шашыңа ақ түскелі көп болды ма?» дегенді білдіреді. Мен: «Мен ширек ғасыр болды» дедім. Сосын Мен «Үшеуім бар», яғни, «таяққа сүйеніп жүремін» дегенім. «Алысқа қалай қарайсың?» – деп сұрады хан. Мағынасы: «Алыстан жақсы көресің бе?» деген. Мен: «Жақының қалай?», яғни, «Жақыннан қалай көресің?» деген. Мен: «Жақыным алыс» дедім. «Жақыннан нашар көремін» дегенім... Хан сендердің біздің әңгімемізді түк түсінбегендеріңді, менен түсіндіруді сұрайтындарыңды біліп, менен сұрады: «Қырықтан біреуден аласың ба?», бұл: «Қырық нөкердің әрқайсысынан бір жылқыдан аласың ба?» дегені. Бары осы ғана».**

Негізі, таза қазақ сөз құрылымын басқа тілге жеткізу аса қиын. Көбінесе – мүмкін емес. Бұл сіздерге сөздерді бір тілден екінші тілге алмастыру емес.

Нукеры ничего не поняли из этого разговора и попросили Алдара разъяснить его суть. И Алдар сказал:

**«Хан поначалу спросил: «Давно ли холм покрылся снегом?» Это означало: «Давно ли побелела ваша голова?». И я ответил: «Уже четверть века». Потом хан спросил: «Владею ли я двумя?» Означало это: «Крепко ли я стою на двух ногах?» Я сказал: «Владею тремя», то есть, «Хожу с палкой». «Как относитесь к дали?» — спросил хан. Смысл: «Хорошо ли видите издали?» Я сказал: «Даль мне близка», значит: «Далекое вижу хорошо». Хан поинтересовался: «Как относитесь к ближнему?», то есть, «Как видите вблизи?» Я ответил: «Ближнее мне далеко». Означает: «Вблизи вижу плохо». Хан догадался, что вы все из нашего разговора ничего не поняли и что потом все равно придете ко мне за разъяснением, а потому спросил: «С сорока возьмете по одной?», что означало: «Возьму ли с каждого из сорока нукеров по одной лошади?» Вот и вся разгадка».**

Вообще передать подлинный казахский речестрой на других языках крайне сложно. Нередко — невозможно. Это вам не слова перекладывать с языка на язык.

## VI

Піл көтермегенді тіл көтереді.  
*Қазақ мақалы*

Неліктен екені белгісіз, бірақ қазақ тілі ағаш, шөп, гүлдер, жидектер, яғни флора, сонымен қатар жануарлар әлемі, яғни фауна атауларына аса бай, талғампаз емес деген ой қалыптасқан. Шындығына келсек, көркем әдеби прозада (тәжірибелі аудармашының тәжірибесінен пікір түйемін) жалпы атауларды кездестіресің – ағаштар, шөптер және ағаш, шөп және құстардың нақты атаулары сирек кездеседі. Ағаш, терек, қайың, жиде, тал дегендер көзге шалынып қалады. Терек те терек. Кейде көк терек, қара терек, қара тал, сәмбі тал, ақ қайың, арша, емен. Құстар туралы сөз қозғала кетсе, өңкей торғай: қараторғай, бозторғай және т.б.

Бұл жағдай орыс және неміс аудармашыларын таң етеді. Олар осы іспетті атауларға кінәратпен қарайды, себебі ағаштар мен шөптерді түрлеріне қарай нақтылап атап үйренген. Олардың «Төбеде жалғыз ағаш өсіп тұрды», немесе: «Ағаштың үстінде құс сайрап тұрды», немесе: «Қамыс топасының арасынан әлде бір аң шыға келді» деген сөздерге жыны қайнайды. Санада бір сұрақ туындайды: «Қандай ағаш? Қандай құс? Қандай аң?»

Қазақ жазушыларының флора мен фауна нашар білгені үшін, қазақ тілін кінәлауға болмайды. Бұл салада да қазақ тілі басқалардан кем емес. Көпжылдық аудармашылық тәжірибемде бұған талай көзім жетті. Және өз жұмысымды жеңілдету үшін, жұмыс дәптерімде әр түрлі тақырыптағы қазақ сөздеріне бақандай бір рубриканы арнадым. «Шөптер, ағаштар» тізімінен бірнеше ондаған мысал келтірейін (бұдан артық мақала көлеміне сыймайды). Жидектердің кей атаулары:

## VI

Язык осилит, что и слон не поднимет.  
*Казахская пословица*

Почему-то бытует мнение, будто казахский язык не особенно богат и разборчив в наименовании деревьев, трав, цветов, ягод, то есть флоры, а также животного мира, то есть фауны. Действительно, в художественной казахской прозе (сужу по опыту давнего переводчика) то и дело встречаешь общее наименование — деревья, травы и реже конкретное название конкретного вида деревьев, трав и птиц. Мелькают ағаш, терек, қайың, жиде, тал. Терек и терек. Иногда көк терек, қара терек, қара тал, сәмбі тал, ақ қайың, арша, емен. Зайдет разговор о птичках, так сплошь и рядом торғай: қараторғай, бозторғай и т.д.

И я знаю, у русских и немецких переводчиков это обстоятельство всегда вызывает недоумение. Те к подобным наименованиям более щепетильны и привыкли называть деревья и травы конкретно по разновидностям. Их раздражают фразы типа: «На холме росло одинокое дерево», или: «На верхушке дерева щебетала птичка», или: «Из камышовых зарослей выскочил какой-то зверь». Сразу возникает вопрос: «Что за дерево? Что за птичка? Какой зверь?»

В том, что иные казахские писатели по части флоры и фауны слабо вооружены, казахский язык не виноват. По этой части казахский язык никак не беднее других. В этом я убедился не однажды за свою многолетнюю переводческую практику. И для облегчения своей работы я завел целую рубрику в своей рабочей тетради, посвященной казахским словам по разной тематике. Приведу из разряда «Травы, деревья» десяток-другой примеров (больше не позволяет размер статьи). Вот некоторые названия ягод:



Қара жидек — черника  
Ит бүлдірген — брусника  
Көк жидек — голубика  
Шырғанақ — облепиха  
Бүлдіген — земляника  
Мойыл — черемуха  
Шие — вишня  
Қара өрік — слива  
Бөрі қарақат ~ барбарис  
Қой бүлдірген — костяника  
Қожақат— ежевика  
Таңқұрай — малина  
Қарақат — смородина  
Долана — боярка

Өкініштісі, базарда қазақтар қазақша атауларына жүгінбей, көбінесе орыс нұсқасын айтады: «Малина бар ма?», «Смородина қанша тұрады?».

Көркем әдебиетте жиі кездесетін қазақша шөп атаулары мыналар:

Жусан (полынь),  
ермен жусан (чернобыльник),  
шайқурай (зверобой),  
адыраспан (гармала),  
жантақ (верблюжья колючка, иногда: янтақ),  
түйе жоңышқа (донник),  
жоңышқа (люцерна),  
беде (клевер),  
ошаган (репей),  
құзтабан (лапчатка),  
қияқ елең (осока),  
көде (пушица дернистая),  
еркек (житняк),  
бидайық (пырей),  
арпабас (костер),  
құзылот (костер безостый),  
ажырық (прибрежница),  
сұлыбас (овсец),  
түлкіқұйрық (лисохвост),  
қуу (ковыль),  
селеу (триостница),  
құға (рогоз),  
көкпек (лебеда),  
жыңғыл (тамариск),  
құзғалдақ (подснежники),  
қурай (бурьян),  
бақбақ (одуванчик),  
тасшөп (габрец).

Қара жидек — черника  
Ит бүлдірген — брусника  
Көк жидек — голубика  
Шырғанақ — облепиха  
Бүлдіген — земляника  
Мойыл — черемуха  
Шие — вишня  
Қара өрік — слива  
Бөрі қарақат ~ барбарис  
Қой бүлдірген — костяника  
Қожақат— ежевика  
Таңқұрай — малина  
Қарақат — смородина  
Долана — боярка

Увы, на базаре казахи не всегда прибегают к казахским названиям, а довольствуются чаще всего русскими аналогами: «Малина бар ма?», «Смородина қанша тұрады?».

Вот казахские названия трав, наиболее часто встречающиеся в художественной литературе:

Жусан (полынь),  
ермен жусан (чернобыльник),  
шайқурай (зверобой),  
адыраспан (гармала),  
жантақ (верблюжья колючка, иногда: янтақ),  
түйе жоңышқа (донник),  
жоңышқа (люцерна),  
беде (клевер),  
ошаган (репей),  
құзтабан (лапчатка),  
қияқ елең (осока),  
көде (пушица дернистая),  
еркек (житняк),  
бидайық (пырей),  
арпабас (костер),  
құзылот (костер безостый),  
ажырық (прибрежница),  
сұлыбас (овсец),  
түлкіқұйрық (лисохвост),  
қуу (ковыль),  
селеу (триостница),  
құға (рогоз),  
көкпек (лебеда),  
жыңғыл (тамариск),  
құзғалдақ (подснежники),  
қурай (бурьян),  
бақбақ (одуванчик),  
тасшөп (габрец).

Қаламасам да, тізімді аяқтаймын. Әлі ұзақ жалғастыра беруге болады. Ағаштардың атауларының тізімі әлі бір-екі бетке созылар еді.

Бұл сөздер бүгін-кеше пайда болған жоқ. Олар профессор М. Машановтың «Орыс-қырғыз сөздігінде» (1889) және А. С. Алекторова редакциясымен Жұмағұл Көшербаевтың «Қысқа орыс-қырғыз жол кітапша-сөздігінде» (1906, Омск) кездеседі. Сол «Жол кітапшадан» мысалдар:

Дерево — ағаш;  
сосна — қарағай;  
осина, тополь — терек;  
ель — шырша;  
ива — үйіңгі тал;  
липа — жөке ағаш;  
куст — шоқы;  
орешник — шеттеуін ағау;  
черемуха — қара мойыл;  
терновик — мойыл;  
шиповник — ит мұрын;  
сирень — мәйе;  
малина — қажақат;  
смородина — қарақат;  
раakitник — шілік;  
плод — жеміс, миуа;  
ягода — жидек;  
овощ — жеміс;  
слива — қара алу;  
груша — алмұрт (к слову: мой покойный друг Аскар Сулейменов утверждал, что алмұрт — неверно, правильно: нок);  
вишня — шие;  
персик — шабдалы;  
финик — құрма;  
калина — бүргөз;  
орех — шеттеуік жаңғақ;  
подсолнечное семя — шекілдеуік;  
урюк — өрік;  
лук — пияз, сарымсақ;  
чеснок — жуа;  
репа — салқам;  
редька — тырна салқам;  
картофель — буулдық, бөреңгі;  
капуста — керем;  
горох — бұршақ;  
земляника, клубника — бүлдірген;  
клюква — қызыл жидек,

С неохотой обрываю перечисление. Продолжать можно еще долго. Мог бы на страницу-другую перечислять казахские названия деревьев.

Слова эти родились не сегодня и не вчера. Они встречаются в «Русско-киргизском словаре» проф. М.Машанова (1889) и в «Кратком русско-киргизском дорожнике со словарем» Жумагула Кошербаева (1906, Омск) под редакцией А. С. Алекторова. Вот примеры из того «Дорожника»:

Дерево — ағаш;  
сосна — қарағай;  
осина, тополь — терек;  
ель — шырша;  
ива — үйіңгі тал;  
липа — жөке ағаш;  
куст — шоқы;  
орешник — шеттеуін ағау;  
черемуха — қара мойыл;  
терновик — мойыл;  
шиповник — ит мұрын;  
сирень — мәйе;  
малина — қажақат;  
смородина — қарақат;  
раakitник — шілік;  
плод — жеміс, миуа;  
ягода — жидек;  
овощ — жеміс;  
слива — қара алу;  
груша — алмұрт (к слову: мой покойный друг Аскар Сулейменов утверждал, что алмұрт — неверно, правильно: нок);  
вишня — шие;  
персик — шабдалы;  
финик — құрма;  
калина — бүргөз;  
орех — шеттеуік жаңғақ;  
подсолнечное семя — шекілдеуік;  
урюк — өрік;  
лук — пияз, сарымсақ;  
чеснок — жуа;  
репа — салқам;  
редька — тырна салқам;  
картофель — буулдық, бөреңгі;  
капуста — керем;  
горох — бұршақ;  
земляника, клубника — бүлдірген;  
клюква — қызыл жидек,

просо — тары;  
гречица — қырлық қарамық;  
крупа, пшено — тойтары, жарма,  
сорочинское пшено — күрішсөк.

Жүз жыл бұрын шыққан сөздікте келтірілген мысалдар осылар. Шындығын айтқанда, мен кей атауларды жаңа көріп отырмын. Морковь қазір қазақша – сәбіз (кешір емес) деп аталады; картофельді жай картоп (буулдық немесе бөреңгі емес) деп атаса, капуста қырыққабат, қоян жапырақ (бірақ керем емес) дейді.

«Өсімдік әлемін» аяқтай келе, Ілияс Жансүгіров өзінің поэтикалық туындысында қолданған осы сала атауларын келтіргім келеді. Бұл атаулар ақын жырлаған бір ғана Жетісу флорасыны қатысты. Оларды сыншы әрі әдебиеттанушы Сайділ Талжанов Ілияс Жансүгіров туралы естеліктерінде келтіреді. Бұл атаулар кезінде көзін құртқан қазақ әдебиеті классигінің орасан зор білімі мен бай сөздік қорының алуандығын айғақтайды. Атаулар, міне (жанашыр оқырмандарға осы сөздердің сәйкес келетін орыс нұсқаларын табуды ұсынамын).

Қарағай, тал, донала, ұшқат, шетен, ырғай, арша, ақсасық, қызыл қайың, барша, шынар, шырғанақ, сөңке, терек, сөгет, емен, үйеңкі, шырғай, балғын, тораңғы, сары ағаш, қойқарақат, жиде, тобылғы, түйеқұйрық, тауқонақ, шәйшөп, маңқа, құлынембес, сүтігеп, еңлік, мейіз, киізкіік, ақшалғын, бес, көкемарал, бетеге, раң, жапырақ теңге, бұйра, қисық иық, балдырған, уқорғасын, атқұлақ, желкеуір, шырыш, шытыр, биеемшек, мыңтамыр, жуа рауаш, жаужапырақ, балауса, сорғыш, селдір, ермен, бақбақ сыбызғы, жалбыз, құлмық, қарақияқ, шоқайна, меңдуана, сора, шақпақ, құрай, шырмауық, кендір, қылша, жыланқияқ, қынжыға, қоға, сасыр, аққой, таусарымсақ, қымыздық, қызсаумалдық, калақай, ойылқияқ, усойқы...

Жарайсың, Ілияс ақын! Мен туған өлкесінің флорасын сондай терең біліп, осынша көп жырлаған басқа қазақ жазушысын білмеймін.

просо — тары;  
гречица — қырлық қарамық;  
крупа, пшено — тойтары, жарма,  
сорочинское пшено — күрішсөк.

Таковы примеры из словаря столетней давности. Признаться, некоторые наименования для меня вновь. Морковь ныне по-казахски именуют – сәбіз (а не кешір); картофель называют просто картоп (а не буулдық, или бөреңгі); капусту называют қарыққабат, капуста, қоян жапырақ (а никак не керем).

И, завершая тему «Растительный мир», хочу привести названия в этой области, употребленные в своем поэтическом творчестве Ильясом Джансугуровым. Названия эти касаются флоры лишь одного Семиречья (Жетысу), воспетого поэтом. Их приводит критик и литературовед Сайдил Талжанов в своем воспоминании об Ильясе Джансугурове. И названия эти красноречиво свидетельствуют о широких познаниях и богатой словесной палитре убиенного классика казахской литературы. Вот эти наименования (предлагаю неравнодушному читателю самому подбирать к этим словам соответствующий русский адекват).

Қарағай, тал, донала, ұшқат, шетен, ырғай, арша, ақсасық, қызыл қайың, барша, шынар, шырғанақ, сөңке, терек, сөгет, емен, үйеңкі, шырғай, балғын, тораңғы, сары ағаш, қойқарақат, жиде, тобылғы, түйеқұйрық, тауқонақ, шәйшөп, маңқа, құлынембес, сүтігеп, еңлік, мейіз, киізкіік, ақшалғын, бес, көкемарал, бетеге, раң, жапырақ теңге, бұйра, қисық иық, балдырған, уқорғасын, атқұлақ, желкеуір, шырыш, шытыр, биеемшек, мыңтамыр, жуа рауаш, жаужапырақ, балауса, сорғыш, селдір, ермен, бақбақ сыбызғы, жалбыз, құлмық, қарақияқ, шоқайна, меңдуана, сора, шақпақ, құрай, шырмауық, кендір, қылша, жыланқияқ, қынжыға, қоға, сасыр, аққой, таусарымсақ, қымыздық, қызсаумалдық, калақай, ойылқияқ, усойқы..

Браво, поэт Ильяс! Я не знаю другого казахского писателя, который так глубоко знал и так щедро воспевал флору родного края.



Ит бұдiрен




Шырғанақ




Қожақат



Бұдiген



Мойыл



Шие




Көк жидек



Танқұрай



Қара өрiк



Қарақат



Қара жидек

1986 жылы көкірегін керіп, іштей қазақ тілі баржоғы 200-ақ сөзден тұрады дегенге шын сенген КРКП ОК эмиссары Мищенконың (немесе Тищенко, Нищенко?) сазайын тартқыза алмағаным өкінішті. Сонда ол ғаламат «Абай жолы» эпопеясы шынымен сондай жұтаң сөз қорымен жазылды деп ойлаған ба? «Абай жолы» сөздігі (Мұхтар Әуезовтың өзінікі ғана емес) 16893 сөзден тұратыны белгілі ғой.

Ал, «түрме» сөзі қазақ тілінде жоқ. Жоқ болғасын жоқ! Даланың еркін ұлдары өркениеттің осы атрибутысыз-ақ өмір сүрді. Қажет болған кезде. Бұрмалап «түрме» деп атады. Басқа сөздерді де бейімдеп алды: зауыт (завод), тауар (товар), самауыр (самовар), экуатр (экватор), кәмпеске (конфискация), пірканшық (приказчик), белесет (велосипед), каменес (коммунист), аулнай (председатель аульного совета), біргадір (бригадир) тағысын тағы және тағы сол сияқты.

Жаңа дәуір, қоғамдық-әлеуметтік катаклизмдер қазақ тіліне кірме сөздердің орасан ағынын әкелді. Оларға үлкен қажеттілік туды, сол қарбаласта жөні дұрыс нұсқалар табылмады. Ал уақыт күтіп тұрмайды. Жат жердің лексикалық материалын қазақ артикуляциялық белгілеріне сәйкес фонетика жағынан аз-кем икемдеп қолдануға тура келді. Қазақ прозашыларының шығармаларынан мысалдар келтіреміз. Бейімбет Майлин: учитель (көп рет), нәшәндік (начальник), көшір (кучер), стражник, пристап, делегат, милиция, пеш, мода, подлог, арыз, презден (президиум), сельсабет, піртекел (протокол), «под сот», машина, закон, уез, песір (писарь), кәндидәт (кандидат), камсомол (комсомол), шинель, фуражка, солдат, поселке, бәлшебек (большевик), «тыбая – мая, мая – тыбая» («твое – мое, мое – твое»), губерне, үстел (стол), пакет, спесік (список), прабител, бөтелке, жалонжа (жалованье), слабода (свобода), конпеске (конфискация), пірешкі (бричка), телефон, охрана, партизан, кәлеуния (колония), бығыбыр (выговор), контра, құлып (клуб)...

Жаль, что в 1986 году я не мог опрокинуть на голову самоуверенного эмиссара из ЦК КПСС Мищенко (или Тищенко, Нищенко?), который в душе был расположен к тому, что казахский язык состоит всего из 200 слов. Неужели он искренне полагал, что грандиозная эпопея «Путь Абая» была написана таким скудным запасом слов? Хотя известно, что словарь «Пути Абая» (не всего Мухтара Ауэзова) составляет 16893 слова.

А вот слова «тюрьма» нет в казахском языке. Нет и все тут! Как-то обходились вольные сыны степей без этого атрибута цивилизации. А когда понадобилось, прибегли к искаженному «түрме». Также приспособили и другие слова: зауыт (завод), тауар (товар), самауыр (самовар), экуатр (экватор), кәмпеске (конфискация), пірканшық (приказчик), белесет (велосипед), каменес (коммунист), аулнай (председатель аульного совета), біргадір (бригадир) и т. д. и т.п.

Новая эпоха, общественно-социальные катаклизмы принесли в казахский язык огромный поток заимствованных слов. Появилась в них острая нужда, а достойного эквивалента в попытках не нашлось. А время не терпело. Пришлось использовать иноземный лексический материал, мало-мальски приспособив его фонетически в соответствии с казахской артикуляционной базой. Проиллюстрирую сказанное примерами из произведений казахских прозаиков. У Беимбета Майлина: учитель (много раз), нәшәндік (начальник), көшір (кучер), стражник, пристап, делегат, милиция, пеш, мода, подлог, арыз, презден (президиум), сельсабет, піртекел (протокол), «под сот», машина, закон, уез, песір (писарь), кәндидәт (кандидат), камсомол (комсомол), шинель, фуражка, солдат, поселке, бәлшебек (большевик), «тыбая — мая, мая — тыбая» («твое — мое, мое — твое»), губерне, үстел (стол), пакет, спесік (список), прабител, бөтелке, жалонжа (жалованье), слабода (свобода), конпеске (конфискация), пірешкі (бричка), телефон, охрана, партизан, кәлеуния (колония), бығыбыр (выговор), контра, құлып (клуб)...

Тізімді аяқтаймын. Мен Б. Майлиннің бір ғана «Шұғаның белгісі» әңгімелер мен повестер жинағынан (1974) ХХ ғасырдың басында тұрмыс-тіршілікте қолданылатын осындай кірме сөздердің бір емес, бірнеше жүздегенін көрдім.

Қазақ әдебиетінің басқа классигі Жүсіпбек Аймауытовтың біртотымдық кітабынан теріп жазған осындай шет елден енген сөздердің саны 163 болды:

Үшкөл (школа), періуатшік (переводчик), нашалнік, кінеге (книга), әтірет (отряд), пәуеске (повозка), ізбес (известь), дияла (дело), өшетіл (учитель), көріс (курс), әпесер (офицер), кемесер (комиссар), ділграм (телеграмма), мелитсе (милиция), субалыш (сволочь), безобразия, арестовайт, жәшейке (ячейка), шорнабай (черновик), самогон, ?ашаба (кошевка), пенжек (пиджак), секрет, декрет, кәтлет (котлета) және тағы басқалар.

Есімде, бастауыш класта оқып жүргенде мен алғаш рет Жамбылдың «Өстепкеде» өлеңін оқыдым, және оның «На выставке» дегенді білдіретінін бірден түсінген жоқпын.

Сәбит Мұқановтың ауқымды соғысқа дейінгі, қызықты «Жұмбақ жалау» романында бұрмаланған сөздер көптеп кездеседі.

Бірақ бұл – өткен ғасырдың 20-30-шы жылдарынан келтірілген мысалдар. Олар дәуір колоритін, әлеуметтік бетбұрыс кезіндегі қазақ тілінің ерекшелігін бейнелеп көрсетті. Ал, міне, бертінірек уақыттан ұқсас мысалдар.

Шерхан Мұртаза «Жалаң аяқ от кешу» шағын әңгімесі. Онда мен осы кірме сөздерді сөздерді кездестірдім: пәуеске, кожайын, фуражка, гимназист, мама, губернатор, казарма, полицей, крестер, кафедраль собор, түрме, революционер, бандит, камера. (Зер салыңыздар: кірме сөздер фонетикалық жағынан сирек бұрмаланады).

Кончаю перечень. В одном только сборнике рассказов и повестей Б. Майлина «Шұғаның белгісі» (1974) я встретил не одну сотню подобных заимствованных слов-реалий жизни в начале ХХ века.

Подобных заимствований я выписал из однотомника другого классика казахской литературы Жусупбека Аймауытова количеством в 163 слова:

Үшкөл (школа), періуатшік (переводчик), нашалнік, кінеге (книга), әтірет (отряд), пәуеске (повозка), ізбес (известь), дияла (дело), өшетіл (учитель), көріс (курс), әпесер (офицер), кемесер (комиссар), ділграм (телеграмма), мелитсе (милиция), субалыш (сволочь), безобразия, арестовайт, жәшейке (ячейка), шорнабай (черновик), самогон, ?ашаба (кошевка), пенжек (пиджак), секрет, декрет, кәтлет (котлета) и т.д.

Помню, учеником начальных классов я впервые наткнулся у Джамбула на стихотворение «Өстепкеде» и не сразу догадался, что это значит: «На выставке».

В пухлом довоенном, очень занимательном романе Сабита Муканова «Жұмбақ жалау» искаженных русских слов встречалось множество.

Но это — примеры из 20-30-х годов прошлого века. В них отразился колорит эпохи, своеобразие казахской речи в момент социального перелома. А вот аналогичные примеры из более близкого времени.

Небольшой рассказ Шерхана Муртазы «Жалаң аяқ от кешу». В нем я встретил такие заимствованные слова: пәуеске, кожайын, фуражка, гимназист, мама, губернатор, казарма, полицей, крестер, кафедраль собор, түрме, революционер, бандит, камера. (Обратите внимание: заимствованные слова фонетически редко искажаются).

Сайын Мұратбековтың «Жабайы алма» повесінен келтірілген мысалдар: жемпір (джерпер), маладес, гормон, монделен (мандолина), скрипка, пашис (фашист), казит (газета), жүншөлкі (шерстяные чулки).

Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары» повесінен мысалдар: калхқоз (колхоз), дүкімет (документ), біргәдір (бригадир), командир (командир).

Тынымбай Нұрмағанбетовтың «Үшінші кластың жетекшісі» әңгімесінен алынған басқа тілден енген кірме сөздер: педсовет, класс, директор, стол, докладтау, бәтеңке (ботинки), плащ, кереует (кровать), термос, шкаф, газет, совхоз, кадр, коллектив, нейлон, парта, бугалтер, әбизатілні (обязательно), шкүл (школа), костюм, сумка, мөгезін (магазин), міністір (министр), пәпке (папка), коридор, үнстет (институт), перуай (первый) және тағы басқалар, барлығы 60 сөз.

Жылдар өтті. Қазақстан егеменді ел болды. Ұлттық сана дамуының жаңа сатысына өтті. Орыс тілінен енген сөздер (бір кездері сәнді болып, тіпті ынталандырылған) кенет қысқарды. Жазушылар, тіл мамандары тұрмыстың жаңа реалияларын белгілеу үшін басқа ресурстарды іздеп, қолдана бастады. Содан жаңа пайда болған сөздерге жаппай еліктеу басталды. Кейде – сәтті шықса, кейде онша емес. Кейде – терек түгіл бұтаққа да тимей жатыр. Ол турасында әлі алда.

Примеры из повести Саина Муратбекова «Жабайы алма»: жемпір (джерпер), маладес, гормон, монделен (мандолина), скрипка, пашис (фашист), казит (газета), жүншөлкі (шерстяные чулки).

Примеры из повести Мухтара Мағауина «Бір атаның балалары»: калхқоз (колхоз), дүкімет (документ), біргәдір (бригадир), командир (командир).

Заимствования из рассказа Тынымбая Нурмағанбетова «Үшінші кластың жетекшісі»: педсовет, класс, директор, стол, докладтау, бәтеңке (ботинки), плащ, кереует (кровать), термос, шкаф, газет, совхоз, кадр, коллектив, нейлон, парта, бугалтер, әбизатілні (обязательно), шкүл (школа), костюм, сумка, мөгезін (магазин), міністір (министр), пәпке (папка), коридор, үнстет (институт), перуай (первый) и т. д., всего 60 слов.

Прошли годы. Казахстан стал суверенной страной. Национальное самосознание перешло в новую стадию своего развития. Заимствования из русского языка (что одно время было модным и даже как-то поощрялось) резко сократились. Писатели, языковеды стали искать и использовать другие ресурсы для обозначения новых реалий жизни. Пошло повальное увлечение словесными новообразованиями. Иногда удачно, иногда — не очень. А случалось — и вовсе ни в какие ворота. Но о том разговор впереди.

## VII

Өткен күн оралмас,  
құнды сөз жоғалмас.  
*Қазақ мақалы*

Бірнеше ондаған жылдар бойы қазақ прозаларын орыс тіліне аударумен айналысып жүрген кезде менің белгілі бір қыншылықтарға тап болғаным түсінікті. Айталық, ауыл тұрмысын, салт-дәстүрлерін суреттеген кезде, «жылқы», «түйе», «жануарлар әлемі», «шөптер», «тарихи ұғымдар» тақырыбындағы реалиялар мен белгілерді ашу үшін үнемі қажет сөздер жеткіліксіз болатын. Бір сөзбен, маған қажет сөздерді сөздіктен таба алмайтынмын. Бұл менің өзімнің қолдануым үшін әр түрлі тақырыптық сөздікшелер (өзінше бір шпаргалкалар сықылды) жасадым, оған қандайда бір қазақ ұғымының қажет белгілері мен ерекшеліктерін енгізіп отырдым. Ал бұл материалдарды сұхбаттардан, кездейсоқ әңгімелерден, сұрастыру және көркем және арнайы әдебиеттерді оқу арқылы табатынмын.

Осы нұрлы жолым жайында нақтырақ айтып берейін.

Маған, мысалы, бір ғана «Жылқы» тақырыбына қатысты орыс сөздерін (дәлмедәл!) тырнақтап жинауға тура келді?! Қазақ прозасында далалықтар жақсы көретін, ғасырлар бойы қадірлейтін осы киелі жануар жан-жақты бейнеленбеген шығарманы табу қиын. Қазақ ауыз әдебиетінде, мысалы, жылқы, бие, арғымақтар, олардың мүсіні, сұлулығы, адалдығы, бәйгелері, қуғыншылық, шабуыл туралы талай айтылған! Жылқыны суреттеуге арналған Абайдың атақты өлеңінде оның сыртқы келбетінің қырық түрі // көрсетіліп, жырланған. Менің аудармашылық тәжірибемде әзірше орыс прозаларынан, казактардың тұрмыс-тіршілігін суреттейтін романдардан білген және түрлі сөздіктерден тапқан азғантай сөздерді қолдана алдым.

## VII

Прожитый день не  
вернется, а мудрое слово  
останется.  
*Казахская пословица*

Занимаясь не одно десятилетие переводами казахской прозы на русский язык, я, понятно, постоянно сталкивался с определенными трудностями. Всегда не хватало нужных слов при описании, скажем, аульного быта, обычаев и обрядов, реалий и обозначений для раскрытия тем «лошадь», «верблюды», «животный мир», «травы», «исторические понятия». Словарей вечно не хватало, а те, что были под рукой, не всегда оказывались полезными. Словом, все, что было мне нужно, я редко находил в словарях. И я завел для личного пользования разные тематические словарики (своего рода шпаргалки), в которые вносил все необходимые детали и нюансы того или иного казахского понятия. А добывал я этот материал из бесед, случайных разговоров, распросов и чтений художественной и специальной литературы.

Об этом своем излучистом пути расскажу чуть подробнее.

Сколько мне, например, приходилось собирать по крупицам (буквально!) русские слова для одной лишь темы «Лошадь»?! Трудно найти в казахской прозе произведения, где не описывалось бы с самых неожиданных сторон это любимое, веками почитаемое степняками благородное животное. Сколько, например, о лошади, о коне, о скакунах, об их стати, красоте, верности, о скачках, о погонях, о походах сказано в казахском фольклоре! В знаменитом абаевском стихотворении, посвященном описанию коня, указаны и воспеты четыре десятка // внешних примет. В моей переводческой практике до поры, до времени удавалось обходиться теми крохами, которые я знал или выудил из разных словарей, из русской прозы, из романов, описывающих казачий быт.



«Холстомер», «Казак» және «Хаджи Мурат» кітаптарын егжей-тегжейлі оқып шықтым. Бірақ қазақ жазушылары жылқы суреттеуде барын салған. Сан түрлі этнографиялық бөлшектерді жаны қалайтын жылқышының ұлы Дүкенбай Досжан аудармашының басына жылқы, бәйге, ат әбзеліне қатысты мен әлі күнге дейін естімеген қиындықтарды төндірді.

Одан кейін Әбіш Кекілбаев әңгіме торы ала жылқы атынан баяндалатын повесін жазды. «Қош бол, Гүлсарыдағы!» Бұған Шыңғыс Айтматовтың жылқыны суреттеу үшін қолданған әсерлі сөздері демей бола алмады. Ат тұяғының астындағы кішкентай сүйектің орысша «козон» деп аталатынын, ал ат тұяғының үстіндегі қылдың «щетка», аттың қарнының астынан өтетін және үзеңгіні бекітетін белдіктің «скошевка», ал айыл тартылатын жердегі жолақтың «ленник» деп аталатынын және тағы басқаларын қалай да біліп алу керек еді. Сосын революцияға дейінгі неміс лексиконынан жылқы тұқымдары туралы және жылқы қаңқасы елу алты бөлік-атаулардан тұратыны, ал аттың сыртқы пішінін сипаттау үшін қырық екі сөздің қажет екенін, жылқының түсі мен сымбатын, тұрысын, арқасының кескінін, жотасын, мойнын, сауырын, санын, аяқтарын бейнелеу үшін талай ондаған-ондаған сөздердің барын білдім, бұған өзгешелектері мен түрлерімен қатар аттың желісін (адым, бүлкіл, жорғалау, шоқырақ, қатты шабыс) қосыңыз. Мысалға, ыршып тұрып бүлкілдеуді қисық желіс деп атайтын сияқты, оған қоса ат әбзелінің түрлі бөліктері мен бөлшектерінің бірнеше ондаған атаулары бар, сонымен қатар ат жандылардың түрлерінің және олардың кәсіптері және тағы басқаларды алыңыз, сонда ғана бір ғана «ЖЫЛҚЫ» тақырыбын ашу үшін ауқымды сөздіктің қажет екенін түснесіз.

«Холстомер», «Казак» и «Хаджи Мурат» были читаны-перечитаны вдоль и поперек. Но казахские писатели оказались по части описания лошади поистине неистощимы. Сын табунщика Дукенбай Досжан, питающий к тому же слабость к разного рода этнографическим деталям, рассказывал о лошади, о скачках, о сбруе-упряже, обрушивал на голову переводчика такие слова и понятия, о которых я доселе и слыхом не слыхивал.

Потом Абиш Кекилбаев написал повесть, где даже повествование ведется от имени гнедого скакуна. Тут уже и вдохновенные слова, найденные для описания лошади Чингизом Айтматовым в «Прощай, Гүлсары!», оказались недостаточным подспорьем. Надо было каким-то образом разузнать, что подкопытная косточка называется по-русски козон, а пучок волос над копытами лошади — щеткой, что ремень, проходящий под брюхом лошади и скрепляющий стремяна — скошевка, а полоска на местах, где перетягиваются подпруги, — ленник и т.д. Потом уже из какого-то дореволюционного немецкого лексикона я почерпнул сведения и о породах лошадей, и о том, что скелет лошади состоит из пятидесяти шести частей-названий, а для характеристики внешней формы коня необходимы сорок два слова, что есть еще десятки и десятки слов для описания масти и стати лошади, стойки, очертания спины, хребта, шеи, крупа, ляжек, ног, добавьте сюда виды аллюра (шаг, рысь, иноходь, галоп, карьер) с их разновидностями и с различными комбинациями, вроде того, что рысь с подскакиванием именуется тропотом, и еще добавьте не один десяток слов-названий разных частей и деталей конской сбруи, а также разные типы лошадиников и их профессий и т.д., и вы поймете, что для раскрытия одной темы «ЛОШАДЬ» необходим внушительный словарь.

Алайда, қазақ бауырларыма, бұл да аз болып шықты: олар «жылқыға» қатысты сөздікті жылқы жасын сипаттайтын тағы басқа ұғымдармен толықтырды. Қарапайым «жеребенек» – құлын, немесе – жұмсартып - құлыншақ; егер құлын алты айдан асып, бір жасқа жетпесе – жабағы, бір жастағы құлын тай (стригун) деп аталады; екі немесе үш жасқа аралығындағы құлын (сосун) – арда емген; үш жастан асқан құлын – құнан; үш жасар еркек жануар – дөнен; үш жасар бие – байтал; бес жасқа жетпеген – бесті және тағы солай.

Қызық үшін «жылқы» тақырыбындағы бір қатар қазақ сөздерін атап өтейін: торы (гнедой), құла (буланый), боз ат (сивый), бурыл ат (чалый), кер ат (мухортый), шабдар (игрений, игрeneuveый), қара ат (вороной), кекіл (челка), құлақ (уши), мойын (шея), жал (челюсть), қабақ (веко), омыртқа (позвонок, шейный столб), жал (грива), желке (затылок), сағақ, (изгиб, шея и подбородок), мұрын (нос), ерін (губы), тіс (зубы), қабырға (ребра), жота (хребет), омырау (грудь), төс (грудинка), бақай (бабка, козон), тұяқ (копыта), сіңір (сухожилие), аяқ (ноги), жауырын (лопатки), сауыр (круп), мықын (бок, маклок), құйрық (хвост), қыл (щетина, шерсть), көтендік (зад), ұршық (берцовая кость), сан (ляжки), ума (пах), тірсек (голень), көз (глаз), шаша (щетки), әуке (подгрудок)...

Еріксіз тоқтағым келеді: «жылқыға» қатысты сөздердің бірнеше бетке созылатыны шүбәсіз. Менің марқұм досым Асқар Сүлейменов, жылқыны жақсы көретін және жақсы танитын адам, ол менің «жылқыға» қатысты шағын сөздігімді бір қарап шығып, қарындашпен белгілеп, өзіне тән стилде түсініктемелер қалдырды. Таралғы – үзеңгіні бекітетін бау; өмілдірік –кеудеше, көкірекше: парыл – қорыл; текірек – қатты желіс; қаңтару, таң асыру – жылқыны ас-сусыз тынықтыру; үйір (ру) – үйір; тұлпар – сөзсіз; дүлдүл – Өзірет Әлінің мінген тұлпары; саяқ жылқы – диссидент (бөлек жайылатын азбан).

Братьям-казахам, однако, и этого оказалось мало: они расширили «лошадиный» словарь еще отдельными понятиями, характеризующими возраст коня. Просто жеребенек — құлын, или — нежнее - құлыншақ; если же жеребенку более шести месяцев, но менее года — жабағы, годовалый жеребенек называется тай (стригун); сосун на втором или третьем году — арда емген; жеребенек по третьему году — құнан; самец-трехлетка — дөнен; кобыла-трехлетка — байтал; лошадь по пятому году — бесті и т.д.

Приведу для любопытства еще ряд казахских слов, относящихся к теме «лошадь»: торы (гнедой), құла (буланый), боз ат (сивый), бурыл ат (чалый), кер ат (мухортый), шабдар (игрений, игрeneuveый), қара ат (вороной), кекіл (челка), құлақ (уши), мойын (шея), жал (челюсть), қабақ (веко), омыртқа (позвонок, шейный столб), жал (грива), желке (затылок), сағақ, (изгиб, шея и подбородок), мұрын (нос), ерін (губы), тіс (зубы), қабырға (ребра), жота (хребет), омырау (грудь), төс (грудинка), бақай (бабка, козон), тұяқ (копыта), сіңір (сухожилие), аяқ (ноги), жауырын (лопатки), сауыр (круп), мықын (бок, маклок), құйрық (хвост), қыл (щетина, шерсть), көтендік (зад), ұршық (берцовая кость), сан (ляжки), ума (пах), тірсек (голень), көз (глаз), шаша (щетки), әуке (подгрудок)...

Вынужден остановиться: «лошадиные» слова, наверняка, займут несколько страниц. Мой покойный друг Асқар Сүлейменов, большой любитель и знаток лошадей, просмотрев мой «лошадиный» словарик, сделал несколько карандашных пометок, пояснений в своем оригинальном стиле. Таралғы — крепление стремян; өмілдірік — нагрудник: парыл — храп; текірек — трот; қаңтару, таң асыру — выстойка; үйір (ру) — косяк; тұлпар — вне конкурса; дүлдүл — конь Азрет-Али; саяқ жылқы — диссидент (мерин, пасущийся особняком).

Әділдік үшін жылқыға қатысты орыс тілінің де едәуір бай екенін айта кеткен жөн. Ал, қазақ прозасының беттерінде кербез түйе бой көтерген кезде, аудармашы дәрменсіз жеңіледі. Көптеген тілдер «верблюд», «верблюдица», «верблюжонок» сөздерімен-ақ шектеліп қалса, қазақтар: нар (бір өркешті), бура (екі өркешті еркек түйе), үлек (асыл тұқымды түйе), қаспақ (бір өркешті еркек түйе мен екі өркешті ұрғашы түйенің буданы), желбая (жүйрік түйе), жалбай (өркештері екі жаққа қараған), аруана (бір өркешті), інген (сауын), атан (піштірілген), арван (теңдеп жүк артылатын түйе тұқымы), қайыма (алғаш боталайтын), буыршын (жас еркек түйе), бота (бала түйе), тайлақ (бір жастағы), азбан (пішілген), тұмса (жас ұрғашы мал), жампоз (жалбайдың түрі), майя (аруананың төлі) және басқаларын ажыратып атайды.

Қыс мезгілінде барлық түйелер жүнді түйе деп аталады; жаз мезгілінде – қара қайыс түйе; күз мезгілінде – боздақты түйе. Түйе жүнінің үш түрі болады: биязы, жабағы, шуда (қылшықты түктер; түйенің сойнының төменгі жағындағы ұзын жүн және аяғындағы тізесінен жоғары орналасқан ұылшықты түктер). Өз кезегінде шуданың да үш түрі болады – желке шуда, тізе шуда, томақшы. Түйенің терісін үш түрге бөледі: мойнақ тері, бой тері, жондық тері. Мұның бәрін әр түрлі мақалалар сөздіктерден оқып, сонымен қатар Маңғышылақты аралағанда сұрастыру арқылы білдім.

Жақсы, жуас түйемен – әдебиетшілердің қарым-қатынасының нашар екендігіне менің көзім әбден жеткен. Аудармашылар түйеге келгенде, қандай айла-тәсілдерге баратынын білесіздер ме? Махамбет Өтемісұлының барлық дерлік өлеңдерінде осы жануардың асыл тұқымды түрлері кездеседі. Орыс аудармаларын оқып көрелік:

Справедливости ради следует сказать, что по части лошади и русский язык довольно богат. А вот там, где на страницах казахской прозы величаво возникает вдруг верблюд, у переводчика нередко бессильно опускаются руки. Если многие языки вполне обходятся словами «верблюд», «верблюдица», «верблюжонок», то казахи различают: нар (одногорбий), бура (двугорбий самец-производитель), үлек (породистый верблюд), қаспақ (метис одногорбого самца и двугорбой самки), желбая (верблюд- скакун), жалбай (с горбами в разные стороны), аруана (одногорбая), інген (дойная), атан (холощенный), арван (порода вычучных верблюдов), қайыма (первородящая), буыршын (молодой верблюд-самец), бота (верблюжонок), тайлақ (годовалый), азбан (холощенный), тұмса (молодая самка), жампоз (разновидность жалбая), майя (приплод аруаны) и др.

В зимнюю пору все верблюды называются — жүнді түйе; в летнюю пору — қара қайыс түйе; в осеннюю пору — боздақты түйе. И верблюжья шерсть бывает трех видов: биязы, жабағы, шуда (остевой волос; длинная шерсть с нижней стороны шеи и на ногах выше колен верблюда). В свой черед и шуда бывает трех видов — желке шуда, тізе шуда, томақшы. И верблюжьей шкуру делят на три вида: мойнақ тері, бой тері, жондық тері. Все это я вызнал из разных статей, словарей, также из расспросов, когда колесил по Мангышлаку.

С добрым, покладистым верблюдом - я убедился у литераторов вообще сложные отношения. На какие только словесные ухищрения не идут переводчики, как только сталкиваются с верблюдом? У Махамбета Утемисова почти в каждом стихотворении встречаются породистые разновидности этого животного. Вот и читаем в русском переводе:

*Не верится,  
когда жампоз обычный  
Сравняться может с нарм-силачом,  
Хоть и рожден двугорбым.  
Не верится,  
что может быть неумной  
Совсем не схожей с матерью ни в чем  
Дочь аруаны гордой».*  
(А. Устиновтың аудармасы)

Немесе:

*Ведь знают люди,  
что ты — ублюдок хилого верблюда.  
Коспаком лучше назовись.  
(А. Устиновтың аудармасы)*

Басқа аудармашы А.Б.Никольскаяның осындай жолдары бар: «Бурый нар с могучей спиной», «день, когда, по льду скользя, падает крепкий бууршин», «день, когда в стаде бура покрывает атана вдруг», «день, когда бурый нар привязи рвет», «приплод аруаны майей зовут», «на наше дело нужен черный нар, рожденный от улека черный нар», «бег выносливый аруаны», «верблюжонок тощий, больной, как атан ходил по пескам», «гордо ступает сарыатан» т.б.

Оқылуы қиын, солай емес пе? Бір түрлі, бөгде естіледі. Түйе сөзі поэтикалық жолда өте құлаққа жағымсыз естіледі. Амал қанша? Сол себепті де сілтеме мен түсініктемелер береді, ал олардың әдеби мәтінді әрқашан қиындатып жіберетіні белгілі.

Орыс прозасында осындай тіркестер жиі кездеседі: «верблюд кричал», «жалобные молитвы верблюдов», «свирепо вопит», «раздраженно покрикивает», «осадили верблюдицу на подогнутые колени», «пришлось укладывать верблюда наземь», «шишь – деревянная заноза, продаваемая в верхние губы верблюда» және т.б. Құлаққа жат, әрине. Мұның бәрі «шөктіру», «боздау», «мұрындық» және басқалар сияқты қазақ сөздеріне лайықты нұсқаның жоқтығынан.

*Не верится,  
когда жампоз обычный  
Сравняться может с нарм-силачом,  
Хоть и рожден двугорбым.  
Не верится,  
что может быть неумной  
Совсем не схожей с матерью ни в чем  
Дочь аруаны гордой».*  
(перевод А. Устинова)

Или:

*Ведь знают люди,  
что ты — ублюдок хилого верблюда.  
Коспаком лучше назовись.  
(перевод А. Устинова)*

У другого переводчика — А.Б.Никольской — нередки такие выражения: «Бурый нар с могучей спиной», «день, когда, по льду скользя, падает крепкий бууршин», «день, когда в стаде бура покрывает атана вдруг», «день, когда бурый нар привязи рвет», «приплод аруаны майей зовут», «на наше дело нужен черный нар, рожденный от улека черный нар», «бег выносливый аруаны», «верблюжонок тощий, больной, как атан ходил по пескам», «гордо ступает сарыатан» и т.д.

Тяжело читается, не так ли? Нелепо звучит, чужеродно. Очень уж неуклюже лезет в поэтическую строку верблюду. Но что делать? Вот и прибегают к сноскам и пояснениям, которые, как известно, всегда отягощают художественный текст.

В русской прозе то и дело встречаются такие выражения: «верблюд кричал», «жалобные молитвы верблюдов», «свирепо вопит», «раздраженно покрикивает», «осадили верблюдицу на подогнутые колени», «пришлось укладывать верблюда наземь», «шишь — деревянная заноза, продаваемая в верхние губы верблюда» и т.д. Звучит непривычно, конечно. А все оттого, что не находится достойного эквивалента для казахских слов «шөктіру», «боздау», «мұрындық» и др.

Не істейсің... тығырықтан шығудың амалын іздеу керек. Киелі түйені азиялық тұрмыс-тіршілік контексінен алып тастай алмайсың ғой...

Жануарлар әлеміне қатысты қазақ сөздері жайында әңгіме қозғаған кезде, сенімдірек болу үшін осы бағыттағы тағы бірнеше сөздерді келтіріп кетейін: ісек – піштірілген еркек қой (екө жасар); шыбыш – бір жасар ешкі; бұзау – сиыр төлі; орда баспақ – бір жасар емізулі бұзау; құнан өгіз – үш жасқа шыққан бұқашық; дөнежін – үш жасар ұрғашы мал; тайынша – бір жасап бұқашық; бағлан – жас қозы; құнан атан – үш жасар азбан түйе; тайлақ – бір жасар бота.

Бір ғана Жетісу ауданы мен Ілияс Жансүгіровтың поэзиясында аталған жануарлар мен құстарды анықтайтын сөздер тізімі есте қаларлық. Сайділ Талжановтың ақын туралы мақаласынан алған осы тізімді келтірейін:

Сілеусін, ілбіс, аю, бұғы, бұлан, қасқыр, серек, қарақұлақ, шибөрі, қарсақ, сусар, бұлғын, жанат, таутеке, арқар, құлжа, қарақұйрық, марал, тазқара, балтажұтар, ақбас, құмай, жұртша, саржақ, су бүркіті, лашын, тұйғын, тұнжар, тынар, мықи, ителгі, бөрі, қырғи, құр, тұрымтай, бидайық, бүркіт, тығанақ, үкі, ақсары, құладың, қара, боз, суық, бұқпа, сіпті, шапшақай, майлық, маубас бұ??, шөже, тоқылдақ, сұр құркылтай, бұлбұл, шымшық...

Осы атаулардың барлығының мағынасы ұқсас нұсқасын табуға менің шамам келмейді. Оны танымал немесе қолым жеткен сөздіктерден таба алмайтынымды білемін. Құдай берген Жетісудан осы тізімде келтірілген кейбір құстар мен аңдарды кездестірмеуіміз әбден мүмкін, ал кейбірі, бәлкім «Қызыл кітапқа» енген де шығар. Ал сөздер қалды, олар қазақ лексикасының ауқымдылығын көрсетеді.

Что делать... приходится как-то выкручиваться. Не выкинешь же благородного верблюда из контекста азийской реальности...

Заключая разговор о казахских словах, относящихся к животному миру, приведу для убедительности еще несколько слов из этого разряда: ісек — холощенный баран (двухгодовалый); шыбыш — годовалая коза; бұзау — теленок; орда баспақ — годовалый теленок-сосун; құнан өгіз — бычок по третьему году; дөнежін — самка-трехлетка; тайынша — годовалый бычок; бағлан — ягненок раннего расплода; құнан атан — верблюдо-мерин по третьему году; тайлақ — годовалый верблюжонок.

Примечателен список слов, обозначающий мир зверей и птиц одного лишь Семиреченского региона и упоминаемых в поэзии Ильяса Джансугурова. Приведу этот список из статьи Сайдила Талжанова о поэте:

Сілеусін, ілбіс, аю, бұғы, бұлан, қасқыр, серек, қарақұлақ, шибөрі, қарсақ, сусар, бұлғын, жанат, таутеке, арқар, құлжа, қарақұйрық, марал, тазқара, балтажұтар, ақбас, құмай, жұртша, саржақ, су бүркіті, лашын, тұйғын, тұнжар, тынар, мықи, ителгі, бөрі, қырғи, құр, тұрымтай, бидайық, бүркіт, тығанақ, үкі, ақсары, құладың, қара, боз, суық, бұқпа, сіпті, шапшақай, майлық, маубас бұ??, шөже, тоқылдақ, сұр құркылтай, бұлбұл, шымшық...

Далеко не всем этим наименованиям я в состоянии подобрать русский адекват. Знаю, что не найду его и в известных или доступных мне словарях. Вполне возможно, что некоторых птиц и зверей из этого списка уже и не встретишь в благословенном Жетысу, а иные, вероятно, числятся в «Красной книге». А слова остались, и свидетельствуют они об океане казахской лексики.



## VIII

Сөз сөзден туады,  
сөйлемесе қайдан туады?  
*Қазақ мақалы*

Қазақ сөздік қорының байлығының ауқымды қабаты – белсенді қолданыстан шыққан архаизм сөздер. Өмір өтпелі, заман өзгереді, сөз де – адам тәрізді: туады, ескіреді, қалжырайды, ұмытылады, өледі. Кейінгі ұрпаққа көнерген ұғым-сөздердің керегі болмайды. Басқа заман – басқа ән – өзге қылық – басқа қажеттіліктер – жаңа тұрмыс. Барлығы табиғи. Бұл барлық әлем тілдеріне тән қасиет. Кей-кезде қай сөздің басымырақ – белсенді немесе пассив, тірі немесе өлі сөз екенін анықтау қиын.

Бұл құбылыстан қазақ тілі де тыс қалған жоқ. Қазақ тілінде көнерген сөз ұшан-теңіз. Алысқа шабудың қажеті жоқ, жалпытүркі кезеңде тек ауыз әдебиеті, батырлар дастаны, діни қиссалар, махаббат-романтикалық поэмалар, тарихи әңгімелер, Бұхар жырау, Дулат, Махамбет, Шернияз. Шортанбай, Сүйінбай және тағы көптеген Абайдың ізашарлары, тіпті Абайдың өзінің туындыларынан іздеу қажет; М. Әуезов, І. Есенберлин, Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, Д. Досжанов, Қ. Жұмаділовтердің, ХХ ғасырдың атақты жазушылары Ж. Аймауытов, Б. Майлин, І. Жансүгіровтердің тарихи романдарын оқыған жөн, сонда ғана көнерген сөздер қатарына ақырын ауысқан қазақ сөздік қорының асқан байлығына көзіңіз жетеді.

Жоғарыда аталып кеткен туындыларды оқып, ал кейбірін аударып жүріп, мен өзім үшін қойын дәптерлерге, жұмыс дәптерлерге, бөлек-бөлек шашырап жатқан жапырақ беттеріне, үзінді және ескертпе кітап жиектеріне жазбалар жасайтынмын, олардың біріктіріп жинауға мүлде қол тимейді – әйтпесе көнерген, сирек қолданылатын қазақ сөздерінің сөздігі шығар еді.

## VIII

Слово рождает слово:  
если молчать, откуда ему  
взяться?  
*Казахская пословица*

Огромный пласт казахского лексического богатства — архаизмы, слова, вышедшие из активного употребления. Жизнь течет, времена меняются, и слова — как люди: рождаются, стареют, дряхлеют, забываются, умирают. Последующим поколениям обветшалые слова-понятия уже не нужны. Другая эпоха — другие песни - иные нравы — другие потребности — новый быт. Все естественно. И это характерно для всех языков мира. И порою трудно определить, каких слов больше — активных или пассивных, живых или мертвых.

Казахский язык в этом смысле не исключение. Архаических слов в нем — море. И не надо углубляться в далекие века, в общетюркские времена, достаточно вникнуть в фольклор, в батырские листаны, в религиозные киссы, в любовно-романтические поэмы, в исторические сказы, в творения Бухара-жырау, Дулата, Махамбета, Шернияза, Шортанбая, Суюнбая и многих-многих других предшественников Абая, да и самого Абая; стоит прочесть исторические романы М. Ауэзова, И. Есен-берлина, А. Кекилбаева, М. Мағауина, Д. Досжанова, К. Жумадилова, выдающихся писателей начала ХХ века Ж. Аймаутова, Б. Майлина, И. Джансугурова, и вы убедитесь в неохватном богатстве казахской лексики, незаметно перекочевавшей в разряд архаизмов.

Читая вышеназванные произведения, а некоторых — переводя на русский язык, я делал для себя в блокнотах, в рабочих тетрадях, на разрозненных клочках бумаги, на полях книг выписки и примечания, которые просто недосуг собрать воедино — получился бы словарь устаревших, редко употребляемых казахских слов.

Басқаларда осындай тәжірибе немесе тым құрығанда талпыныс бар ма, оны білмеймін, бірақ ондай сөздіктің қай жағынан алсаң да ойға қонымды боларына сенімдімін. Негізінен архаизмедер – кез-келген ұлттық мәдениеттің игілігі, оның өткені, берік іргетасы. Оларды керексіз болғандықтан сызып тастау – ақымақтық және қорлық.

Мазаңызды алып, жалықтырып алуым мүмкін, бірақ бірнеше нақты мысалдарды келтірмей кете алмаймын.

Бұхар жырау (1693-1787) шығармаларынан алынған архаизм сөздер: пұсырман (мұсылман), маһи (текті ру), мамыр (төзім, саналылық), көрпелдес (сөзуар-мылжың), морты? (пішінсіз, шақ емес, кішкентай), кәләм (тағдыр сөзі), һоммәт (енжар, жүдеу, аянышты), шөншіт (насыбай салатын былғары қалташа, дорба), талыс (бұқаның терісінен жасалатын), арсы мен құра (мұсылмандардың наным-сенімі бойынша аспан жеті қабаттан тұрады; екі жоғары қабат, онда қатқан адамның о дүниедегі тағдыры шешіледі, соны арсы мен күрсі деп атайды), шадияр (Мұхаммед пайғамбардың төрт көмекшісі), кебе (кабаба) – Жаратушының тұрағы.

Дулатта (1802 -1887) кездесетін архаизмдер: ғақыл (парасат, сана, қазіргі формасы: ақыл), газиз (өкіну мағынасында – қайран), ғафыл (елеусіз, көзге түспейтін), ғаділ (турашыл, қазір – әділ), ғадет (дағды, қазір – әдет), қиямет (о дүниенің басы), жолан (келімсек, шеттен келген жігіт), ғайып ирен қырық шілтен немесе Баба түкті шашты әзиз – мифтік рухани адам, жарылқаушылар, жақтаушы-қорғаушылар.

Абай шығармаларындағы қазіра қолданылмайтын сөздер (1845 – 1904): нәпіл (күн батқаннан кейін дұға ету); бергек (әйел бас киімі, жаулықтың жамылғысы); паруардигер (Құдай, Жаратушы); жықа – (бір нұсқа бойынша желке, екінші – батырлар дулығасының төбесі); бадалық (мақтаншақтық); сұхбат (бүкпесіз әңгіме); өлекшін (иттің немесе жыртқыш аңның ұрғашысы); ғиззат (құрмет, назар-көңіл);

Мне неизвестно, есть ли такой опыт или хотя бы попытка, но убежден: такой словарь был бы весьма целесообразен во всех отношениях. Ведь архаизмы — достояние любой национальной культуры, ее прошлое, ее прочный фундамент. Отметать эти слова за ненужностью — просто неразумно, кощунственно.

Рискую быть назойливым и скучным, однако не могу удержаться от нескольких конкретных примеров.

Архаизмы из сочинений Бухара жырау (1693-1787): пұсырман (мусульманин), маһи (родовитая знать), мамыр (терпение, благоразумие), көрпелдес (краснобай-трепач), морты? (невзрачный, недомерок, малый), кәләм (слово судьбы), һоммәт (вялый, квелый, жалкий), шөншіт (кожаный мешочек для насыбая, кисет), талыс (из бычьей кожи), арсы мен құра (по мусульманскому поверью, небесная сфера состоит из семи слоев; два высших слоя, где решается потусторонняя жизнь усопшего, называются арсы мен күрсі), шадияр (четыре помощника-заместителя пророка Мухаммеда), кебе (кабаба) — обитель Творца.

Архаизмы, встречающиеся у Дулата (1802 -1887): ғақыл (ум, разум, нынешняя форма: ақыл), газиз (в смысле сожаления — қайран), ғафыл (неприметный, незаметный), ғаділ (справедливый, ныне — әділ), ғадет (привычка, ныне — әдет), қиямет (начало потусторонней жизни), жолан (джигит-пришелец, инородец), ғайып ирен қырық шілтен или Баба түкті шашты әзиз — мифические духовники-благодетели, заступники-защитники.

Неупотребляемые ныне слова в творчестве Абая (1845 — 1904): нәпіл (молитва после захода солнца); бергек (покрывало жаулықа женского головного убора); паруардигер (Бог, Создатель); жықа — (по одной версии подзатыльник, по другой — навершие богатырского шлема); бадалық (хвостовство); сұхбат (задушевная беседа); өлекшін (самка собаки или хищного зверя); ғиззат (уважение, внимание);



райыс (лэззат, рақат); мәліш (майда); нәфрәтлі (үлгілі); серменде (қаңғыбас); қатпа (уағыз; шардақ (бишара); бәһра (пайда, үлгі, үлес), бәңгі (ақымақ, саңырау) және т.б., сонымен қатар араб, парсы тілдерінен ауысқан сөздер, діни және пәлсапалық терминдер, ал оларды білмей, Абайды ұғыну мүмкін емес.

Жүсіпбек Аймауытов прозасынан бірнеше сөздер, мен олардың кейбірін көптеген қазақ тілі білгірінен сұрасам да, түсіне алмай қойдым: шығу, маңқа, мандам, бұқылама (контекстен жануарлардың ауру атаулары екені көрініп тұр); шауқар, бөдес, дүкірт, құнтияңқы, сұқым, салдаман, тәсібі, нырай, лике, жом, бейуаз, саңқал, ергенек, шайырқал, березе, мауқіл, мәзқар, шажа, мыршым, мүдуар, дәнекүс, мырсын, шүлеңгер т.б.

Негізінде, Ж.Аймауытовтың тілі ғаламат бай, бейнелі, айқын, әдемі, көркем. Қайран қаласың! М. Горький Лесков туралы айтқан болуы керек: «Тілдің қыр-сырын біледі». Осыны Аймауытовқа да қатысты айтуға болады. Мен оқыған барлық қазақ прозашалары арасынан ана тілін шебер меңгерген Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов пен Ілияс Жансүгіровтер. Теңдесі жоқ!

Марқұм журналист әрі жазушы Балғабек Қыдырбекұлы да көне қазақ сөздеріне қатты әуес болатын. Ол маған Шоқан ескерткішінің қасында серуендеп жүрген кезімізде байырғы қазақ сөздерінің легін айтып берді, және оларды менің естімегеніме сондай қуанған.

Ол түсіндірді: пәйкел – маралдың төлі; нұғара – терімен қапталған аң аулау барысында қолданылатын барабан; шүлеңгер – темірші, ұста; күрік – жылқыны тексеріп-қарау үшін кіргізетін шеңбер; мұрақ – биік, әшекеймен безендірілген қазақ ақсүйектерінің бас киімі.

Түрлі ақпарат көздерінен барыстың ұрғашы - таутан, кішкентай борсықтың – алан, мысық баласының – мәулен, ұрғашы қасқырдың көне атауы – қартқа екенін білдім.

райыс (наслаждение, услада); мәліш (мелочь); нәфрәтлі (примерный); серменде (гуляка); қатпа (проповедь); шардақ (беспомощный); бәһра (польза, пример, вклад), бәңгі (тупой, глухой) и т.д., а также множество арабизмов, фарсизмов, религиозных и философских терминов, не зная которых, Абая постичь невозможно.

Несколько слов из прозы Жусупбека Аймаутова, значение которых я так и не уяснил, хотя и обращался ко многим знатокам казахского языка: шығу, маңқа, мандам, бұқылама (по контексту, видно, болезни животных); шауқар, бөдес, дүкірт, құнтияңқы, сұқым, салдаман, тәсібі, нырай, лике, жом, бейуаз, саңқал, ергенек, шайырқал, березе, мауқіл, мәзқар, шажа, мыршым, мүдуар, дәнекүс, мырсын, шүлеңгер и др.

Вообще, язык Ж.Аймаутова поразительно богат, сочен, яростен, живописен, образен. Просто диву даешься! Кажется, М. Горький говорил о Лескове: «Язык знает до фокусов». То же можно сказать и об Аймауове. Из всех казахских прозаиков, которых мне довелось читать, виртуозно владели родным языком Мухтар Ауэзов, Жусупбек Аймаутов и Ильяс Джансугуров. Бесподобно!

К древним казахским словам питал неизбывную тягу покойный журналист и писатель Балғабек Қыдырбекулы. Во время прогулок возле памятника Чокану он обрушивал на меня старинные казахские слова, испытывая тайную радость оттого, что мне они неведомы.

Он мне втолковывал: пәйкел ~ детеныш марала; нұғара — вид охотничьего барабана, обтянутого кожей; шүлеңгер — кузнец, железных дел мастер; күрік — круг, в который вводят лошадь для осмотра; мұрақ — высокий расшитый головной убор казахской знати.

Из разных источников я также узнал, что самка барса называется таутан, барсенок — алан, котенок — мәулен, а древнее название волчицы — қартқа.

Қысқасы, қазақ тілі архаизмдерге, этнографизмдерге бай. Олардың қолдану аясы жылдан-жылға белсенді, екпінді тарылып бара жатыр. Уақыт өте келе, мыңдаған-мыңдаған сөздер қолдану аясынан шығып жатады. Кейде тіпті уақытынан бұрын. Бұл құндылықтарды сақтаушылардың саны барған сайын азайып жатыр. Өзімнен білемін: ермек-ойындарымызда біз, ауыл балалары қолданған көптеген сөздерді, ауыл тұрмыс-тіршілігіне қатысты атаулар – ыдыс-аяқтар, әбзелдер, қолданған жасалған бұйымдар, күнделікті дағдылы лексика – менің қатарымның қазір есінде де жоқ. Сөздіктерде, әдебиеттерде олардың барлығы келтірілмеген. Осындай кейбір сөздерді оқырман Олжабай Ұзақбайұлы «Ана тіліне» жариялаған:

Астақта – қамыр жайып, ас дайындауға арналған аласа үстелше;  
Сыпыра – қалған ұн мен ашытқы сақтауға арналған ыдыс;  
Қамырбұрыш – ашытқының түрлерінің бірі;  
Рапида – қызған тандырда тандыр нан пісіретін кезде қолданылатын арнайы қолғаптар;  
Шөрек – нан өнімінің түрі;  
Ақсыл – ақуыз;  
Кәуір – тандыр пешінің отты лебі.

Мұның бәрі қызық, танымды әрі пайдалы. Басқаларына қалай екенін қайдам, бірақ қазақ архаизмдері мені толқытып, санам мен жадымда төңкеріс жасайды. Оқырмандарыммен көп мысалдармен бөлісер едім, алайда шектен шықпай, дер кезінде тоқтай білген де жөн.

Көптеген арнайы термин сөздер де халық жадынан өшкен. Ө. Жәнібековтың «Жаңғырығынан» цитата келтіре кетейін:

«Қазіргі уақытта, қанша парадоксалды болса да, би фольклорының тек жекелеген білгірлері ғана қазақ биіне тән және оның негізін қалайтын «саяқ жүріс» (осторожный ход), «сыпайы жүріс» (изящный ход), «қымтыма» (пластика рук), «шынжара» (бегущие волны),

Словом, архаизмами, этнографизмами казахский язык исключительно богат. И их круг употребления из года в год все активнее, все стремительнее сужается. Из-за ненужности тысячи и тысячи слов со временем выпадают из сферы употребления. Иногда раньше времени. Все меньше и меньше становится хранителей этих сокровищ. По себе знаю: многие слова, которыми мы, аульные сорванцы, пользовались в наших играх-затях, многие названия аульного быта — утвари, сбруи, ручных поделок, обиходной лексики — мои сверстники ныне и не упомнят. Далеко не все зафиксированы в словарях, в литературе. Несколько подобных слов привел как-то в «Ана тілі» читатель Олжабай Узакбайұлы:

Астақта — низкий столик, на котором раскатывают тесто, готовят пищу;  
Сыпыра — посуда, в которой хранят остаток муки и дрожжи;  
Қамырбұрыш — один из видов дрожжей;  
Рапида — специальные рукавицы, употребляемые при выпечке лепешек в раскаленном тандыре;  
Шөрек — один из видов хлебного изделия;  
Ақсыл — белок;  
Кәуір — огненное дыхание раскаленной тандырной печи.

Все это и любопытно, и познавательно, и полезно. Не знаю, кому как, а меня лично казахские архаизмы волнуют, будоражат сознание и память. Хотелось бы поделиться с читателем большим количеством примеров, но надо ведь знать меру и вовремя остановиться.

Стерлись в народной памяти и много специальных слов-терминов. Приведу одну цитату из «Эха» У. Джанибекова:

«В наши дни, как это ни парадоксально, только отдельные знатоки танцевального фольклора могут назвать и показать такие характерные движения и жесты казахского танца, составляющие его основу, как «саяқ жүріс» (осторожный ход), «сыпайы жүріс» (изящный ход), «қымтыма» (пластика рук), «шынжара» (бегущие волны),

«өкше алмасу» (ход с поворотом), «малдас» (приседание), «айналмалы-ауыспалы» (переменный ход с вращением), «өкшеллеу» (ход с каблука), «сүйретпе» (скольжение), «сырма» (поземка), «дүлей» (вьюжные закручивания), «зырылдауық» (вихрь), «бұрқасын» (полет метели), «оралу» (наматывание), «ширатпа» (сучение), «бұраңбел» (гибкость талии) және тағы басқа сияқты қимылдар мен ым-шараларды атап көрсете алады.» (269-шы бет).

«өкше алмасу» (ход с поворотом), «малдас» (приседание), «айналмалы-ауыспалы» (переменный ход с вращением), «өкшеллеу» (ход с каблука), «сүйретпе» (скольжение), «сырма» (поземка), «дүлей» (вьюжные закручивания), «зырылдауық» (вихрь), «бұрқасын» (полет метели), «оралу» (наматывание), «ширатпа» (сучение), «бұраңбел» (гибкость талии) и др.» (стр. 269).



Оқырманның назарын қазақ тілінің тағы бір ерекшелігіне назар аударғым келеді: бұл қос сөздердің – қосарланған, дуплет сөздердің молдығы мен мәнерлілігі. Оларсыз бірде-бір ауызекі, жазбаша тіл болмайды. Және олар тілге ерекше шарм (сүйкімділік) береді: әрлейді, жалпылайды, толықтырады, негізгі мағынасын аша түседі.

Оларды орыс тіліне мағыналас аудару барлығының дерлік қолынан келе бермес. Оған қоса, екінші, толықтырғыш қосарланған сөз элементтерінің нақты мағынасы болмайды (немесе жоғалтқан), жеке толыққанды қолданылмайды, бірақ негізгі мағынаға жалпылама, кеңейтілген мән береді: өте-мөте – очень-очень; дос-жаран – шамамен: друзья-товарищи; бала-шаға – детки-домочадцы; ілік-шілік – шамамен: дела-делишки. Немесе еліктеуіш қос сөздер: сарт-сұрт, тарс-тұрс, быт-шыт, дүрс-дүрс, күрс-күрс, арс-арс және тағы солай.

Қазақ қос сөздерінің түрлерінің көптігі сонша, оларды бөлек зерттеген дұрыс деп есептеймін. Автордың тілі қаншалықты бай болса, ол соншалықты көп әрі жиі қос сөз қолданады. Қос сөздер көмегімен ең қиын деген пәлсапалық, абстрактілі ұғымдар мен түрлі психологиялық ерекшеліктерді көрсетуге болады.

Кез-келген әңгімеде, кез-келген мақалада, ең қарапайым күнделікті тілдің өзінде қос сөзсіз сөйлейтіндер кемде-кем. Олар қазақ тілінің табиғатын сипаттайды. Міне, мысалы, мен «Қазақ әдебиетінің (№ 10/2001) жаңа нөмірін қолыма алып, Тұрсынжан Шамайдың «Әкімді қалай құттықтадым» деген өткір мақаласын көзім шалып қалды. Бұл көлемі жағынан шағын памфлеттен 62 қос сөз көрдім: әрі-бері, жылт-жылт, жуып-шайып, ұзын-сонар, үйме-жүйме, кәкір-шүкір, қадір-қасиет, ұсақ-түйек, бет-пішін, ішкен-жеген және тағы басқа. Ал Аманхан Әлімнің «Тағы да сол батысшылдық турасында» мақаласында («КЭ», 16.03.01) 77 қос сөз келтірілген.

Хочу обратить внимание читателя еще на одну особенность казахского языка: это обилие и выразительность так называемых қос сөз — двойных, парных слов, слов-дуплетов. Без них не обходится ни устная, ни письменная речь. И придают они речи особенный шарм: украшают, обобщают, дополняют, оттеняют основной смысл.

Переводить их адекватно на русский язык далеко не всегда удается. При этом второй, дополнительный, элемент слов-дуплетов часто не имеет конкретного значения (или потерял его), он не самостоятелен, но придает основному смыслу обобщающий, расширяющий смысл, ?те-м?те — очень-очень; дос-жаран — примерно: друзья-товарищи; бала-шаға — детки-домочадцы; ілік-шілік — примерно: дела-делишки. Или звукоподражательные қос-сөз: сарт-сұрт, тарс-тұрс, быт-шыт, дүрс-дүрс, күрс-күрс, арс-арс т.п.

Разновидностей казахских қос сөз столько, что им следует, пожалуй, посвятить отдельное исследование. Чем богаче язык у художника, тем больше и чаще встречаются у него қос сөз. С помощью слов-дуплетов можно выразить самые сложные философские, абстрактные понятия и разные психологические нюансы.

В любом рассказе, в любой статье, в самой заурядной обыденной речи редко кто обходится без қос сөз. Они характеризуют природу казахского языка. Вот, к примеру, я сейчас взял в руки свежий номер «Қазақ әдебиеті (№ 10/2001) и наткнулся на памфлет Тұрсынжана Шамая «Как я поздравил акима». В этом небольшом по объему памфлете я насчитал 62 қос сөз: әрі-бері, жылт-жылт, жуып-шайып, ұзын-сонар, үйме-жүйме, кәкір-шүкір, қадір-қасиет, ұсақ-түйек, бет-пішін, ішкен-жеген и т.д. Или вот в статье Аманхана Алима «Еще раз о том же западничестве» («КЭ», 16.03.01): 77 қос сөз.

Орыс тілінде анағұрлым сирек, аз болғанмен, осындай сөз тіркестер, әсіресе ертегілерде, аңыздарда, тұрмыстық тілде кездеседі. Мұны жазушылар да қолданады. Мені А.Плетневтің «Шахта» романында осындай сөздердің көп кездесуі қайран қалдырады: знай-ведай, думай-соображай, размазня-тесто, чувство-знание, цепи-скрепки, тварь-крыса, дурак-дурачина, едва-едва, желоб-рештак, доска-семерка, жива-здорова және тағы солай.

Демек, қос сөз – тек түркі тілдеріне тән артықшылық емес. Әйтсе де, орыс қос сөздерінің мағыналық бояуы, алуантүрлілігі, эмоционалдық мәнерлілігі бойынша қазақ қос сөздерімен салыстыруға мүлде келмейді.

\* \* \*

Менің осы «Жазбалар» аясында қазақ поэтикалық тілі мен поэтикалық пішіндерінің ерекшеліктері туралы толық айтып бере алмайтыным айдан анық. Ол мені арнайы, салалық кәсіби шытырманға алып кетіп, оқырманның одан шығуы қиын болар еді.

Бірақ қазақ өлең құрауының бір қасиетіне, атап айтқанда, ұйқас байлығына баса назар аударғым келеді. Ұйқастың көп пішінділігі мен үнділігі жағынан қазақ тілі орыс, батысеуропалық және көптеген басқа азиялық тілдерден асып түседі.

Мәселе мынада – орыс және қазақ тілдеріндегі ұйқастардың табиғаты, олардың сапасы мен мазмұны әртүрлі. Және ол түсінікті: өлең құрылысының буындық және тоникалық құрылымы олардың ұйқастарының айырмашылығымен анықталады. Қазаққа орыстың бір екпінді буын ұйқасы жұтаң, кедей, қарапайым көрінеді.

Қазақ бір емес, ең кем дегенде екі, үшеу болса – әлдеқайда жақсырақ, төрт және одан да көп буынды үндес, толыққанды ұйқасты жақсы көреді. Абайдағыдай: «ән бе екен» – «сән бе екен». Маяковскийдегідей: «носки подарены» – «наскипидаренный».

В русском языке хоть и значительно реже, меньше, но подобные словообразования также встречаются, особенно в сказках, былинах, просторечии. К ним прибегают и писатели. Меня поразило обилие таких слов в романе «Шахта» А. Плетнева: знай-ведай, думай-соображай, размазня-тесто, чувство-знание, цепи-скрепки, тварь-крыса, дурак-дурачина, едва-едва, желоб-рештак, доска-семерка, жива-здорова и т.д.

Так что, қос сөз — отнюдь не привилегия тюркских языков. И все же русские парные слова, слова-дуплеты по смысловой окраске, по разнообразию, по эмоциональной выразительности не идут ни в какое сравнение с казахскими қос сөз.

\* \* \*

Понятно, что в рамках «Записок» я лишен возможности обстоятельно говорить о своеобразиях казахского поэтического языка и поэтических форм. Это увело бы меня в такие специфические, узко профессиональные дебри, из которых читателю было бы мудрено выбраться.

Но на одно свойство казахского стихосложения все же обращу внимание, а именно на богатство рифмы. По многоликости и звучности рифмы казахский язык дает ощутимую фору и русскому, и западноевропейским, и многим другим азиатским языкам.

Дело в том, что природа рифм, их качество и содержание в русском и казахском языках совершенно различная. Это и понятно: разность рифм predetermined силлабической и тонической структурами стихосложения. Русская рифма в один ударный слог для казаха звучит скудно, бедно, примитивно.

Казах любит рифму звучную, полнокровную, где созвучны не один слог, а минимум два, а лучше — три, четыре и более слогов. Как у Абая: «ән бе екен» — «сән бе екен». Как у Маяковского: «носки подарены» — «наскипидаренный».

Есіме түскен ұштағандағыдай: «Не вы, но Сима, страдала невыносимо, рекой Невы носима». Міне осындай ұйқас қазақша ұйқасқа ұқсас естіледі. Қазақ міне осындай, әр жолдарда кішкентай қоңыраулар іспетті үндесетін буындары бар сөздер ауысымын жақсы көреді. Жаратушы қазақ тілін ұйқасқа бай етіп берген. Бұл расында да поэтикалық тіл.

Орыс тілі ұйқасқа анағұрлым сараң, бұған өз дәуірінде Пушкинде қынжылып, жалықтырып жіберген ұйқастар туралы мысқылдап айтқан: «любовь – кровь – вновь», «младость – радость», немесе, мен неміс тіліндегілерді қосамын»: «Herz-Schmerz», «Nur-Natur», «Sonne-Wonne». Қазақ поэзиясының ұйқас жағынан бағы жанған.

Бұл орайда Ілияс Жансүгіровті еске алған абзал. Оны оқып отырып оның қазақ ғасырлар бойы жалғасып келген ауыз әдебиетімен сусындап, бойына дастандар рухын, көшпенділер поэтикасын сіңіргенін және қазақ өлең құрылысының сингармониялық қатарынан ұйқас табуда алдына жан салмайтынын сезінесің. Олар өлеңдетіп ойлайды, олардан ұйқастар сарқырамадай төгіліп жатады, делебесі қозбау үшін өзін талай ауыздықтаған болуы керек деп ойлаймын. Бұл көптеген танымал қазақ ақындарына қатысты.

Ілияс Жансүгіровтің «Күйші» поэмасында неткен ұйқас, неткен сөз ойыны мен үндестігін көруге болады:

«жүгірмейді – күй білмейді – мәуілдейді»;  
«дүрілдетіп – дірілдетіп – жір-жүрлетіп»;  
«бипындады – құйтындады – сылқылдады»;  
«сарқ-бұрқ етті – жарқ-жұрқ етті – сарт-сұрт етті»;  
«былқылдаған - ыңқылдаған -сылқылдаған»,  
яғни, ылғи төрт буын ұйқасады. Бұл негізінен қазақ тіліне тән. Бес-алты буын, тіпті дәстүрлі он бір буынды өлеңнің әр жолы ұйқасатын мысалдарды табуға болады («Жолбарыс терісін жамылған батыр» Х. Абдуллин немесе «Түркістан» Ж. Әбдірашев аудармасында).

Как в известном трехстишии, пришедшем мне сейчас на память: «Не вы, но Сима, страдала невыносимо, рекой Невы носима». Вот подобная составная рифма звучит совершенно по-казахски. Вот такую игру слов, где слоги в строчках перекликаются, как бубенцы, казах обожает. И Создатель щедро одарил казахский язык рифмами. Это поистине поэтический язык.

Русский язык на рифмы значительно бедней, на что сетовал в свое время еще Пушкин, высмеивая набившие оскомину рифмы типа: «любовь — кровь — вновь», «младость — радость», или, добавлю я, немецких»: «Herz-Schmerz», «Nur-Natur», «Sonne-Wonne». Казахская поэзия по части рифм — счастливица.

Уместно здесь вспомнить Ильяса Джансугурова. Читая его, чувствуешь: он вскормлен, вспоен казахским вековым фольклором, насыщен дастным духом, поэтикой номадов, и находить рифму в сингармонической стихии казахского стихосложения ему не представляло никакого труда. Он мыслил стихами, рифмы водопадом исторгались из него, и ему — так кажется — приходилось даже обуздывать себя, чтобы не впасть в шешенский (ораторский, риторский) раж. Впрочем, это можно сказать о многих выдающихся казахских поэтах.

Какие рифмы, какую игру слов и созвучий можно встретить в поэме «Күйші» Ильяса Джансугурова:

«жүгірмейді — күй білмейді — мәуілдейді»;  
«дүрілдетіп — дірілдетіп — жір-жүрлетіп»;  
«бипындады — құйтындады — сылқылдады»;  
«сарқ-бұрқ етті — жарқ-жұрқ етті — сарт-сұрт етті»;  
«былқылдаған - ыңқылдаған -сылқылдаған»,  
т.е. сплошь и рядом рифмуются по четыре слога. И это вообще характерно для казахской поэзии. Можно найти примеры, где рифмуются по пять-шесть слогов, а то и все строчки традиционного одиннадцатисложника («Витязь в тигровой шкуре» в переводе Х. Абдуллина или поэма «Туркестан» Ж. Абдрашева).

Қазақ тілінің табиғаты жайында сөз қозғаған кезде, ұлттық поэтиканың осы бір бірегей қасиетін тілге тиек етпей кету мүмкін емес.

Говоря о природе казахского языка, невозможно пройти мимо этого уникального свойства национальной поэтики.



## ІХ

Жүздің көркі - көз, ауыз  
көркі - сөз.

*Қазақ мақалы*

Әр халықтың өз менталитеті – ерекше ойлау қабілеті, дүниені сезінуі, дүниені түсінуі болады. Еуропалық түсінктегі нақтылық, анықтылық қазақтарға тән емес. Қазақ астарлы, ауыспалы, тұспалдап, ашық бояулы, мәнерлі тілді артық көреді. Ол ғарыштық дәрежеде ойлайды.

Ол ұсақ-түйек өмір жағдайларын, болмашы нәрселерді, қарбалас дүниені жек көреді. Оның қолы ашық, бүгінін бағалап, ата тегін қадір тұтады, салт-дәстүрлерін құметтейді. «Балашағаң қанша?» деген сұраққа нақты «екі, үш» деп сирек жауап береді:

Ол: «Е, Аллаға шүкір, бес-алтауы жүгіріп жүр» деп жауап береді. «Келесі ауылға дейін қанша километр?» деп сұрасаң, желкесін қасып, «Е, сенің километрінді кім санады дейсің? Құдайдың жерін кім өлшейді?» деп, «*иек астында*», яғни «под подбородком» деп жауап береді. Немесе: «Қойды екі айдағанша». Немесе: «Ат шаптырым». Немесе: «Сүт пісірім уақытта». Немесе: «Ет пісірім уақытта... бие сауым... түйе сауым...» Егер өте жақын жерде болса, «айқай жетер жер», «таяқ лақтырым жерде», «арқан тартар жерде». Және тіпті «*сідік шаптырым жерде*» деп жауап береді. Алыс болса, «екі-үш түнем», немесе «екі-үш күндік жол». Жасын сұраса, тағы да нақты жауап бермейді.

## ІХ

Глаза украшают лицо,  
слово украшает уста.

*Казахская пословица*

У каждого народа своя ментальность — своеобразный склад ума, свое мироощущение, миропонимание. Казаху, например, не свойственны точность, четкость в европейском понимании. Он предпочитает речи иносказательные, метафорические, с намеками, с красочными образами, витиеватые. Душа у него широкая, вольная, как степь. Мыслит он космическими категориями.

Он с презрением относится к мелочам жизни, к мышинной возне, к муравьиной суете. Он щедр, дорожит днем сегодняшним, почитает предков, уважает традиции. На вопрос: «Сколько у тебя детей?» казах редко ответит точно: «двое, трое».

Он скажет: «Э, слава Аллаху, бегают тут пятеро-шестеро». Спросишь: «Сколько километров до следующего аула?», он ответит, почесав затылок: «Э, кто твои километры считал? Кто божью землю мерял?», и скажет: «Иек астында», то есть, «под подбородком». Или: «Два ягнячьих перегона». Или: «Один скок на стригунке». Или: «За время, пока вскипятишь молоко, доедешь». Или: «За время, пока сварешь мясо... пока подоишь кобылицу... верблюдицу...» Если уж совсем рядом, то «на расстоянии крика», «на расстоянии брошенной палки», «на длину аркана». И даже «на расстоянии струйки мочи» («*сідік шаптырым*»). Если далеко, то «на расстоянии двух-трех ночевок», или «двух-трех-дневного пути».



Ойланып барып, былай деп мағыналы жауап береді: «өмір асуынан астым», «жарты жолға жеттім», «даналықтың шыңына шықтым», «алпыстан астым», «Пайғамбар жасына жеттім», «жетпістің аулы алыс емес», «сексеннің сенгіріне шықтым», «жетпістің жетеуіне келдім», «тоқсанның тығырығына таядым» және т.б.

Қазақ үшін тура, төтесінен, кірме сөзсіз, әдепті сөздер қоспай, әдеттік формаларсыз сөйлеу әбес, жөнсіз. Турасын, төтесінен айтқан адамды бірден «орысқол», «орыс мінезді» деп атайды. Қазақ түсінігінде бұл мүлде артықшылық емес.

\*\*\*

«*Үйіріңмен үш тоғыз*» дейтін көне тұрақты сөз тіркесі бар. Тікелей аударса, «с косяком три девятки». Бұл тіркесті дұға-тілек, ақ бата ретінде айтады. Мағынасы: «Да постигнет тебя крупная удача!» (Үлкен табысқа кенел!), «Возвращайся с отменной добычей!» (Олжалы қайт!). Бұл нақыл сөз кездескен сайын, мен оны орысшаға аударуға қиналатынымын, себебі оның түпкі мағынасы, бастапқы мәні түсініксіз болатын. Қайдағы үйір? Тоғыз қайдан шықты? Неге үш?

Түсініктемесін, ақырында, Ақселеу Сейдімбековтың этюдiнен таптым.

Бұл нақыл сөздің түп-тамыры көне замандарда шыққан екен, ғұн дәуірі мен көшпелі тайпалардың мал шаруашылығымен байланысты. Бұрындары еркек төрт түлік мал - жылқы, бұқа, бура және қошқар жақсы көбейіп, дұрыс сұрыпталу үшін оларда тоғыз ұрғашыдан болу керек деп есептеген. Еркек мал мен тоғыз ұрғашы бір «отбасы», бір *үйір* – один «косяк».

Спросишь возраст, тоже не всегда точно ответит. Скажет, подумав, со значением: «Одолел перевал жизни», «Полпути достиг», «Взобрался на вершину мудрости», «перевалил за шестой десяток», «добрался до возраста Пророка», «уж недалек аул семидесятилетия», «дополз до ледяного пика восьмидесятилетия», «сдьмой год сдьмого десятка», «до тупика девяностолетия рукой подать» и т.д.

Вообще для казаха говорить прямо, в лоб, без вводных фраз, без слов приличия, так называемых ритуальных фигур, однозначно предосудительно, бестактно. Тот, кто говорит напрямик, в лоб, «ляпает сходу» — человек «русского нрава», «русского характера». В понимании казаха это отнюдь не достоинство.

\*\*\*

Есть такое старинное казахское выражение, устойчивое словосочетание — «*үйіріңмен үш тоғыз*». Буквально это переводится как «С косяком три девятки». Фразу эту говорят, как благожелание, как доброе напутствие. По смыслу: «Да постигнет тебя крупная удача!», «Возвращайся с отменной добычей!». Каждый раз, когда встречалось мне это выражение, я затруднялся его передать по-русски, ибо неясно было его первоначальное значение, его потаенный смысл. Что за косяк? Откуда девятка? Почему три?

Объяснение, наконец, я нашел в этнографическом этюде Акселеу Сейдимбека.

Оказалось, это выражение уходит корнями в глубокую древность, едва ли не в гуннские времена и связано с животноводческой практикой кочевых племен. Издревле считалось, что самцам четырех видов домашних животных - жеребцу, быку, верблюду-буре и барану-кошкару — «полагается» для оптимального размножения и здоровой селекции по девять самок. Самец и девять самок составляют одну «семью», один «*үйір*», один «косяк».

Осыдан әр түрлі мақтау-марапаттардың өлшемі шыққан, яғни бір «үйірді» еркек түйе атан басқарды, немесе тоғыз сиыр мен бұқа, немесе тоғыз қой мен қошқар. Сонымен қатар, бұл бір шалыс іс үшін айыппұл өлшемі. Адам өмірі («құн») «тоғыз тоғыздыққа» дейін бағаланды, яғни тоғыз «үйір», «косяков» по девять (еркек малды қосқанда он) бас мал.

Бақ пен олжа формуласы – «үйіріңмен үш тоғыз» – с косяком три девятки осыны білдіреді.

---

▶ Мен аударма жасағанда, орыс нұсқасын таба алмаған А.Нұрпейісовтың «Соңғы парыз» романындағы танымал емес сөздер:  
аласат лаң, жұмбаздап, тағдыр кесігі, үзір көбейіп, жабдан біреудей, айбықадамданып, тұғыжым, мартудай, беренауыз, күпсер бойы, жетішкі әйел.  
Контекстіндегі мағына түсінікті, бірақ мен әзірше орыс тіліне дәл аудармасын таба алмадым.

\*\*\*

Қазақтарда жеті саны (басқа халықтардағыдай) киелі, сиқырлы санға жататыны белгілі. Этнограф әрі жазушы Сейіт Кенжеахметұлы бұл санды әріден әкеліп, осы санға қатысты этноэтикалық ұғымдарды нақтылайды. Міне оның мысалдары:

Жеті шәріп (Жеті киелі жер немесе бұйым)

- 1.Мекке
- 2.Медина
- 3.Бұхара
- 4.Шам
- 5.Қатым
- 6.Құддыс (Мысыр)
- 7.Кэләм (Құран)

Отсюда определялись и разные степени награды, поощрения, т.е. один «үйір» во главе с самцом-верблюдом, или девять коров с бугаем, или девять овец-маток с бараном-производителем. Это было одновременно и мериллом штрафа, наказания за какую-нибудь провинность. Плата за жизнь человека («құн») определялась до «девяти девяток», т.е. до девяти «үйір», «косяков» по девять (с самцом десять) голов скота.

Вот что означает формула удачи или добычи — «үйіріңмен үш тоғыз» — с косяком три девятки.

---

▶ Малоизвестные слова в романе А.Нурпейсова «Последний долг», которым я так и не нашел русского адекватата при переводе:  
аласат лаң, жұмбаздап, тағдыр кесігі, үзір көбейіп, жабдан біреудей, айбықадамданып, тұғыжым, мартудай, беренауыз, күпсер бойы, жетішкі әйел.  
Смысл в контексте мне понятен, но точного перевода этих слов на русский пока не нашел.

\*\*\*

Известно, что число семь у казахов (как и у многих других народов) относится к священному, магическому. Этнограф и писатель Сеит Кенжеахметұлы обыгрывает это число, конкретизируя разные этноэтические понятия, связанные с этим числом. Вот его примеры:

Жеті шәріп (Семь святых мест или предметов)

- 1.Мекке
- 2.Медина
- 3.Бұхара
- 4.Шам
- 5.Қатым
- 6.Құддыс (Мысыр)
- 7.Кэләм (Құран)

Жеті ру

1. Кердері
2. Тілеу
3. Жағалбайлы
4. Рамадан
5. Табын
6. Тама
7. Керейіт

Жеті қазына

1. Ер жігіт
2. Сұлу әйел
3. Ақыл, білім
4. Жүйрік ат
5. Қыран бүркіт
6. Берен мылтық
7. Жүйрік тазы

Жеті жұт

1. Құрғақшылық (Засуха)
2. Жұт (Бескормица, падеж скота)
3. Өрт (Пожар)
4. Оба (Холера)
5. Соғыс (война)
6. Топан су (Потоп, наводнение)
7. Зілзала (Землетрясение)

Жеті су

1. Іле
2. Қаратал
3. Ақсу
4. Көксу
5. Басқан
6. Лепсі
7. Сәрқант

Жеті ғалам:

1. Шығыс (Восток)
2. Батыс (Запад)
3. Оңтүстік (Юг)
4. Солтүстік (Север)
5. Аспан
6. Жер
7. Жерасты

Жеті ру (Семь родов Младшего жуза)

1. Кердері
2. Тілеу
3. Жағалбайлы
4. Рамадан
5. Табын
6. Тама
7. Керейіт

Жеті қазына (Семь благ, богатств)

1. Ер жігіт (Храбрый джигит)
2. Сұлу әйел (Красивая женщина)
3. Ақыл, білім (Ум, образование)
4. Жүйрік ат (Быстрая лошадь)
5. Қыран бүркіт (Сокол-беркут)
6. Берен мылтық (Охотничье ружье)
7. Жүйрік тазы (Гончий пес)

Жеті жұт (Семь бед)

1. Құрғақшылық (Засуха)
2. Жұт (Бескормица, падеж скота)
3. Өрт (Пожар)
4. Оба (Холера)
5. Соғыс (война)
6. Топан су (Потоп, наводнение)
7. Зілзала (Землетрясение)

Жеті су (Семь рек, Семиречье).

1. Іле
2. Қаратал
3. Ақсу
4. Көксу
5. Басқан
6. Лепсі
7. Сәрқант

Жеті ғалам (Семь частей Света):

1. Шығыс (Восток)
2. Батыс (Запад)
3. Оңтүстік (Юг)
4. Солтүстік (Север)
5. Аспан (Небесная — высшая — часть света)
6. Жер (Земля, срединная часть света)
7. Жерасты (Подземье, нижняя часть света)

Жеті жетім:

- 1.Тыңдамаған сөз
- 2.Қиюсыз без
- 3.Иесіз жер
- 4.Басшысы жоқ ел
- 5.Аққу-қазсыз көл
- 6.Жерінен айырылған ер
- 7.Замандасы қалмаған

Жеті тозақ

- 1.Жаһаннам
- 2.Иази (Ләзи)
- 3.Жахин
- 4.Хатма
- 5.Саир(сағир)
- 6.Сахр (сықыр)
- 7.Һауия (Хауиа)

Жеті қат жер

- 1.Тұңғиық
- 2.Жылан
- 3.Су
- 4.Қос балық
- 5.Қара тас
- 6.Көк өгіз
- 7.Жер

Жеті қат көк (Семь небесных тел)

- 1.Ай (луна)
- 2.Күн (солнце)
- 3.Шолпан (Сириус)
- 4.Есекқырған (Меркурий)
- 5.Қызылжұлдыз (Марс)
- 6.Сатурн
- 7.Мүштәри( Юпитер)

Жеті жетім (Семь сирот):

- 1.Тыңдамаған сөз (Невостребованное слово)
2. Қиюсыз без (Несшитые лоскуты бязи)
3. Иесіз жер (Обезлюдевшая земля)
4. Басшысы жоқ ел (Народ без предводителя)
5. Аққу-қазсыз көл (Озеро без пернатых)
- 6.Жерінен айырылған ер (Храбрый муж, лишенный родины)
- 7.Замандасы қалмаған (Старец, лишившийся сверстников)

Жеті тозақ (Семь кругов ада):

- 1.Жаһаннам
- 2.Иази (Ләзи)
- 3.Жахин
- 4.Хатма
- 5.Саир(сағир)
- 6.Сахр (сықыр)
- 7.Һауия (Хауиа)

Жеті қат жер (Семь сфер подземелья)

- 1.Тұңғиық (Пучина)
- 2.Жылан (Гадюшник)
- 3.Су (Вода)
- 4.Қос балық (Две чудища-рыбы)
- 5.Қара тас (Черный камень)
- 6.Көк өгіз (Сивый вол)
- 7.Жер (Земля, твердь)

Жеті қат көк (Семь небесных тел)

- 1.Ай (луна)
- 2.Күн (солнце)
- 3.Шолпан (Сириус)
- 4.Есекқырған (Меркурий)
- 5.Қызылжұлдыз (Марс)
- 6.Сатурн
- 7.Мүштәри( Юпитер)

Жеті күн

**А)**

**1.Дүйсенбі**

**2.Сейсенбі**

**3.Сәрсенбі**

**4.Бейсенбі**

**5.Жұма Сенбі**

**6.Сенбі**

**7.Жексенбі**

**Б)**

**1.Бүгін (сегодня)**

**2.Ертең (завтра)**

**3.Бүрсікүні (послезавтра)**

**4.Арғы күн (после послезавтра)**

**5.Ауыр күн (тяжкий день)**

**6.Соңғы күн (последний день)**

**7.Азына (скорбный день)**

Жеті күн (Семь дней недели):

**А)**

**1.Дүйсенбі (понедельник)**

**2. Сейсенбі (вторник)**

**3. Сәрсенбі (среда, день удачи, везения)**

**4. Бейсенбі (четверг)**

**5. Жұма (пятница, священный день)**

**6. Сенбі (суббота)**

**7.Жексенбі (воскресенье)**

**Б)**

**1.Бүгін (сегодня)**

**2.Ертең (завтра)**

**3.Бүрсікүні (послезавтра)**

**4.Арғы күн (после послезавтра)**

**5.Ауыр күн (тяжкий день)**

**6.Соңғы күн (последний день)**

**7.Азына (скорбный день)**

Бірнеше тарихи сөздер:

Абыз – молда, бітікші, хан, сұлтан, рубасыларының кеңесшісі; сауатты адам.

Азым – кең пішілген сыртқы киім.

Аталық – ақсүйек қазақтардың ағасы, хан балаларының тәрбиешісі.

Бек – би, князь, феодал иеленуші.

Көш – тұрақ, орнак.

Тархан – рақымы салықтан боса алатын күші бар атақ.

Төре – қожа, ақсүйек феодал, Шыңғыс тұқымы.

Ұлыс – иелік, енші жер.

Өңделген теріден жасалатын заттар: ішік, тымақ, тайжақы, тоң, шалбар, бөстек, шоншік, талыс, саба, торсық, тұлып, көнек, малақай, қолғап, тулақ, сыпыра, дастарқан, өң, терлік, өт, тоқым, тебінгі, ішпек, төсеніш.

Шылғи теріден жиітемеден жасалған заттар: Таралғы, тебінгі, жүген, ноқта, айыл, құйысқан, өмілдірік, шідер, тұсамыс, тағабау, шеттік, канжыға, тізгін, шылбыр, шалма, арқан, таспа, көрік, сірі, сірге, түйме, тұтка, тоқым, адырна, көк, ұлтан, құлақбау, шілия, божы, оймық, қамшы, бишік.

Несколько историзмов:

Абыз - мулла, писарь и советник при ханах, султанах и родоправителях; грамотный человек.

Азым — верхняя одежда широкого покроя.

Аталық - дядька знатных казахов, воспитатель ханских детей.

Бек — бей, князь, феодальный владетель.

Көш - стоянка, стан.

Тархан — титул, пожалование которого освобождало от налогов.

Төре — господин, знатный феодал; чингисид.

Ұлыс - владение, удел.

Предметы, изготавливаемые из обработанной кожи: ішік, тымақ, тайжақы, тоң, шалбар, бөстек, шоншік, талыс, саба, торсық, тұлып, көнек, малақай, қолғап, тулақ, сыпыра, дастарқан, өң, терлік, өт, тоқым, тебінгі, ішпек, төсеніш.

Изделия из сыромятной тесьмы:Таралғы, тебінгі, жүген, ноқта, айыл, құйысқан, өмілдірік, шідер, тұсамыс, тағабау, шеттік, канжыға, тізгін, шылбыр, шалма, арқан, таспа, көрік, сірі, сірге, түйме, тұтка, тоқым, адырна, көк, ұлтан, құлақбау, шілия, божы, оймық, қамшы, бишік.



Қазақтың «көк» сөзі (түс ретінде) сұр да, боз да, көкшіл де – кейде – тіпті жасыл да («көк шөп») бола алады.

Немістерде де аспан көк және қою көк түстері бір – blau сөзімен беріледі.



Заманауи қазақ тіліне ақырын еніп келе жатқан сөздер:

Дәлелдеме — аргумент

Дәйектеме — обоснование

Уәж — мотив

Уәждеме — мотивация

Тәлімгер — наставник

Тағылымдама — стажировка

Бәсіре стипендия

Еншілес компания

Сары басылым

Бұл жаңа енгізілімдердің авторы кім екенін білмеймін, бірақ менің ойымша, оларда форма да, мағына да бар.



Коктебель... Бұл сөздің этимологиясы анық көрінеді: «Көк төбелі ел» - «Страна (край) голубых холмов». Бейнелі!



Кейбір қазақ мақалдары орыс тіліне дәл, сөзбе-сөз аударылады, сөйте тұра, мағыналық және эстетикалық мәнін жоғалтпайды. Бірнеше мысал:

Бір қатынның қырсығы қырық есекке жүк болған. Қырқына шыдаған, қырық біріне де шыдайды. Бұйырмаған, қусаң да жеткізбейді. Қысыр сиыр мөңірегін келеді. Күріш арқасымен күрмек су ішеді. Бүркіт қартайса, тышқан аулайды.

Әйтсе де, мұндай мақалдар барлық тілдерде бар.



Казашское «көк» (как цвет) означает и серый, и сивый, и голубой, и — иногда — даже зеленый («көк шөп»).

У немцев тоже голубой и синий цвета обозначаются одним словом — blau.



Вот слова, которые понемногу внедряются в современный казахский язык:

Дәлелдеме — аргумент

Дәйектеме — обоснование

Уәж — мотив

Уәждеме — мотивация

Тәлімгер — наставник

Тағылымдама — стажировка

Бәсіре стипендия — именная стипендия

Еншілес компания - дочерняя компания

Сары басылым — желтая пресса

Не помню, кто автор этих нововведений, но в них, на мой взгляд, есть и смысл, и форма.



Коктебель... Этимология этого слова просматривается ясно: «Көк төбелі ел» - «Страна (край) голубых холмов». Поэтично!



Некоторые казахские пословицы переводятся на русский язык буквально, точь-в-точь, и при этом сохраняют свою смысловую и эстетическую значимость. Вот несколько примеров:

Коварство одной женщины — груз сорока ослов. Кто сорок бед вытерпел, тот и сорок первую вытерпит. Чего нет, того и на скакуне не достичь. Яловая корова много мычит. Благодаря рису и сорняк воду пьет. Беркут состарится — мышковать начнет. Впрочем, таких примеров много во всех языках.



## Х

Тауып сөйлесең —  
күміссің, таппай сөйлесең  
— мыссың  
*Қазақ мақалы*

Шешендік сөз, фразеологизмдер, мақалдар мен мәтелдерді айтпасам, менің қазақ сөзі туралы жазбаларым толық болмас еді. Қазақ сөз құрылымының осы қасиеті туралы жалпы, қысқаша мәлімет беруге тырысамын, әрине.

Шешендік сөзді қозғағанда, көшпенділердің Сөзге деген – қайралған, ассоциативтік, жарқын, қанатты, ырғақты, бейнелі, ұлы шешендік шеберінің талаптары бойынша реттелген – ерекше діни көзқарасын тағы бір мәрте атап өткен абзал.

Көшпелі қазақ ғасырлар бойы бойына сіңірілген поэтикалық сөзбен тәрбиеленді, ол оның қаны мен тәніне сіңген, ол оны бағалады, ол төл, өшпес, астарлап-тұспалдайтын, орынды, нысанаға дәл тиетін, сеспей қатыратын, ерлікке қанаттандыратын, жартастағы жазбадай жадында сақталатын сөзімен мәңгі сүйсінді (сүйсінеді).

Поэтикалық сөз бәйгесі, жарысы – айтысы тек қана ұйқастыра, көркемдеп сөйлеуді ғана емес, сонымен бірге әр нәрсенің шама-шегін шебер түсінуді талап етеді, бұл қатысушылардың бір-бірін жай ғана сөзден ұту, бір-бірінен басым түсу емес, нағыз сөздің дәлдігін, айқындылығы мен көркемділігін, және қарсыласының басымдылығын әділ мойындап, дер кезінде тоқтағаны үшін бағалайды.

Нағыз аузы дуалы билердің ұлы шешендік шеберлігінің көпшілік таныған мәдениеті, көпшілік мойындаған статусы осындай.

## Х

Уместное слово —  
серебро,  
неуместное — медь.  
*Казахская поговорка*

Мои записки о казахском слове были бы слишком неполны без упоминания структуры и особенностей шешенской (ораторской) речи, фразеологизмов, пословиц и поговорок. Постараюсь дать, конечно, очень общие, краткие сведения об этих свойствах казахского речестроя.

Говоря о шешенской речи, нужно еще раз подчеркнуть особенное, культовое отношение номадов к Слову — отточенному, ассоциативному, яркому, афористичному, ритмизованному, хлесткому, метафоричному, организованному по канонам высокой риторики.

Казах-кочевник воспитывался веками на культивированном, поэтическом слове, оно вошло в его кровь и плоть, он знал цену ему, неизменно восторгался (восторгается) словом самобытным, незатертым, с подтекстом и намеками, уместным, попадающим точно в цель, сражающим наповал, вдохновляющим на подвиги, запоминающимся, как на скальная надпись.

Словесные поэтические ристалища, состязания — айтысы предполагают не только умение говорить в рифму, красноречиво, но и ощущение тонкого чувства меры, когда участники не просто «переговаривают», «перебалтывают» друг друга, а по достоинству ценят меткость, яркость и выразительность истинного слова и вовремя останавливаются, умолкают, признав преимущество соперника.

Такова общепризнанная культура, таков общепризнанный статус высокой шешенской речи подлинных златоустов-биев.



Ақын-шешендердің сөз жарысынан алған әсерін жер аударылған поляк Адольф Янушкевич жақсы жеткізген:

*«Бірнеше күн бұрын мен өзара жаулас екі партия арасындағы қақтығыстың куәсі болдым, Демосфене мен Цицерон туралы ешқашан естімеген сөзшендердің шешендігіне қайран қалып, қол соқтым, ал бүгін менің алдымда өнер көрсетіп жатырғандар - не оқу, не жазу танымайтын ақындар, бірақ мені өз дарындарымен қайран етті... Бойында осындай Жаратушыдан келген өнері бар халық өркениеттен шет қалуы мүмкін емес: бір күндері оның рухы қазақ даласына келіп, мұнда да жарық ұшқынын жағар, сонда қазір көшіп-қонып жүрген көшпенді халық Үндістанның бишара кастасына жатпайтын жұртқа жоғарыдан төмен менсінбей қарап отырған жоғары каста секілді халықтар арасынан сыйлы орынға ие болатын кезде келер». (А.Янушкевич. «Қазақ даласына саяхат туралы күнделік пен хаттар». А., 1966. 71*

Қазақ шешендік өнерінің үлгісін қазақ ауыз әдебиетінен, ұрпаққа мұра қып қалдырған атақты үш жүз билері – Төле би, Қазыбек би мен Әйтеке билердің ғибратты сөздерінен, М. Әуезов пен Ғ. Мүсіреповтың драмаларынан, көптеген қазақ прозашыларының тарихи хикаяларынан көреміз.

Шешендік сөздің элементтері, шашыранды үлгілері ауызекі, өзге қоғам қайраткерлерінің суырып салма сөздерінде де сақталып қалған, кейде саяси трибуналардан да, мәдениет қайраткерлерінің сөздерінен, дастарқан басындағы шүйіркелескен әңгіме мен сыр ақтару барысында естіліп қалады.

Өттең, шешендік сөз өткеннің еншісінде, Сөз қазақтардың жалғыз және басты байлығы болып тұрған кездегі халықтың сол дәуірдегі санасында қалды.

Впечатление от словесного состязания поэтов-шешенов хорошо передал ссыльный поляк Адольф Янушкевич:

*«Несколько дней тому назад я был свидетелем столкновения между двумя враждующими партиями и с удивлением рукоплескал ораторам, которые никогда не слышали о Демосфене и Цицероне, а сегодня передо мной выступают поэты, не умеющие ни читать, ни писать, однако поражающие меня своими талантами... Народ, который одарен Творцом такими способностями, не может оставаться чуждым цивилизации: дух ее проникнет когда-нибудь в казахские пустыни, раздует здесь искорки света, и придет время, когда кочующий сегодня номад займет почетное место среди народов, которые смотрят на него сверху вниз, как высшие касты Индостана на несчастных париев». (А.Янушкевич. «Дневники и письма из путешествия по казахским степям». А., 1966. с. 71).*

Образцы шешенской речи мы встречаем в казахском фольклоре, в заповеданных потомкам мудрых сентенциях прославленных биев трех жузов — Толе, Казыбека и Айтеке, в драмах М. Ауэзова и Г. Мусрепова, в исторических повествованиях многих казахских прозаиков.

Элементы, россыпи шешенской речи сохранились и в устных, импровизированных выступлениях иных современных общественных деятелей, звучат они порой с политических трибун, из уст деятелей культуры, во время дастарханных словоизлияний и задушевных разговоров.

Увы, шешенская речь осталась в прошлом, в той поре народного сознания, когда Слово было единственным и главным богатством казахов.

Шешендік тіл құрылымын толық мағынасында басқа тілде жеткізу мүмкін емес. Тек тұспалдап, шамалап, астарлап, көлеңкелеп, сыртқы мәнін ғана беруге тырысуға болады.

Осы сөзімді растау мақсатында Әйтеке бидің сөзінен үзінді келтірейін. Бірінші түпнұсқасын, артынша – өзімнің орыс тілінде шамам жеткенше түсіндірмемді келтіремін.

**«Пәлі жән-ақ сөз! Ендеше, мен атадан балаға қалар мұрадан бастайын сөзімді. Бата — құранның анасы. Айтады ердің данасы. Атадан бота қалмасын, бата қалсын. Ботаның құны — бір-ақ жұт, батаның құны — мәңгі құт. «Жаңбырмен жер көгереді, батамен ер көгереді» деп отыратын баяғының данагөйлері... Адамға тәттінің жақыны — туыс. Туысыңмен әуелде туыспау керек, туысқан екенсің, сөз қуыспау керек. Туысыңнан кетіссең, басың азаяр, құрмет тұтып, сыйлассаң, қасың азаяр. Ағайынмен той-тойлас, саудаласпа, жауыңмен саудалас, той-тойласпа».**

Сөз құрылымына, ырғақ пен метрикаға, ұйқастарға («анасы – данасы», «бота – бата», «құт – жұт», «жер – ер», «жуыспау керек – қуыспау керек», «басың азаяр – қасың азаяр»), параллелизмдерге («той-тойлас – саудалас», «саудаласпа – той-тойласпа!»), ішкі динамикаға зер салыңыз.

Орыс тіліне аудармада осы айтылған элементтер, ұйқастар, сөз ойыны үмітсіз қуарады, өшеді, өледі.

**«Уа, таза шындық!.. Олай болса — атадан қалған сөзбен бастайын. Бата — ризашылық. Ризашылық — бар тіршіліктің анасы. Киелі Құранның жүрегі. Даналар айтқан: әкенің малы балаға дәулет болмас, шын игілік – ұрпағыңа қалдырған ризашылық. Жұт, қуаңшылық қыс бола қалса — табыныңнан айрылдың дей бер.**

Перекладывать на иные языки шешенский строй речи в полном смысле невозможно. Можно только попытаться дать намек, передать тень, воспроизвести «изнанку ковра».

Для иллюстрации этого утверждения приведу отрывок из речи Айтеке би. Сначала в оригинале, потом — в моем посильном изложении по-русски.

**«Пәлі жән-ақ сөз! Ендеше, мен атадан балаға қалар мұрадан бастайын сөзімді. Бата — құранның анасы. Айтады ердің данасы. Атадан бота қалмасын, бата қалсын. Ботаның құны — бір-ақ жұт, батаның құны — мәңгі құт. «Жаңбырмен жер көгереді, батамен ер көгереді» деп отыратын баяғының данагөйлері... Адамға тәттінің жақыны — туыс. Туысыңмен әуелде туыспау керек, туысқан екенсің, сөз қуыспау керек. Туысыңнан кетіссең, басың азаяр, құрмет тұтып, сыйлассаң, қасың азаяр. Ағайынмен той-тойлас, саудаласпа, жауыңмен саудалас, той-тойласпа».**

Прошу обратить внимание на строй речи, на ритм и метрику, на рифмы («анасы — данасы», «бота — бата», «құт — жұт», «жер — ер», «жуыспау керек — қуыспау керек», «басың азаяр — қасың азаяр»), на параллелизмы («той-тойлас — саудалас», «саудаласпа — той-тойласпа!»), на внутреннюю динамику.

В русском переводе все эти элементы, рифмы, игра слов безнадежно блекнут, исчезают, умирают.

**«Уах, истинная правда!.. Коль так — начну со слов, заповеданных предками. Благословение — милость. А милость — мать всего сущего. Сердцевина священного Корана. Сказано мудрецами: не табуны отцовские благо потомкам, а истинное благо — милость предков, переданная в наследство. Один лишь джут, бескормица-зима — и нет табуна.**

Ал ата-бабалардың батасы — сарқылмас қазына. Жаңбырмен жер көгерсе, үлкендердің батасымен жігіт жігерленеді. Жақын-туыс жаныңа жайлылық сыйлайды. Кісімен бірге туыспау керек, туысқан соң артық сөз қуыспау керек. Сөз қуған пәлеге жолығады.

Жол қуған олжаға жолығады. Туғаныңмен саудаласпа, жауыңмен саудалас, бауырыңмен той тойла, сайран құр, ал жауыңнан алшақ жүр». Әйтеке би былай толғайды: «Жалғанда бәрін басқаратын да, бәрін бір мәнге сыйдыратын да – ақыл. Даналық көл суындай тұнық. Ақымақтық – түнерген бұлт. Ақылсызға айтқан сөз ағып жатқан сумен тең. Ақылдыға айтқан сөз қолға ұстаған тумен тең. Сұлулық көз сүйсіндіреді, ақыл халықты біріктіреді. Сұлулыққа тамсану мен ар-намысты бағалау – ақылдылықтың белгісі. Даналыққа құлақ асу – тектіліктің белгісі. Мазасыз уағыз жалықтырады. Жалған ақыл халықты адастырады. Ақыл жүрекке нәр береді, жаныңа сән береді. Ақыл сенімді тірегің, адал серігің, бірақ көптің алдында даңдайсыма, ақылгөйсіме. Ақылды болу - сұлулық. Ақылды көріну – кемтарлық. Тәннің саулығы, ақылдың еркіндігі, ниеттің тазалығы – жердегі бақыттың көрінісі. Кейде жақсының бітпес сынағы, ал жаманға бақ пен бақыт қонады... Бәрі бір Жаратушының қалауы, ал адам әлсіз...»

Тағы бір мысал:

«Өзіне қастық қылатын адам болмайды. Өзің оңам десең, өзгеге ор қазба. Біреуді табалау, ғадауаттау обал. Жақсылық бар жерде, жаның балдай езіледі, жамандық орнаған жерде, қан төгіледі».

А благословение предков — неиссякаемая казна. Как весенний ливень степь обновляет, так благословение старших жигита вдохновляет. Близкий сородич — сердцу услада. Не всякого к сердцу своему подпускай, а уж коль породнился - кривотолков избегай. С сородичем поссорился - накличешь беду, не давайте повода злорадствовать врагу. Не торгуйся с родичем, торг устраивай с врагом, с собратьями пируй, гуляй, с врагом держись особняком». Тот же Айтеке би рассуждает так: «А всем на свете верховодит, все в единый смысл сводит — ум. Мудрости краса подобна озеру прозрачному. Глупость - что тучи в день ненастный. Слово, сказанное глупцу, вода, ушедшая в песок. Слово, обращенное к умному, что стяг в руке народа. Красота взор ублажает, ум народ объединяет. Уменье наслаждаться красотой и восхищаться достоинством - признак ума. Внимать мудрым речам - удел благородства. Назойливые нравоучения оскомину набивают. Лживые наставления народ с толку сбивают. Ум питает сердце, облагораживает душу. Ум - надежная опора, верный спутник твой, однако не кичись и не умничай перед толпой. Быть умным - красота. Казаться умным – уродство. Здоровая плоть, свободный ум, чистые помыслы воплощение счастья в жизни. Но нередко бывает, что все горести-напасти обрушиваются на достойного, а везенье-счастье достается ничтожному... На все воля Создателя, а человек слаб...»

И еще один пример:

«Нет такого человека, который желал бы себе зла. А коли желаешь добра себе — не делай худа другим! Нет большего греха, чем злорадство и враждолюбие. Там, где царит добро, в душах людских мед разливается, там, где расплеснулось зло, кровь проливается».

Осы мысалдар шешендік сөздің формасы мен мазмұны туралы біраз түсінік береді деп үміттенемін. Осындай нақыл сөздер, ғибратты сөздер, шешендік әдістер Төле би, Қазыбек би және басқа да көптеген атақты билерде толып жатыр.

\* \* \*

Фразеологизмдер тірі тілдің бейнелілігін, жасырын рухын көрсететіні белгілі. Дәл осы фразеологизмдер тілді тірілтіп, оған ерекше сұлулық береді, құлақтан кіріп, бойды алады деп Абай айтқан тұрақты тіркестер осылар».

Фразеологизмдер әр тілде кездеседі. Л.З. Бинович пен Н.Н.Гришиннің «Неміс-орыс фразеологиялық сөздігі» 14 мың фразеологиялық сөзден тұрады. 1977 жылы шыққан «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігіне» (акад. С.Кеңесбаевтың) 10 мыңнан астам тұрақты тіркестер енді.

Әр тіл өзіндік дүниетанымын, дүние қабылдауын, рухани құрылымын көрсетеді. Бірнеше тілге ортақ бейтарап идиомалар сирек кездеседі. Орыстар «у лжи короткие ноги» дейді. Немістер де дәл осылай айтады: "Lügen haben kurze Beine". Қазақтар да осыған шамалас фразеологизмді қолданады: «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам».

Қазақ фразеологизмдері ерекше, бейнелі. Сараң, қомағай, ашкөз адам туралы қазақтар, мысалы, «түйені түгімен, биені бүгімен» жұтады дейді. Бұл орыстың «ненасытная утроба» (тойымсыз қарын) дегенінен күштірек жән бейнелірек, келісесіз ғой.

Қазақтың біреу туралы ол «бір күн бие, бір күн түйе» дегені нені білдіретінін тауып көр. Бұл орыстың «семь пятниц на неделе» дегеніне парапар.

Надеюсь, эти примеры дают некоторое представление о форме и содержании шешенской речи. Такие сентенции, мудрые высказывания, ораторские приемы мы находим в изобилии и у Төле-би, и у Казыбек-би, и у многих других известных биев.

\* \* \*

Известно, что в фразеологизмах отражается образность, затаенный дух живого языка. Именно фразеологизмы оживляют речь, придают ей особый шарм, то, что ласкает слух и что Абай называл «красотой речений».

Фразеологизмы имеются в каждом языке. «Немецко-русский фразеологический словарь» Л.З. Биновича и Н.Н.Гришина содержит 14 тысяч фразеологических единиц. Во «Фразеологический словарь казахского языка» (акад. С.Кенесбаева), вышедший в 1977 г., вошло более 10 тысяч фразеологических образований.

Каждый язык отражает сугубо индивидуальные мироощущение, мировосприятие, духоустройство. Нейтральные идиомы, общие для нескольких языков, — редкость. Русские утверждают: у лжи короткие ноги. Точно так же выражаются и немцы: "Lügen haben kurze Beine". И казахи в таком случае пользуются почти тем же фразеологизмом: «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам».

Казахские фразеологизмы самобытны, образны. О человеке жадном, ненасытном, о хапуге казахи, например, говорят: «Проглотит верблюда с шерстью, кобылу с вьюком». Это, согласитесь, сильнее и образней, чем русская «ненасытная утроба».

Попробуй, угадай, что это значит, если казах о ком-то говорит, что он «один день кобыла, один день верблюд». А это адекватно русскому «семь пятниц на неделе».

Қазақ тіркесі «жезекше» дәлме-дәл «медный каблук» деп аударылады. Бірнеше жыл бұрын Алматы орталығында осы атаумен қысқа бір мерзімге аяқ-киім дүкені ашылады, аңқау иесіне «жезекше» қазақша жай ғана «проститутка» (жәлеп) екенін түсіндіргенше.

Орыс «врет, глазом не моргнет» десе, қазақ «ақсақты тыңдай, өтірікті шындай қылады» деп айтады, яғни «сделает хромого здоровым, ложь— правдой».

Орысша «Не семи пядей во лбу» делінсе, қазақ «көктен түскен жоқ» дейді.

Екіқабат әйелді орысша «в положении» деп айтса, қазақтар бұл жағдайда «аяғы ауыр» - тура: «у нее ноги тяжелые» деген тіркесті қолданады.

Фразеологизмдерді басқа тілге дәлме-дәл аудару, әдетте, күлкілі естіледі. Үнемі естілетін «Мен сенің арқанда күн көріп жүрмін», мағынасы жағынан «Я живу благодаря тебе» тіркесі естеріңізде ме?h

Әр тілде фразеологизмдерді салыстыру, мейлінше дәл нұсқасын іздеу – өнеге аларлық, танымдық және қызық іс. Гиви Гачечиладзе «Көркем аударма және өзара әдеби байланыс» кітабында (СП, 1980) бір грузин мақалын және оның басқа тілдердегі нұсқаларын келтіреді:

**«Аяқөткелден шығысымен, алғысыңды айт» (груз.)**

**«Секіріп болмай жатып, «оп деме» (русск.)**

**«Орманнан шықпайынша, ысқырма» (англ.) «Шайқаспай жатып, жеңісінді тойлама» (франц.)**

**«Түн жетпей, күнді мақтама» (нем.)**

**«Жаңғақ қабыңа түспейінше, «төрт» санама» (итальянск.)**

**«Ісінді аяқтамай, мақтанба» (испанск.)**

Буквальный перевод казахского выражения «Жезекше» — «медный каблук». Несколько лет назад в центре Алматы появилась ненадолго обувная мастерская под этим названием, пока незадачливому хозяину не объяснили, что «жезекше» по-казахски просто-напросто «проститутка».

Там, где русский говорит: «врет, глазом не моргнет», казахи выражаются: «ақсақты тыңдай, өтірікті шындай қылады», то есть, «сделает хромого здоровым, ложь— правдой».

Если по-русски говорят: «Не семи пядей во лбу», то казах прибегает к форме: «Не с небес он спустился».

О беременной женщине принято по-русски говорить: «в положении», казахи в таком случае употребляют выражение «аяғы ауыр» - букв.: «у нее ноги тяжелые».

Буквальный перевод фразеологизмов из одного языка на другой, как правило, создает комический эффект. Помните расхожую фразу: «Я вижу солнце на твоей спине», означающую по смыслу: «Я живу благодаря тебе».

Сопоставление фразеологизмов в разных языках, подыскивание наиболее точных аналогов — поучительное, познавательное и увлекательное занятие. Гиви Гачечиладзе в книге «Художественный перевод и литературные взаимосвязи» (СП, 1980) приводит одну грузинскую поговорку и ее эквиваленты в разных языках:

**«Благослови брод, выйдя из него» (груз.)**

**«Не говори «гоп», пока не перескочишь» (русск.)**

**«Не свисти, пока-не вышел из леса» (англ.)**

**«Не празднуй победы без боя» (франц.)**

**«Не хвали дня, пока не наступит ночь» (нем.)**

**«Не говори «четыре», пока орех не в мешке» (итальянск.)**

**«Не кончил дела, не хвастай» (испанск.)**

Тәжірибелі аудармашылар қазақ тілінен аударған кезде калька әдісіне жиі жүгініп, оларды орыс мәтініне қымсынбай қосады, сөйтіп қазақ прозасының иісін береді. Мысалы, Дүкенбай Досжанның повесіндегі фразеологизмдерді атағанда Иван Щеголихин жасағандай:

**«Если ветер покачнет верблюда, то козу ищи в небе» (қаз. Түйені жел тербесе, ешкіні аспаннан ізде).**

**«Слова подталкивают слова, а мысль подталкивает мысль» (Сөзден сөз, ойдан ой туады).**

**«Душа у него висит на кончике носа» (Жаны мұрнының ұшына келді).**

**«У кого руки шевелятся, у того и рот шевелится» (Қолы қимылдағанның аузы да қимылдайды).**

**«Наступить на хвост спящей змеи» (Жатқан жыланның құйрығын басу).**

**«Узор чаши со временем стирается, но достоинства ее остаются» (Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді).**

**«Барыпкел умеет жирные слова говорить» (Барыпкел жуан сөйлей алады).**

**«Не смогли сварить общий казан с директором» (Директормен бір қазанды қайната алмадық). Калькаланған болса да, орысша түсінікті.**

1988 жылы «Мектеп» баспасы Х. Кожаметова, Р.Жайсакова мен Ш. Кожаметовалардың «Қазақ-орыс фразеологиялық сөздігін» басып шығарды. Сөздік 2300-ден астам фразеологиялық сөздер мен олардың нұсқаларынан тұрады. Назарға тұрарлық дүние. Одан қазақ фразеологизмдерінің бейнелілігін ашатын бірнеше мысал келтірейін:

Ақ түйенің қарыны жарылу – сөзбе-сөз: брюху белого верблюда быть распоротым – мағыналық: пир горой (ұлан-асыр той).

Ақылы алтыға, ойы онга бөліну – сөзбе-сөз: ум делится на шесть частей, а думы – на десять. Мағынасы бойынша: голова идет кругом (басы айналды, қатты).

Опытные переводчики с казахского нередко прибегают к калькам, смело вклинивая их в русский текст, тем самым передавая аромат казахской прозы. Вот как это, например, сделал Иван Щеголихин, озвучивая фразеологизмы в повести Дукенбая Досжана:

**«Если ветер покачнет верблюда, то козу ищи в небе».**

**«Слова подталкивают слова, а мысль подталкивает мысль».**

**«Душа у него висит на кончике носа».**

**«У кого руки шевелятся, у того и рот шевелится».**

**«Наступить на хвост спящей змеи».**

**«Узор чаши со временем стирается, но достоинства ее остаются».**

**«Барыпкел умеет жирные слова говорить».**

**«Не смогли сварить общий казан с директором». Хоть и скалькировано, а все по-русски понятно.**

В 1988 году в издательстве «Мектеп» вышел «Казахско-русский фразеологический словарь» Х. Кожаметовой, Р.Жайсаковой и Ш. Кожаметовой. Словарь содержит более 2300 фразеологических единиц и их вариантов. Труд, достойный внимания. Приведу из него несколько примеров, дающих представление об образности казахских фразеологизмов:

Ақ түйенің қарыны жарылу — букв.: брюху белого верблюда быть распоротым — по смыслу: пир горой.

Ақшы алтыға, ойы онга бөліну — букв.: ум делится на шесть частей, а думы — на десять. По смыслу: голова идет кругом.

Бүйректен сирақ шығару – сөзбе-сөз: почку превратить в голень. Мағынасы: вкривь и вкось (қиқа-жиқа, қиқы-жиқы).

Ертеңгі құйрықтан бүгінгі өкпе артық – сөзбе-сөз: лучше иметь сегодня легкие, чем надеяться на завтрашний курдюк. Мағынасы бойынша: лучше синица в руках, чем журавль в небе (бәлен жерде алтын бар, барсаң, бақыр да жоқ немесе көктегі тырнадан, жердегі шымшық артық).

Өз қотырын өзі қасу – сөзбе-сөз: каждый сам свою болячку чешет. Мағынасы: сам по себе (өзімен өзі).

Талағының биті бар – сөзбе-сөз: у него в селезенке есть вошь. Мағынасы: деловитый, энергичный (іскер, жігерлі).

\* \* \*

Қазақ тілі мақал-мәтелдерге ерекше бай. Оларды халық қандай болмасын жағдайға қатысты өте көп жинаған. Кейде мақалдар бір-біріне қайшы келетін жағдайлар да жиі кездеседі, бұл диалектикалық ойлауды айғақтайды. Қазақ мақал-мәтелдерінің тақырыптық алуантүрлілігі де таң қалдырады. Өтебай Тұрманжанов, мысалы, өзінің біртөмдік «Қазақ халқының мақал-мәтелдері» кітабында (А., 1980) бөліп келтірген: «Отан туралы», «Бірлік туралы», «Батырлық пен қорқақтық туралы», «Халық туралы», «Жалғыздық туралы», «Адам туралы», «Үй, отбасы туралы», «Тіл туралы», «Ата-ана туралы», «Уақыт туралы», «Байлық пен кедейлік туралы» және т.б.

Оқушы кезімнен қазақ мақалдарын үлкен ықыласпен жинайтынмын. Бірақ кейін мақалдар әлеміне батып кетуге болатынын түсіндім. Онымен бірге мақалдар жинақтары көптеп шығып жатты. Мұзафар Әлімбаев халық мақалдарын жинап қана қоймай, оларды өзі де көптеп ойлап шығаратын (өткір тілді қылжақбастар оларды афоризмдер іспетті мұзафаризмдер деп атайды) және басқа тілдерден, ұйқастыра отырып аударатын.

Бүйректен сирақ шығару — букв.: почку превратить в голень. Смысл: вкривь и вкось.

Ертеңгі құйрықтан бүгінгі өкпе артық — букв.: лучше иметь сегодня легкие, чем надеяться на завтрашний курдюк. По смыслу: лучше синица в руках, чем журавль в небе.

Өз қотырын өзі қасу — букв.: каждый сам свою болячку чешет. Смысл: сам по себе.

Талағының биті бар — букв.: у него в селезенке есть вошь. Смысл: деловитый, энергичный.

\* \* \*

Ну, а пословицами, поговорками казахский язык исключительно богат. Их народ накопил чудовищное количество на все случаи жизни. При этом нередко бывает, что пословицы противоречат друг другу, что свидетельствует о диалектическом мышлении. Поражает и тематическое разнообразие казахских поговорок и пословиц. Утебай Турманжанов, например, в своем однотомнике «Пословицы и поговорки казахского народа» (А., 1980) классифицировал их на тридцать тем: «О Родине», «Об единстве», «О храбрости и трусости», «О народе», «Об одиночестве», «О человеке», «О доме, семье», «О языке», «О родителях», «О времени», «О богатстве и бедности» и т.д.

Еще школьником я прилежно собирал казахские пословицы. Но потом понял: в мире пословиц можно утонуть. Да и разных сборников пословиц выходило немало. А Музафар Алимбаев не только собирал народные пословицы, но и сам сочинял их в огромном количестве (острословы-шутники называют их музафаризмами, по аналогии с афоризмами) и переводил, искусно рифмуя, из других языков.

Көзім шалғандардың соңғысы – журналист Мадат Аққозин жинақтаған «Қазақ және орыс тілдеріндегі мақал-мәтелдер» (А., 2001). Ол мақалдарды тақырыпқа бөліп, оларды орыс тіліне формасы мен мазмұнын сақтай отыра аударуға тырысқан, бұл, әрине, оңай шаруа емес: қысқалығынан, серпімділігінен бөлек сөз ойынын, ұйқасты, синтаксистік параллелизмді, аллитерацияны, дауысты мен дауыссыз дыбыстар үндестігін және басқа да жақтарын беру керек.

Бұл жерде деп түсетін де, қателесетін де кездер болатыны түсінікті. Бірақ мәселе ода емес. Қазақ мақалдарының ерекшелігін көрсету үшін, осы, сөзсіз, пайдалы кітаптан бірнеше мысал келтірейін.

Көл толқыса — жар құлайды, көп толқыса — хан құлайды.

Озеро разбушуется — берега размывает, народ поднимется — хана свергнет. (Мақалдың мағынасы мен ырғақ құрылысы дәл жеткізілген, бірақ үндестік жоғалған: көл – көп, жар – хан).

Елдің күші — селдің күші.

Сила народная могуча, как селевой поток. (мағынасы – иә, дұрыс, бірақ ұйқас пен буын және стиль қысқалығы жоғалған).

Білмегенді білдірмесең, білгіндігің бар болсын. Что толку от твоих знаний, если не можешь незнающих вразумить. (Мағынасы жағынан жақын шығар, бірақ қазақ мақалдарына сонша тән дыбысжазба, аллитерация жоғалған, сол себепті де беру формасы ақсаңдайды).

Қылыштың міндеті — кесу, колдың міндеті - шешу.

Долг сабли — рубить, долг руки — ее остановить. (Дәл солай емес, бірақ қабылдарлық).

Бәле қуған бәлеге жолығады, жала қуған жалаға жолытады.

Кто ищет беду — беду накличет, кто ищет ссору — ссору накличет. (Жақсы, сірә).

Последняя новинка, попавшаяся мне на глаза, — «Казахские пословицы и поговорки на казахском и русском языках», собранные журналистом Мадатом Аккозиным (А., 2001). Он разделил пословицы на пятьдесят тем и перевел их параллельно на русский язык, стремясь это делать адекватно по форме и по содержанию, что, разумеется, очень не просто: ведь помимо лапидарности, упругости необходимо передать игру слов, рифму, синтаксические параллелизмы, аллитерации, созвучие гласных и согласных и прочие тонкости.

Понятно, что при этом случаются и удачи, и огрехи. Но речь сейчас не об этом. Я приведу несколько примеров из этой, несомненно, полезной книги, дабы подчеркнуть своеобразие казахских пословиц.

Көл толқыса — жар құлайды, көп толқыса — хан құлайды.

Озеро разбушуется — берега размывает, народ поднимется—хана свергнет. (Смысл и ритмический строй пословицы переданы точно, но исчезло созвучие: көл — көп, жар — хан).

Елдің күші — селдің күші.

Сила народная могуча, как селевой поток. (Смысл— да, верен. Но исчезли рифма и лапидарность).

Білмегенді білдірмесең, білгіндігің бар болсын. Что толку от твоих знаний, если не можешь незнающих вразумить. (Может быть по смыслу близко, но звукопись, аллитерация, столь свойственная структуре казахских пословиц, исчезли, оттого и форма передачи хромает).

Қылыштың міндеті — кесу, колдың міндеті - шешу.

Долг сабли — рубить, долг руки — ее остановить. (Не совсем так, но приемлемо).

Бәле қуған бәлеге жолығады, жала қуған жалаға жолытады.

Кто ищет беду — беду накличет, кто ищет ссору — ссору накличет. (Пожалуй, хорошо).



Мақалды адекватты түрде, яғни формасы мен мағынасын сақтай отыра аудару аса қиын. Көп жағдайда – мүмкін емес. Бір нәрседен бас тарту керек: не мағына, не форма. Ал екеуін де сақтамау – бұрмалау, бұзу.

«Жеке» тәжірибемнен мысал келтірейін. Бір кездері аударма редакциясында бірнеше жігіт қазақ мақалдарын ақылға салып, аударып жатты: «Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар». Орысша мағынасы: «Когда черный скакун отощает, ему и расстояние в вороний шаг печалью станет». Бірақ мұны нақтырақ әрі қисынды, формасы жағынан тығыз етіп қалай беруге болады? «Загнанному вороному вороний шажок верстой покажется», – деп ұсынды Ерлан. Жаман емес. Мағынасы да сақталған, фонетикалық бояуы да ұқсас берілген (ар, ар, ар – вор, вор, вор). Бақытжан өз нұсқасын ұсынды: «Одряхлевшему вороному в тягость расстояние в вороний шаг». Бұл да қабылданарлық. Біз мақалды былай да, былай да аударып көрдік. Аяғында мынаған тоқтадық: «Одряхлел вороной – вороний шаг верстой покажется». Тәуір сияқты. Бәлкім, бұдан жақсы аударуға болатын да шығар.

Переводить пословицы адекватно, т.е. сохраняя смысл и форму, — крайне трудно. Зачастую — невозможно. Чем-то приходится жертвовать: или смыслом, или формой. И то, и другое - искажение.

Приведу пример из, так сказать, личной практики. Однажды в переводной редакции издательства несколько джигитов мудрили над переводом казахской пословицы: «Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар». Смысл: «Когда черный скакун отощает, ему и расстояние в вороний шаг печалью станет». Но как это передать точнее и более складно, упруго по форме? Ерлан предложил: «Загнанному вороному вороний шажок верстой покажется». Совсем неплохо. И смысл сохранен, и фонетический рисунок воспроизведен (ар, ар, ар — вор, вор, вор). Бақытжан предложил свой вариант: «Одряхлевшему вороному в тягость расстояние в вороний шаг». Тоже приемлемо. Мы долго переключивались пословицу и так, и сяк. В конце-концов получилось: «Одряхлел вороной — вороний шаг верстой покажется». Вроде бы прилично. Вероятно, можно сделать еще лучше.

## XI

Көлдi жел қозғайды, ойды сөз қозғайды.

*Қазақ мақалы*

Тәуелсіздікті алғаннан кейін, Қазақстанда тілдегі варваризмдермен жаппай күрес басталды.

Кенет ана тілі жат сөздермен – ұлтаралық және орыс тілінен енген сөздермен шұбарланып кеткені байқалады.

Бұл ұлттық сезімді, тілді қорлап, беделін түсірді. Онсыз да шектеулі қазақ тілін қолдану аясы көз алдымызда сиықсыз, сайқымазақ күйге жеткенше тарыла берді.

Бастысы – бұл әділетсіз еді. Қазақ тілінің байырғы байлығы, оның жаңа сөз табудағы, сөзжасамдағы айрықша мүмкіндіктері қасақана жұтаңдай берді.

Варваризмдер күтім көрмеген даладағы арамшөп сынды көзге күйік болып, сазды әндегі жалған нотадай құлаққа түрпідей тиді.

Ауызекі, жазбаша тілде үнемі қолданылатын – коллектив, самолет, колхоз, творчество, салют, зоопарк, юбилей, космонавт, пенсионер, сумка, медсестра сияқты жат сөздер және осындай жүздеген варваризмдер жалықтыра бастады, ашық жақтырмаушылық, аллергия туғызды, олар тілден ығыстырылып шығарыла бастады, қай жерде де және белсенді олардың таза қазақша нұсқасын іздей бастады.

## XI

Ветер озеро приводит в движение, слово — мысль.

*Казахская поговорка*

С обретением независимости в Казахстане началась, можно сказать, тотальная борьба с варваризмами в языке.

Вдруг обнаружилось, что родной язык ужасающе засорен заемными словами — интернациональной лексикой и руссизмами.

Это оскорбляло национальное чувство, унижало язык, уроняло его престиж. И без того ограниченная сфера употребления казахского языка сужалась на глазах до уродства, до пародии.

И главное — это было просто несправедливо. Исконное богатство казахского языка, его исключительные возможности в словотворчестве, в словообразовании нарочито обеднялись.

Варваризмы мозолили глаза, как сорная трава на неухоженном поле, и оскорбляли слух, как фальшивая нота в мелодичной песне.

Заемные слова, сплошь и рядом употребляемые как в устной, так и в письменной речи, типа — коллектив, самолет, колхоз, творчество, салют, зоопарк, юбилей, космонавт, пенсионер, сумка, медсестра и сотни подобных варваризмов, стали набивать оскомину, вызвали откровенную неприязнь, аллергию, их стали вытравливать из речи, им стали повсюду и активно подыскивать сугубо чистый казахский аналог.

Көмекке көне, ұмытылған сөздер, араб, түркі тілдерінен енген сөздер, парсы сөздері, неологизмдер, жасанды пайда болған сөздер келді – кейде сәтті, кейде күмән келтірді, дау туғызды, кейде қолайсыз, күлкілі, кейде біртүрлі, ашық эксперименттік болып жатты. Кейбір жаңа сөздер тірі тілге сіңісіп кетсе, кейбірі уақытша еніп жатты, ал үшіншілері – ә дегеннен-ақ шала, тіл табиғатына жат сөздер ретінде қабылданбай жатты. Нақты мысалдар арқылы осыны сөз етеміз.

Алдымен қазақ күнделікті тіліне әдебиетші, аудармашы Ісләм Жарылғапов енгізген бірнеше сөздерді келтірейін. Ол талай жүздеген неологизмдердің авторы болып табылады.

Балмұздақ – мороженое (бал – мед, мұздақ – ледок: «медок - ледок». Өзбек сөздерімен салыстыр: «мұзқоймоқ» – мұз – лед, қоймоқ – тугие сливки); аялдама – остановка; шеберхана – мастерская; сүреткер – художник; саяжай – дача; аққайнар – шампанское (ақ – белое, қайнар – кипящее, бурлящее); теледидар – телевидение; басылым – издание; қазанама – некролог (қаза – смерть, утрата); азагүл – веночек (аза – скорбь, гүл – цветок); балабақша – детский сад; оқырман – читатель; көрермен – зритель.

Бұл сөздер табиғи, сенімді, екі түбір сөз немесе байырғы қазақ жұрнағы мен түбір сөз үндесуі арқылы пайда болды. Міне сондықтан да бұл сөздер оңай сіңісіп, қазіргі ауызекі және жазбаша қазақ тіліне нық еніп кеткен болуы керек. Осыдан қырық-елу жыл бұрын бұл сөздер – қорқынышты елестей – мүлде болмаған.

В ход пошли древние, забытые слова, арабизмы, тюркизмы, фарсизмы, неологизмы, искусственные образования— порою весьма удачные, порою сомнительные, спорные, порою неуклюжие, анекдотичные, подозрительные, откровенно экспериментальные.

Какие-то новообразования прижились в живом языке сразу же, другие «прописались» временно, третьи отвергались сходу, как слова-ублюдки, чуждые природе языка. Об этом и поговорим подробнее на конкретных примерах.

Для начала приведу несколько слов, введенных в казахский обиход литератором, переводчиком Ислямом Жарылғаповым. Он является автором не одной сотни неологизмов.

Балмұздақ — мороженое (бал — мед, мұздақ - ледок: «медок - ледок». Сравни узбекское: «мұзқоймоқ» — мұз – лед, қоймоқ — тугие сливки); аялдама — остановка; шеберхана — мастерская; сүреткер — художник; саяжай – дача; аққайнар — шампанское (ақ — белое, қайнар — кипящее, бурлящее); теледидар — телевидение; басылым издание; қазанама — некролог (қаза — смерть, утрата); азагүл — веночек (аза — скорбь, гүл — цветок); балабақша — детский сад; оқырман — читатель; көрермен — зритель.

Слова эти образованы естественно, убедительно, путем слияния двух корневых слов или корневого слова с исконным казахским суффиксом. Именно потому, должно быть, слова эти легко прижились, прочно вошли в лексику современного устного и письменного казахского языка. А ведь каких-нибудь сорок-пятьдесят лет тому назад этих слов — даже страшно представить — вообще не существовало.



Ал, мыналар Хайдолла Тілемісовтың неологизмдері, бірақ олар соны болғанына қарамастан, тілге сіңісе алмады:

*Әуегер* – космонавт (*әуе* – воздух, *гер* – бір нәрсеге, бір мамандыққа қатыстылықты айқындайтын жұрнақ. Орыс тілінде «воздухист» болар еді, егер солай айтуға болса).

*Бейдауа* – рак (болезнь) – («бей» – болымсыз сөз алды қосымша, *дауа* – снадобье. Мысалы: «без снадобья», яғни «неизлечимое»).

*Басжалбыр* – капуста (*бас* – голова, *жалбыр* – кудлатый).

Қызанақ – помидор; сүр жер– пар (земля); дәмдеуіш – специи.

*Балұя* – пчелиная семья (*бал* – мед, *ұя* – гнездо); теңгерім – баланс; *дыбысхана* – фонотека; *баспагер* – издатель (*баспа* – издательство, *гер* – жұрнақ – «издающий»).

Жаман емес ойлап табылған сияқты, бірақ жасандылық көзге оттай басылады. Мүмкін сол себептен шығар бұл неоголизмдер қатарынан тек *баспагер* қалған.

Қазіргі қазақ тілінің заманына сай жаңа сөздермен баюына көптеген қазақ жазушылар зор үлесін қосты.

С. Сейфуллин, мысалы, циркті – атойын үйі (сөзбе-сөз, «дом, в котором показывают лошадиные игры»);

І. Жансүгіров «демонстрация» сөзінің нұсқасы ретінде думан жүріс (*думан* – шумный праздник, торжество, жүріс – ходьба, шествие. Сөзбе-сөз: «торжественное шествие») сөзін қолданды; ал рельсті *табантемір* (*табан* – подошва, основа, *темір* – железо. Сөзбе-сөз: «железная подошва») атады; «этикетка» сөзі орнына Ғ. Мүсірепов құлақша қағаз сөзін қолданды – сөзбе-сөз: «ушки-бумажка»;

А вот слова-неологизмы Хайдоллы Тлемисова, которые, однако, не прижились в языке, хотя тоже кажутся оригинальными:

*Әуегер* — космонавт (*әуе* — воздух, *гер* — суффикс, определяющий причастность к чему-то, к какой-нибудь профессии. По-русски как бы «воздухист», если б так можно было сказать).

*Бейдауа* — рак (болезнь) — («бей» — отрицательный префикс, *дауа* — снадобье. Как бы: «без снадобья», т.е. «неизлечимое»).

*Басжалбыр* — капуста (*бас* — голова, *жалбыр* — кудлатый).

Қызанақ — помидор; сүр жер— пар (земля); дәмдеуіш — специи.

*Балұя* — пчелиная семья (*бал* — мед, *ұя* — гнездо); теңгерім — баланс; *дыбысхана* — фонотека; *баспагер* — издатель (*баспа* — издательство, *гер* — суффикс — «издающий»).

Придуманно, кажется, совсем неплохо, хотя искусственность и бьет в глаза. Может, потому из этого разряда неологизмов и прижилось только *баспагер*.

В обогащении современного казахского языка новыми словами в духе времени посылно приложили руку многие казахские писатели.

С. Сейфуллин, к примеру, назвал цирк — атойын үйі (букв, «дом, в котором показывают лошадиные игры»);

И. Джансугуров адекватом слова «демонстрация» употребил думан жүріс (*думан* — шумный праздник, торжество, жүріс — ходьба, шествие. Букв.: «торжественное шествие»); а рельс назвал - *табантемір* (*табан* – подошва, основа, *темір* — железо. Букв.: «железная подошва»); вместо «этикетка» Г. Мусрепов употребил құлақша қағаз — букв: «ушки-бумажка»;

М. Мағауиннің будильник – оятары («будящий»);

Ә. Кекілбаев Снегурочканы – қар ханшайымы («снежная барышня») деп атады;

О. Сарсенбаев – глазокты (есіктегі) – тесіккөз (тесік – дырка, көз – глаза) деді;

А. Нысаналин – эпигон – дәлдүріш (этимологиясы маған түсініксіз); Ж. Бектұров – некролог – мұнақып (қайдан алғанын білмеймін).

Мұндай мысалдарды қазақ әдебиетшілерінен көптеп табуға болады, бірақ осындай неологизмдер авторлық, жеке болып қалды.



«Паспорт» ұғымы үшін «неологисттер» «төлтұмар» (төл – основной, главный, исходный, тұмар – талисман, оберег), төлқұжат (құжат – документ, «основной документ»), төлайғақ, (айғақ, – свидетельство, «главное свидетельство») деген қазақ нұсқасын ойлап тапты.

Бірақ көпшілігі әлі де паспорт деп айтуын жалғастыруда. Анағұрлым ыңғайлы әрі түсінікті. Және дұрысырақ, сірә.



«Класс» орнына **«сынып»** (бұрмаланған парсының «синф» сөзі), «процент» орнына – **пайыз** (не түркі, не араб тілінен енген кірме сөз). «Капуста» үшін тағы **«арамжапырак»** (поганый лист) және **«қырыққабат»** (сорок слоев) сөздерін ойлап тапқан.

Бір кездері сөз жасау желігіне шалындым. «Ойшылдар» түрлі газет беттеріне неологизмдер топтамаларын жариялап жатты. Барлық халықаралық лексиканы түгелімен ауыстыруды қалайтындар да табылып жатты. Бұлардың барлығы жексұрын «империялық» тілдің жазасы ретінде жұғымсыз шет ел сөздерінен арылу актісі ретінде жүргізілді.

У.М. Мағауина будильник — оятар («будящий»);

А. Кекилбаев Снегурочку назвал — қар ханшайым («снежная барышня»);

О. Сарсенбаев — глазок (в дверях) — тесіккөз (тесік — дырка, көз — глаза);

А. Нысаналин — эпигон — дәлдүріш (этимология мне неясна); Ж. Бектұров — некролог — мұнақып (не знаю, откуда он взял).

Таких примеров можно найти у большинства казахских литераторов, но все подобные неологизмы остались авторскими, индивидуальными.



Для понятия «паспорт» «неологисты» придумали казахский аналог «төлтұмар» (төл — основной, главный, исходный, тұмар — талисман, оберег), төлқұжат (құжат — документ, «основной документ»), төлайғақ, (айғақ, — свидетельство, «главное свидетельство»).

Но в массе своем народ продолжает говорить: паспорт. Удобнее и понятнее. Да и правильнее, пожалуй.



Вместо «класс» стали говорить **«сынып»** (искаженное фарси «синф»), вместо «процент» — **пайыз** (то ли тюркское, то ли арабское заимствование). Для «капуста» придумали еще **«арамжапырак»** (поганый лист) и **«қырыққабат»** (сорок слоев).

Зуд словообразования одно время был очень силен. «Выдумщики» предлагали в разных газетах целые серии неологизмов. Находились охотники заменить всю интернациональную лексику. Все это подавалось как акт очищения от ненавистной иностранщины, как возмездие постылому «имперскому» языку.

«Ана тілі» газетінде «Сөз сандық» («Кладезь слов») деген рубрика. Онда осынлай ұсыныстар жарияланды. Оның бір нөмірінен мысал келтірейін (№ 40/1992)

Территория – **уалаят** (түркі: велайет)  
Провинция – **аймак**,  
Поселок – **қаржа**  
Область - **дуан**  
Урбанизация – **кенттену** (кент —өзбекше: город)  
Программа –**низам**  
Газета — **жариядат**  
Конфронтация - **шептесу**  
Дислокация — **жайғасу**  
Прогресс — **алагаят**  
Мэр — **уәли**  
Семья – **жаран** (нұсқалары бар: **«жанұя»** – «гнездо душ», **отбасы** - «члены очага».)  
Директор —**мүдір**  
Публицистика — **ғақлия**  
Минерал — **арасан**.

Мен осындай жобалардың бір бөлігін ғана көшіріп алдым. Олар көп еді. Он жыл өтті, бірақ бұл ұсыныстардың бірде-бірі қолданысқа енгізілген жоқ. Өйткені, менің ойымша, теоретикалық тұрғыда талпыныстың өзі қате еді.

Халықаралық сөздің нұсқасын қалайда табу – жөнсіздік. Расында да, сөздер қазіргі мағынасында бар әлемде қолданылып жатса, стюардесса, революция, гимн, гимназия, компьютер және т.б. сөздердің қазақ нұсқасын міндетті түрде табудың не қажеті бар?

Осы сияқты жаңа енгізілімдерді жазушылар көркем әдебиетте сынама үлгі, эксперимент ретінде қолданса жақсы ғой, бірақ осындай көңілге қонымсыз, құлаққа жат жаңа сөздерді міндетті терминдер ретінде зорлап міндеттегендерін қайтесің – бұл ХІХ ғасырдың орыс қоғамында славяншылдықты жақтаушылардың тіл толғағын еске салады.

В газете «Ана тілі» была рубрика «Сөз сандық» («Кладезь слов»). Там часто печатались подобные предложения. Приведу примеры из одного номера (№ 40/1992):

Территория — **уалаят** (тюркск. велайет)  
Провинция — **аймак**,  
Поселок — **қаржа**  
Область - **дуан**  
Урбанизация — **кенттену** (кент —узб. город)  
Программа — **низам**  
Газета — **жариядат**  
Конфронтация - **шептесу**  
Дислокация — **жайғасу**  
Прогресс — **алагаят**  
Мэр — **уәли**  
Семья — **жаран** (есть варианты: **«жанұя»** — «гнездо душ», **отбасы** - «члены очага».)  
Директор —**мүдір**  
Публицистика — **ғақлия**  
Минерал — **арасан**.

Я выписал лишь часть аналогичных проектов. Их было много. Прошло десять лет, но ни одно из этих предложений не внедрилось в жизнь. Ибо, на мой взгляд, теоретически сам посыл неверен. Любой ценой подыскивать аналог интернациональной лексике — нонсенс.

Ну, в самом деле, зачем непременно подыскивать казахский эквивалент, скажем, стюардессе, революции, гимну, гимназии, компьютеру и т.д., если эти слова употребляются в данном значении во всем мире?

Куда еще ни шло, если к подобным нововведениям прибегают в качестве пробы, эксперимента писатели в художественном тексте, но навязывать такие неологизмы, которые часто ни уму, ни сердцу, в форме обязательных терминов — это напоминает языковые потуги славянофилов в русском обществе ХІХ века.

Бір кездері арнайы терминдер мен халықаралық сөз қорының қазақ нұсқасын қалайда ойлап табуды қалайтындар өте көп еді. Бұл реформаларға көптеген ауыл білгіштері ғана емес, қазақ диаспорасының шетел өкілдері де қатысты. Осылайша, Ұлан-Батырдан (Монғолия астанасы дәл осылай жазылады) келген студент Бабақұмар Қинаятұлы «Қазақ әдебиеті» газетінде өзінің ұсыныс-нұсқаларын жариялады:

Радиус – шара; конверт – хаттыс («письмо + обложка»); аппарат – құрылғы (яғни образование, составляющее); компас – бағдарлы – «направитель»; медик – медицинашы; физик–физикашы; химик – химикашы; биолог – биологияшы; (яғни, химия, физика, медицина, биологиямен айналысатын адам және т.б. трактор – трактор, тракторист – тракторшы сияқты); энциклопедия – мағлұтнама («сборник сведений, фактов»); ресторан – сыйхана («место угощений»); рельс– шойынсырық, («чугунные жерди»).

Химия ғылымының кандидаты Даулет Қияшев келесі нұсқаларды ұсынды:

Белок – ақ зат (сөзбе-сөз: белое вещество).  
Экстракт – қайнақ («қайнау» – кипение сөзінен жасалаған; қайнағаннан кейін қалатын тұнба).

Таблетка – түйме дақ («пуговица» + «пятно»)  
Ампула – тұйық түтік («замкнутая трубочка»)  
Драже – қапташа («оболочка», «обертка»)  
Технолог – жасалымгер («делатель»)  
Пилюля – допшылар («мячики»).

Осы сөздердің бірі де тірі тілге енген жоқ.

Ескі танысым математик Ұғыбай наразыланып түсіндіретін: ««Функция» (бернеме), «клетку» (ағза) «хлорофил», «презерватив» сөздерін аударудың не қажеті бар?! Қазақ тілінде мұндай ұғым-сөздер болған жоқ! Болған жоқ! Онда бірдеңе ойлап табудың, өзіңнің де, өзгенің де басын қатыру не керек?

Желающих любой ценой придумать казахский аналог спецтерминам и интернациональной лексике одно время было пруд пруди. В этих реформах посылно участвовали не только доморощенные знатоки, но и зарубежные представители казахской диаспоры. Так, студент Бабақұмар Кинатулы из Улаан-Баатора (именно так пишется столица Монголии) опубликовал в «Қазақ әдебиеті» свои варианты-предложения:

Радиус — шара; конверт — хаттыс («письмо + обложка»); аппарат — құрылғы (т. е. образование, составляющее); компас — бағдарлы — «направитель»; медик — медицинашы; физик—физикашы; химик — химикашы; биолог — биологияшы; (т.е. человек, занимающийся физикой, химией, медициной, биологией и т.д. по аналогии с трактор — трактор, тракторист — тракторшы); энциклопедия — мағлұтнама («сборник сведений, фактов»); ресторан — сыйхана («место угощений»); рельс— шойынсырық, («чугунные жерди»).

Кандидат химических наук Даулет Кияшев предлагал следующие адекваты:

Белок — ақ зат (букв.: белое вещество).  
Экстракт — қайнақ (образование от «қайнау» — кипение; осадок, остающийся после кипения, выварок).

Таблетка — түйме дақ («пуговица» + «пятно»)  
Ампула — тұйық түтік («замкнутая трубочка»)  
Драже — қапташа («оболочка», «обертка»)  
Технолог — жасалымгер («делатель»)  
Пилюля — допшылар («мячики»).

Стоит ли говорить о том, что ни одно из этих предложений не вошло в живой язык.

Давний знакомый математик Уғубай возмущенно втолковывал мне: «Зачем переводить «функцию» (бернеме), «клетку» (ағза) «хлорофил», «презерватив»?! Ведь не было этих слов-понятий в казахском языке! Не было! Так зачем же мудрить, голову пудрить себе и другим?!»



Орыс тілі әлем тілдерінің барлығынан термин сөздерді алып жатыр және мұнысынан қасірет шегіп жатқан жоқ, ұялмайды?! Қазақтар да осылай істеуі керек, солай емес пе?»

Ақбас математиктің сөзінің жаны бар деп ойлаймын.

Юрий Рыхэуде кездесетін мұндай сөздерді мен этнографизмдерге ұқсатамын. Чукча ретінде ол тілген осы сөздерді енгізуді ұсынды: Баня – дом с горячей водой (Монша – ыстық суы бар үй). Карандаш – пачкающая палочка (Қарындаш – сызатын таяқша). Вилка – маленькая острога (Шанышқы – кішкентай айыр). Часы – стукалка, похожая на глаз (Сағат – көзге ұқсайтын тоқылдақ). Граммофон – замерзшее эхо (Граммофон – қатып қалған жаңғырық). Письмо – следы речи на бумаге (Хат – қағаз бетіндегі сөз іздері). Грамота – записанный разговор (Грамота – жазылған әңгіме).

\* \* \*

Қазақ тілінің сөзжасам мүмкіндіктері ғаламат және шексіз. Бұл жағынан қазақтардың сарқылмас қоры бар. Мұның бәрі, әлбетте, қазақ тілінің байлығы мен өміршеңдігін айғақтайды.

Тілдің жаңа сөздер жасауға бейімділігі тірі тілге орасан зор мүмкіндіктер ашады, сөз құрылысының дәл осы ерекшелігі ұлы әлем жазушылары – Гомердің, Дантениң, Шекспирдің, Гетенің, Толстойдың, Достоевскийдің, Теккерейдің барлық туындыларын ана тілінде жоғары деңгейде жеткізуге жағдай туғызады.

Қазақ тілі құралдарымен сайма-сай беруге келмейтін көркем, пәлсапалық ой жоқ. Мен сенетін қазақ тілі данышпандары маған Канттың да, Гегельдің де қазақ тілінде табиғи естілетінін бір емес, бірнеше рет дәлелдеген.

Ведь русский язык вбирает в себе слова-термины из всех языков мира и ничуть от этого не страдает, не комплексует! Так и казахи должны поступать. Не так ли?»

В чем-то, полагаю, седой математик прав.

Подобные словообразования напоминают мне этнографизмы у Юрия Рыхэу. Для языка чукчей он предлагал: Баня — дом с горячей водой. Карандаш — пачкающая палочка. Вилка—маленькая острога. Часы — стукалка, похожая на глаз. Граммофон — замерзшее эхо. Письмо—следы речи на бумаге. Грамота— записанный разговор.

\* \* \*

Возможности словообразования в казахском языке поразительны и беспредельны. И по этой части казахи неистощимы. Все это, разумеется, свидетельствует о богатстве и жизнестойкости казахского языка.

Природная расположенность языка к словотворчеству открывает живому языку необозримые перспективы, и именно такая особенность речестроя позволяет ему достойно воспроизводить на родном языке все великие творения писателей мира — Гомера, Данте, Шекспира, Гете, Толстого, Достоевского, Теккеря.

Нет такой художественной, философской мысли, которую нельзя было бы адекватно передать средствами казахского языка. Знатоки казахского языка, которым я верю, не однажды доказывали мне, что по-казахски очень естественно звучат и Кант, и Гегель.

Қазақ тілі әр түрлі пәлсапалық, лингвистикалық ойындарға керемет бейімді. Мектепте сабақ беріп жүрген кезде (осыдан көп бұрын!), оқушыларға әдістемелік мақсатта қызық ойындар ойнататын едім: белгілі бір әріпке барынша көп бір буынды көп сөз ойлап табу немесе, керісінше, ең ұзын сөз құрау. Қазақ тіліндегі ең ұзын сөз қанағаттандыраалмағандықтарыңыздан болып шыққаны есімде. Ол агглютинативтік (жалғамалы) тілдердің барлық заңдарына сәйкес құралған, яғни түбір сөзге алуан түрлі жұрнақтардың толассыз санын жалғау арқылы. Мағынасы бойынша бұл «қырықаяқ» сөз «из-за вашего неумения удовлетворить» дегенді білдіреді.

Тағы осындай ойын болды: бір әріпті алып, оған бір дауысты немесе дауыссыз дыбысты қоса отырып, барынша көп мән-мағынасы бар сөздер ойлап табу. Айталық, «У» дыбысы. Мынадай сөздер шығатын: **у** (яд), **су** (вода), **бу** (пар), **ту** (знамя), **ту** (яловая, ту бие), **қу** (хитрый, хитрец), **қу** (сухой), **ру** (род), **гу** (гул, шум), **ау** (сеть), **жу** (императив: мой!), **зу** (мгновенный звук), **ну** (заросли).

Немесе: «Т» – ам (лошадь), ам (императив: стреляй!), от (огонь), ет (мясо, сонымен қатар императив: сделай!), ит (собака), үт (Киіз үйге саңылаудан сығалай түскен күн нұры), ұт (императив: выиграй!), өт (желчный пузырь), өт (сквозняк), өт (императив: проходи!). немесе үш дыбыстан тұратын сөздер қатары: тақ, (трон), тоқ (сытый), тұқ (дробный стук), түк (шерсть, пух), тұр (встань, стоит), тұл (одинокий), төл (плод, основной, коренной, изначальный), төк (вылей!), тіл (язык), тік (прямой), тіс (зуб), түс (окраска, цвет), түс (направление, сторона), тас (камень), там (плоскокрыший дом), тым (чересчур, излишне), тең (равно), тоң (наледь, мерзлота), тон (шуба), том (толстая книга), тер (пот), тал (ива), тек (только, а также: происхождение, гены), түр (вид), тес (пробей!), төс (грудь, грудинка), төр (почетное место), тор (сеть, силок), тар (тесно, узко). Кімде көбірек?..

Казахский язык удивительно расположен и к разным филологическим, лингвистическим играм. Когда я учительствовал в школе (как давно это было!), в методических целях я вовлекал учащихся в увлекательные игры: придумывать, как можно больше, односложных слов на определенные буквы, или, наоборот, составить самые длинные слова. Помню, самым длинным казахским словом получилось:

қанағаттандыраалмағандықтарыңыздан, составленное по всем законам агглютинативных языков, т.е. посредством нанизывания на корневое слово бесконечное число разновидных суффиксов. По смыслу это слово-сороконожка означает: «из-за вашего неумения удовлетворить».

И еще была такая игра: взять одну букву и, присоединив к ней гласное или согласное, придумать как можно больше слов, имеющих смысл и значение. Скажем, буква «У». Получалось: **у** (яд), **су** (вода), **бу** (пар), **ту** (знамя), **ту** (яловая, ту бие), **қу** (хитрый, хитрец), **қу** (сухой), **ру** (род), **гу** (гул, шум), **ау** (сеть), **жу** (императив: мой!), **зу** (мгновенный звук), **ну** (заросли).

Или: «Т» — ам (лошадь), ам (императив: стреляй!), от (огонь), ет (мясо, а также императив: сделай!), ит (собака), үт (солнечный лучик, пробивающийся сквозь щель в юрту), ұт (императив: выиграй!), өт (желчный пузырь), өт (сквозняк), өт (императив: проходи!). Или ряд словообразований из трех букв: тақ, (трон), тоқ (сытый), тұқ (дробный стук), түк (шерсть, пух), тұр (встань, стоит), тұл (одинокий), төл (плод, основной, коренной, изначальный), төк (вылей!), тіл (язык), тік (прямой), тіс (зуб), түс (окраска, цвет), түс (направление, сторона), тас (камень), там (плоскокрыший дом), тым (чересчур, излишне), тең (равно), тоң (наледь, мерзлота), тон (шуба), том (толстая книга), тер (пот), тал (ива), тек (только, а также: происхождение, гены), түр (вид), тес (пробей!), төс (грудь, грудинка), төр (почетное место), тор (сеть, силок), тар (тесно, узко). Кто больше?..

Немесе «Б» әрпіне басталатын бір буынды: бал, бол, біл, бұл, бөл, бел, бүк,, бык, бақ, бок,, бас, бәс, бар, бор, бұр, бүр, бір, бек және тағы солай.

Өте қызық, әсерлі және өнеге аларлық ойын. Оқушылар сөз ойлап табудан шаршаған жоқ және сөздік қорды байытқаны анық.

Или односложные слова на букву «Б»: бал, бол, біл, бұл, бөл, бел, бүк,, бык, бақ, бок,, бас, бәс, бар, бор, бұр, бүр, бір, бек и т.д.

Очень увлекательная, заразительная и поучительная игра. Учащиеся были неумоимы на выдумки и заметно обогащали свой словарный запас.



## XII

Отыз тістен шыққан сөз  
отыз рулы елге тарайды .  
*Қазақ мақалы*

Осы уақытқа дейін, негізінен алғанда, қазақ сөзі, оның табиғаты, құрылымы, сөздік қоры мен ерекшеліктері туралы сөз қозғалды. Әлбетте, мен оның тек кейбір қырларын ғана көрсеттім.

Енді, қазақ тілінің қазіргі ахуалы жайында әңгіме өрбіту қажет деп ойлаймын. Біздің бұл әңгімеміз, өкінішке қарай, бұлыңғыр үрейге оранған.

Бірнеше цитата келтірейін.

**«Қазақ тілі, «дана» тіл саясатының кесірінен, жоғалудың сәл-ақ алдында тұр. Қазақ тілінде, не дәстүрлі ақпарат құралдарында, не Ғаламторда жөні дұрыс ресурстар жоқ. Қазақ тілді пресса, теледидар және радиолар әсіресе Интернетке, шоу-бизнеске, жоғары технологияларға, халықаралық қаржы және т.б. қызығатын жас оқырманға (көрерменге), тыңдарманға тілдің «орыс тілді» қазақтардың арасында танымал еместігі туралы қыңқылдан, батырлардың, билердің (негізінен, жазушылардың, әкімдердің туыстары...) өмірбаяндарынан, тері өңдеу мен киіз илеу мәселелерінен басқа ештеңе ұсына алмайды.»** («Мегаполис», 28.03.01)

**«... қазақ тілін кеңірек енгізу жән дамыту идеясын қолдаймын. Бірақ бұл еріктен тыс шара болмаса ғана. Мемлекет оны дамытуға бағытталған кез-келген ақылға сыярлық жобаларға максималды мүмкін боларлық қаржылай қолдау көрсету керек. Ешбір жағдайда басқа тілдерді қыспаққа алмау.»** (сол газетте)

## XII

Слово из-за тридцати зубов  
выходит и до тридцати  
племен доходит.  
*Казахская пословица*

До сих пор речь шла, главным образом, о самом казахском слове, о его природе, структуре, словарном богатстве и особенностях. Разумеется, я указал лишь некоторые его грани.

Теперь, думаю, необходимо поговорить о современном состоянии казахского языка. И эта наша беседа, к большому сожалению, окажется окутанной туманом тревоги.

Приведу несколько цитат.

**«Казахский язык, благодаря «мудрой» языковой политике, на грани исчезновения. Нет толковых ресурсов на казахском языке ни в традиционных медиа, ни в Интернете. Казахскоязычная пресса, ТВ и радио, кроме нытья по поводу непопулярности языка у «русскоязычных» казахов, жизнеописаний батыров, биев (как правило, родственников пишущих, акимов...), проблем выделки кож и валяния кошм, ничего не могут предложить, особенно молодому читателю (зрителю), слушателю, которого интересуют Интернет, шоу-бизнес, высокие технологии, международные финансы и т.п.»** («Мегаполис», 28.03.01)

**«... қазақ тілін кеңірек енгізу жән дамыту идеясын қолдаймын. Бірақ бұл еріктен тыс шара болмаса ғана. Мемлекет оны дамытуға бағытталған кез-келген ақылға сыярлық жобаларға максималды мүмкін боларлық қаржылай қолдау көрсету керек. Ешбір жағдайда басқа тілдерді қыспаққа алмау.»** (сол газетте)

Міне қазақтардың дүниежүзілік қауымдастығының төралқасының төрағасының орынбасары жазушы Қалдарбек Найманбаевтың айтқаны:

**«Қазіргі таңда қазақтар әлемнің қырық үш елінде өмір сүріп жатыр... Шет елде тұратындардың өз қиындықтары бар. Ресейдегілердің, мысалы, басты қайғысы – тіл: 20 жасқа дейінгі жастар ана тілін мүлде білмейді.**

**Тарихи отанына қайта оралған өзбек қазақтары еш жерге оқуға түсе алмайды: өйткені онда олар латын әліппесіне көшкен мектептерде оқыған.**

**Қарақалпақстанда 350 мың адам тұрады. Жақында ол жақтан қариялар делегациясы келіп кеткен. Олар жылап: «Бізді ол жерден алып кетпесе, бізге шекараны заңсыз өтуге тура келеді». Ондағы жағдай қорқынышты: мақта шаруашылығы мен күріш өсірушілікпен айналысуға мүмкіндіктің жоқтығынан басқа, онда ауыз су жоқ.**

**Қазақтар өте көп тұратын Қытайда ұлттық саясат мәселелерімен өте жоғары деңгейде айналысады... Осының бәріне қарамастан, ондағы қазақтардың болашағы жоқ. 40-50 жылдан кейін біздің екі миллион отандастарымыз жарты миллиард төл тұрғындар арасына сіңіп, жоғалып кетеді. Еуропалық қазақтар, сақталып қалу үшін, өздерінің жабық, аралға ұқсас әлемінде өмір сүруге мәжбүр». («Қазақстанская правда», 29 наурыз 2001 ж.)**

Мәселенің аса өткір тұстары осылар.

Қазақ тілінің ауызша, әдеби атмосферасында өмір сүріп жүрсем де, міне алпыс жыл болып қалды, мен әлі де оның қазіргі ахуалы туралы нақты пікір айта алмаймын.

А вот что говорит заместитель председателя президиума Всемирной ассоциации казахов писатель Калдарбек Найманбаев:

**«Казахи сейчас живут в сорока трех странах мира... У всех живущих за рубежом свои проблемы. У российских, к примеру, главная беда — язык: молодые люди до 20 лет совершенно не знают родного языка.**

**Дети узбекских казахов, которые вернулись на историческую родину, не могут никуда поступить учиться: там они обучались в школах, которые перешли на латинский алфавит.**

**В Каракалпакии живет 350 тысяч. Недавно оттуда приезжала делегация стариков. Они плакали: «Если нас не заберут оттуда, мы вынуждены будем незаконно перейти границу». Положение там страшное: не говоря о том, что нет возможности заниматься хлопководством и рисоводством, там нет даже питьевой воды.**

**В Китае, где очень много казахов, вопросами национальной политики занимаются на очень высоком уровне... При всем при этом у тамошних казахов нет будущего. Через 40-50 лет два миллиона наших соотечественников растворятся среди полуторамиллиардного коренного населения. Европейские казахи, чтобы сохраниться, вынуждены жить в своем закрытом, похожем на остров мире». («Қазақстанская правда», 29 марта 2001 г.)**

Таковы некоторые болевые точки проблемы.

Живя в атмосфере казахского языка, как устного, так и литературного, вот уже шесть десятилетий, я все же не позволю себе судить о нынешнем его состоянии однозначно.

«Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Алтын орда», «Түркістан», «Жас алаш», «Жас қазақ үні» және көптеген газеттерден мұңая, өкінішпен қазақ тілінің толық құлдырауы, оның қолдану аясының оңбай тарылуы, оның ар-намысының жоғалғаны, билік шоғырының оған немқұрайлы қарайтыны, ұлттық тамырынан түбімен ажыратылған «қозқұмандар» мен «мәңгүрттердің» салақтығы, ана тілінің тамыр-табиғатының қасақана бұзылғаны, басқа азаматтардың санасында империялық індеттің қиратушы әсері туралы және т.б және т.с. мақалаларды жиі оқуымызға тура келеді.

Бұл ғалам көз-жасы іспетті «аляуляйді» қоймастан естіп келе жатқанымызға міне он-он бес болды. Бұл бұрындары да сәл басылыңқы естілетін. Оны мойындаймыз: негізсіз емес. Осы сылтаулар бұрын да болған (әлі де бар).

Екінші жағынан, еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін, қазақ тіліне жер-жерде, жоғарыдан төменге дейінгі дәрежеде, жаппай, жүйелі және біртіндеп, бірден, бірте-бірте көбірек назар аударылып жатқаны даусыз, оған мемлекеттік статус берілді, оның шер-қасіреті, үрейі туралы айғайлап айтылып жүр, оның қолдану аясы кеңейіп келеді, қоғамдық қызметі нығайып келеді, ол түрінде көбірек сөйлейді (немесе сөйлеуге тырысады), оны халықтың басым бөлігі көптеп үйреніп жатыр, оны сүйіп-қадірлей бастады, ол функционалдық күшке ие бола бастады, оған қастық ойлаушылардың саны азайып барады, мектептерде, жоғары оқу орындарында, радио және теледидарларда жиі және көп сөйлей бастады, сапасы жақсы жүздеген газет-журналдар шығып жатыр, ал соңғы жылдары қанша сөздіктер, оқулықтар, тілашарлар, оқу құралдары басылып шығып жатыр, қысқасы, осы айқын ізгі үрдістерге көз жұмып қарау мүмкін емес, немесе, қазақтар айтатындай, құрғақ шөппен ауыз сүрткеніміз, яғни мүсәпірлену дұрыс болмас. Мен, аз-маз этникалық шығу тегіне байланысты шеттен келген адам ретінде бұл үдерісті анық және айқын көремін.

Нередко приходится читать в «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Алтын орда», «Туркестан», «Жас алаш», «Жас қазақ үні» и многих других казахских газетах отравленные горем и отчаянием статьи о тотальном упадке казахского языка, о катастрофическом сужении его сферы употребления, о потере его достоинства и чести, о пренебрежении к нему эшелонов власти, о нерадивости «козкуманов» и «манкуртов», напрочь отлученных от национальных корней, о нарочитом разрушении исконной природы родного языка, о разрушительном влиянии имперского поветрия в сознании иных граждан и т.д. и т.п.

Этот «а-ляу-ляй», похожий на вселенский плач, слышится постоянно вот уже лет десять-пятнадцать. Более приглушенно он звучал и раньше. И признаемся: не без основания. Все вышеперечисленные мотивы имели (и имеют) место.

С другой стороны, бесспорно и то, что со времени обретения страной независимости, казахскому языку повсеместно, сверху донизу, сплошь и рядом, систематически и последовательно, наступательно, шаг за шагом уделяется все больше и больше внимания, ему придали статус государственного, о его болях и тревогах говорят повсюду во всеуслышание, сфера его влияния расширяется, общественная функция укрепляется, на нем говорят (или стараются говорить) все больше и больше, его осваивают большие слои населения, он становится предметом любви и обожания, он обретает функциональную мощь, у него все меньше и меньше недоброжелателей, он звучит все чаще и больше в школах, вузах, на радио и телевидении, на хорошем уровне выходят сотни казахских газет и журналов, а сколько издано в последние годы словарей, учебников, разговорников, пособий, словом, невозможно закрывать глаза на все эти очевидные благие тенденции, или, как выражаются казахи, не годится обтирать рот сухой травой, то есть прибедняться, и я, как немножко человек со стороны по своему этническому происхождению, вижу этот процесс совершенно явственно и определенно.

Сөйте тұра, тіл тағдырына және оның қазіргі хал-ахуалына қатысты үрей-қорқыныш қала береді, өзгеріссіз бар, одан оңай құтылу мүмкін емес.

Тіл (кез-келген!) жай ғана қатынас тәсілі, байланыс құралы емес. Тіл халықтың жаны деп рас айтады. Тіл – Дүниені тану, дүниені түсіну, адамның, тайпаның, ұлттың, халықтың рухани құрылысы. Оның менталдылығы. Ана тілін жоғалтқанда, халықтардың ауырсынып, жер төңкерілгендей сезімде болатыны осыдан.

Генрих Манн: «Еркіндік үшін сөз бен қылыш қолға алынар. Еркіндік үшін күресушілердің соққысының алдында әрқашан сөзбен салынған жара болар».

Қазақ мақалдары: «Алмас қылыш майданда керек, жақсы сөз майданда керек, сайранда да керек».

«Өнер алды қызыл тіл».

«Тіл ерді қабырға салар, нарды қазанға салар».

Әрине, адам ана тілін жоғалтқаннан кейін де өмір сүруін жалғастыра бермек; өзіндей жандармен тілдесу үшін ол әр түрлі – тіпті мәнерлігі мен байлығы кем емес құралдарға жүгіне алады. Бірақ, ана тілінен айрылғасын, ол байланыс құралынан анағұрлым басым дүниені, ол өз тамырын, жеке субстанциясын, өзінің түпкі төркінін, өз келбетін, өз жанын жоғалтады, ал жаны толығымен жоғалмаса да, жоқ болмағанымен, ғайып болмағанымен, құрығанда, қатты өзгереді, сырт-келбеті өзгереді, өзге түрді қабылдайды.

Өзге тілдік болмыста өмір сүруге болады, әрине (жер бетінде тілі мен этникалық шығу тегі сәйкес келмейтін жандар аз ба еді?), бірақ асылында бұл жат жерде күн көрумен, ауыр елсіздіктен егілумен, жабырқаңқы жаттектілігің үшін жабырқаумен, жаныңның күйзелісімен тең.

И все равно тревога о судьбе языка и нынешнем его состоянии остается, неизменно присутствует, и просто отмахнуться от нее никак нельзя.

Язык (любой!) всегда нечто большее, чем средство общения, орудие коммуникации. Верно говорят, что язык душа народа. Язык — мировоззрение, миропонимание, духоустройство человека, племени, нации, народа. Его ментальность. Вот почему народы так болезненно, с таким катастрофическим ощущением теряют родной язык.

Генрих Манн: «За свободу борются словом и мечом. Но удару меча борцов за свободу всегда предшествовала рана, нанесенная словом».

Казахские пословицы: «Алмазный клинок на войне товарищ, доброе слово и на войне и на пиру товарищ».

«Первое из искусств — слово».

«Слово валит верблюда в котел, а джигита в могилу».

Конечно, человек продолжает жить и после утраты родного языка; для общения с подобными себе он может прибегнуть к другим - даже не менее выразительным и богатым средствам. Но, лишившись родного языка, он теряет нечто значительно большее, чем средство общения, он теряет свои истоки, свою личностную субстанцию, свою изначальную суть, свое лицо, свою душу, которая если и не совсем утрачивается, улетучивается, испаряется, исчезает, то, по крайней мере, сильно деформируется, облачается в иную оболочку, обретает иную форму.

Можно, конечно, существовать в языковом инобытии (мало ли на свете людей, у которых язык и этническое происхождение не соответствуют?), но это в сущности жизнь на чужбине, тягостное ощущение неприкаянности, угнетенное состояние чужеродности, душевного разлада.

Бәлкім, жер бетіндегі барлық адамдар өздерін жат елдегі бөгде елдіктердей сезінетін, өздерін жығылғандай, хайуанаттар бағындағы аңдар сияқты сорлы сезінетін күйге түсетін кез де келетін шығар. Өліптің артын бақсақ, осыған келе жатыр-ау. Тіл мамандары осындай шарасыз жолға түсеміз деп болжап отыр. Бұл жол осындай тілдік біріздендіру адамзатты бақытты етері екіталай.

Тілдер, өркениеттер, елдер, мемлекеттер, қоғамдар мен адамдар өз қатерлі мерзімінде жоғалады, құриды, кетеді. Тілдің құру инерциясы, өзіміз көріп отырғандай, жыл сайын өршіп келеді.

Данышпандардың айтуынша, қазіргі таңда адамзат 5651 тіл мен диалектіде сөйлейді. Бір Үндістанның өзінде 845 тіл диалектілерін қолданады. Камерунда 10 миллион тұрғын бар, ал олар 262 тілде сөйлейді. Бұрынғы Кеңес Одағы аумағының өзінде қанша тіл мен диалектілер болды және олардың қаншасы қалды? Олардың нешеуі құрудың сәл-ақ алдында тұр? Тіпті оны елестетудің өзі қорқынышты! Ал өгіздің басына туған күн бұзауға да туады. Және керісінше.

Вячеслав Иванов, мәдениеттану және тілдер саласындағы ірі беделді адам былай дейді: «Жер бетінде халық сөйлейтін алты мың тілдің келер ғасырда тек алты жүзі ғана қалады: экологиялық апаттан кем емес...» («ЛГ», П. 09.1996).

Ғалымның айтып отырған келер ғасыры - бұл ХХІ век.

Жүз жылдан соң шамамен он бес тіл қалады дегенді оқуға тура келді. Мені өз басым аталмыш тапшы уақытқа дейін өмір сүрмеймін деген ой жұбатады.

Сондықтан ерлік жасап, өз туындыларында өз халықтарының тілін басты байлық, құпиясөз, халық жаны деп бейнелеген көрнекті жазушыларды тиісінше бағалау қажет.

Вероятно, настанут времена, когда все люди на земле вынуждены будут чувствовать себя чужаками среди чужих, все будут чувствовать себя подшибленными, несчастными, как звери в зоопарке. Судя по всему, к этому идет. Языковеды предрекают именно этот неизбежный путь. И вряд ли от такого пути человечество будет счастливо в подобной языковой унификации.

Языки, как и цивилизации, страны, государства, общества и люди, в свой роковой срок исчезают, отмирают, уходят. Инерция отмирания, как мы видим, убыстряется с каждым годом.

Знатоки утверждают, что в наши дни человечество говорит на 5651 языке и диалекте. Одна лишь Индия пользуется 845 языками диалектами. Камерун — всего 10 млн. населения, а разговаривают на 262 языках. Сколько было языков и наречий на территории бывшего Советского Союза и сколько осталось ныне? Сколько из них существуют еле-еле душа в теле? Страшно представить! А рок, настигший быка, настигнет и теленка. И наоборот.

Вячеслав Иванов, крупный авторитет в области культурологии и языков, утверждает: «Из шести тысяч языков, на которых говорят на Земле, в будущем веке останется всего шесть сотен: катастрофа не меньше, чем экологическая...» («ЛГ», П.09.1996).

Будущий век, о котором говорит ученый, это ХХІ век.

Приходилось читать, что лет эдак через сто вообще останется всего языков пятнадцать. Утешаюсь тем, что я лично до этого скудного времени не доживу.

Поэтому надо воздать должное тем выдающимся, всяким национальным писателям, которые совершили подвиг, зафиксировав в своем творчестве язык своего народа, как главное его богатство, как символ, как пароль, как его живую душу.



Ұрпақтары, қанша тырысса да, бұл байлықты тірі органикалық қозғалыста, анығырақ айтқанда әрекеттілікте сақтап қала алмауы мүмкін, бірақ олар бұл байлықты байырғы мәдениеттің баға жетпес жәдігері ретінде сақтап қалу үшін барын салуға тиіс. Тым құрығанда, бұл толық жоғалып кету жолында қайндай да бір жұбаныш болары еді.

Бұл тақырып көңіл түсіреді, қайғылы, сол себепті оны еріксіз үзіп, аз уақытқа бұдан анағұрлым қуанышты тақырыпқа ауысуыма тура келеді.

\*\*\*

Ойлану үшін бірнеше жалаң фактілер: ағылшын тілінде шамамен 240 мың түбір сөз бар деп есептеледі.

Шекспир сөздігі 15 мың сөзден тұрады. Байрон – 15 мың. Маяковский – сол шама. Пушкин 21197 сөз қолданған. Науаи – 26 мың. Ленин – 31 мың.

Мұхтар Әуезов «Абай жолында» 16893 сөз қолданған.

Даль сөздігінің 4 томына 200 мың сөз, мәтелдердің, түсініктемелердің шексіз жиынтығы сыйды. Даль «Сөздігін» құрумен 53 жыл айналысты.

Ең үлкен сөздікте – қазіргі орыс әдеби тілінің академиялық 17 томдық сөздігінде 120 мың 488 сөз келтірілген және түсініктеме берілген. Ал өндірістің, ғылымның, мәдениеттің және адам қызметінің басқа салаларының ерекшеліктерін білдіретін тарсалалы терминдер саны миллиондаған, олардың салыстырмалы дәлдікпен айту мүмкін емес. (Ф. Филин, 16.04.1975 жылғы «ЛГ» қараңыз).

«Сөйлеу мәнері сөздігінде» 300 мың сөзден астам (бұл бір бөлігі ғана) болып шықты – «ЛГ» N 10/2001 қараңыз.

Садриддин Айни 1936-38 жылдары дайындалған «Тәжік тілінің түсіндірме сөздігінде» 15 мың сөз бар.

Потомки при всем старании могут и не сберечь это богатство в живом органическом действии или, точнее, действенности, но по крайней мере они обязаны стремиться к тому, чтобы сохранить это богатство как бесценный экспонат былой культуры. На худой конец, и это какое-никакое утешение на тропе тотального забвения.

Тема столь грустная, скорбная, что я вынужден сделать поневоле паузу и переключиться ненадолго на более радужный предмет разговора.

\*\*\*

Несколько голых фактов для размышлений: Считается, что в английском языке примерно 240 тысяч корневых слов.

Словарь Шекспира составляет 15 тысяч слов. Байрона—15 тысяч. Маяковского—около того. Пушкин употребил 21197 слов. Науаи — 26 тысяч. Ленин—31 тысячу.

Мухтар Ауэзов только в «Пути Абая» использовал 16893 слова.

Четыре тома «Словаря» Даля вместили 200 тысяч слов, бесконечное количество поговорок, толкований. Над своим «Словарем» Даль работал 53 года.

В самом большом словаре — академическом 17-томном Словаре современного русского литературного языка зарегистрировано и объяснено 120 тысяч 488 слов. А узкоспециальных терминов, обозначающих особенности производства, науки, культуры и других областей человеческой деятельности, насчитываются миллионы, и сосчитать их хотя бы с относительной точностью невозможно. (См. Ф. Филин, «ЛГ» от 16.04.1975).

В тридцати четырех выпусках «Словаря говоров» оказалось больше 300 тысяч слов (а это еще лишь часть) — см. «ЛГ» N 10/2001.

В подготовленном в 1936-38 годах Садриддином Айни «Толковом словаре таджикского языка» содержится 15 тысяч слов.

1953 жылы, қазақ түсіндірме сөздігінің алғашқы біртөмдік кітабын басыпашығаруға дайындап жатқанда, Қазақ КСР ғылымдар академиясының қорында (картотека) 180 мың сөз болды, ал енді 1972 жылы бұл қор 2 миллион 550 мың сөзге жетті (Қазақ сөздерінің қоры 1937 жылдан бастау алады).

70-ші жылдары онтомдық қазақ түсіндірме сөздігі басылып шығарылды. Қазіргі уақытта 15 томдығын шығару жоспарланып отыр. Нағыз үлкен еңбек және сансыз сөздер! Қазына!

---

Тағы бір қазақтың «ақ» (белый) сөзінің 130 мағынасы бар екен.

---

Жоғарыда айтып кеткен профессор М.Машановтың жүз жылдан астам басылып шығарылған сөздігінде «бүркіт түрі», «шөп түрі» немесе «су маңын мекендейтін құс тұқымдастары» сияқты түсіндірмелерді кездестірмейсіз. Онда бәрі нақты аударылған: стрепет - безгелдек, кречет - сұңқар, сокол - лашын, кобчик - жағалтай, тұйғын, гриф - күшіген, чибис - кызғыш, пигалица - торғақ. Сөздікте: «ворона» мен «ворон» бір сөз емес екенін егжей-тегжейлі көрсетеді. Ворона - шауқарға, ворон - құзғын қарға. Ал Ғылымдар академиясы тоқсан жылдан соң басып шығарған «Орыс-қазақ сөздігінде» «ворон» және «ворона» сөздері тіпті тектік белгілері бойынша да ажыратылмайды - екеуі де аталық тек боп берілген.

---

Негізінде, менде қазіргі сөздіктер ескі, революцияға дейінгі сөздіктерге жетпейді деген сезім бар. Бір кездері, аспирантурада жүргенімде, мен бұрынғы оқулықтарды, жергілікті орыс мектеп-гимназияларының бағдарламасын, әдістемелік оқу құралдарын, әдіскер-ағартушылардың еңбектерін зерттеумен айналыстым, оларда қазіргі басылымдарға қарағанда көркемдіктің, жандылықтың, жанның, шынайы құштарлық пен тапқырлықтың басым екенін мойындау қажет.

В 1953 году, когда готовили к изданию первый однотомник казахского толкового словаря, в фонде (картотеке) Академии наук Казахской ССР, насчитывалось 180 тысяч слов, а уже в 1972 году эта картотека состояла из 2 миллионов 550 тысяч слов (Картотека казахских слов берет свое начало с 1937 г.).

В 70-х годах был издан 10-томник казахского толкового словаря. Ныне планируется его 15-томное издание. Поистине титанический труд и монблан слов! Сокровище!

---

Одно лишь слово «ақ» (белый), оказывается, имеет в казахском языке 130 значений.

---

В уже упомянутом выше словаре профессора М.Машанова, изданном более ста лет назад, вы не встретите объяснений типа «вид орла», «вид травы» или «семейство куликовых». Там все переведено точно: стрепет - безгелдек, кречет - сұңқар, сокол — лашын, кобчик — жағалтай, тұйғын, гриф — күшіген, чибис — кызғыш, пигалица — торғақ. Словарь при этом разъясняет: ворона и ворон не одно и то же. Ворона — шауқарға, ворон — құзғын қарға. А вот в «Русско-казахском словаре», изданном казахской Академией наук девяносто лет спустя, ворон и ворона даже по родовым признакам не отличаются — оба оказываются мужского рода.

---

Вообще у меня такое ощущение, что нынешние словари в чем-то уступают старинным, дореволюционным словарям. Когда-то, находясь в аспирантуре, я занимался изучением старых учебников, программ русских туземных школ, мектебов и гимназий, методических пособий, трудов методистов-просветителей, и должен признаться, что в них я обнаруживал больше шарма, живости, души, искренней заинтересованности и предприимчивости, нежели в нынешних изданиях.

Ей-ей, ол басылымдарда айқын қарапайымдылығымен қатар ұлы ағартушылық пен танымның әлдебір сиқыры бар.

Білмеймін, мүмкін, бұл әбестік шығар...

---

Ей-ей, в тех изданиях при всей очевидной примитивности заключалась некая магия высокого просветительства и познания.

Не знаю, может, это заблуждение...

---



## XIII

Сөз шынды табар.  
Қазақ мақалы

Ұлттық тілдер жұтандап баратынын байқаймын. Бұл барлық ұлттық орталықтардың басты (бірін қалдырмай!) мәселесі. Басқа, бұрынғы КСРО республикаларында, тілді тіпті мемлекеттік статус құтқармайды. Жазушылар, тіл мамандары – барлығы дабыл қағып жатыр.

Танымал актриса Ада Роговцева «Известия» (11.10. 2000) газетінде былай деп жазады: «Киевте украин тілі жоқ, бұл жерде жалған, аралас тіл қолданылады».

Бізде де толыққанды қазақ тілінің орнына аралас, жалған тіл қолданылатыны мұңайтады. Бұл қазіргі заманымыздың қасіреті.

Бір кездері қазақ тілі тұп-тұнық, таза бұлақ суымен тазартылған. Қазір оны ластады, шұбарлады, ол көз алдымызда бұрынғы тұнықтығынан, рухтылығынан, асылдығы мен күшінен арылуда.

Қазір қазақ тілі қисынсыз бүлініп жатыр. Әсіресе тұрмыста, күнделікті қатынаста. Қоғам орыс-қазақ қойыртпағына үйреніп келеді, тілдің сиқы кетіп жатқанын әрдайым байқай бермейді. Тілдер мінгірлеген сандыраққа, шара-бараға, шәлдүр-шүлдірге, қарапайым байланыс жаргонына айналып барады. «Азаттық» корреспонденті базарда қазақтардан бағаның көтерілуі туралы сұрастырып жатыр. Саудагерлердің жауабы:

«Только үш-төрт сом қостық. И все».

«Иә, шумиха болды».

## XIII

Слово найдет правду.  
Казашская поговорка

Давно замечаю: скудеют национальные языки. Это главная забота всех (без исключения!) национальных культурных центров. В иных, бывших республиках СССР, даже статус государственного не спасает язык. Писатели, языковеды — все бьют в колокола тревоги.

Вот известная актриса Ада Роговцева пишет в «Известиях» (11.10. 2000): «В Киеве украинского языка тоже нет, здесь пользуются суррогатом, «суржиком».

С грустью констатирую: нередко «суржиком», суррогатом пользуются вместо полнокровного казахского языка и у нас. И это одно из печальных явлений нашего времени.

Когда-то казахский язык был чист, промывает незамутненной родниковой водой. Теперь его загрязнили, засорили, и он прямо-таки на глазах лишается былой прозрачности, духовности, благородства и силы.

Ныне сплошь и рядом безобразно портится казахская речь. Особенно в быту, в повседневном общении. Общество к русско-казахской мешанине привыкает, не всегда замечает, как уродуются языки. Языки превращаются в воляпюк, в «шара-бара», в «шәлдүр-шүлдір», в жаргон примитивной коммуникации. Корреспондент «Азаттық» спрашивает казахов на базаре о повышении цен. И торговцы говорят:

«Только үш-төрт сом қостық. И все».

«Ия, шумиха болды».

«Бағаны көтерген жоқпыз, потому что ешкім алмайды». Жоғары дәрежелі мемлекеттік қызметкерлер мен отандық Парламенттің кейбір депутаттары өз сөйлемдерін былай құрады: «Мен ойлаймын, что положение жаман болмайды, өйткені бағытымыз реальный». Или: «Производство көтеріліп келе жатыр и мені» убеждением айтады, что аллаға шүкір с колен тұрамыз деп».

Қазақ тіліне тән емес синтаксис. Абракадабра! Қойыртпа?!

Беделді жазушының айтуынша, біздің Парламентте тек он жеті адам ана тілінде өз ойларын сәл-пәл жеткізе алады.

Еріксіз ойда қаласың.

\* \* \*

Ауруханада жазылып алынған әдетте болатын әңгіме:

**«Мынау нағыз уйықтайтын погода екен».**  
**«Иә, бірде қар, то дождь».**  
**«Ау, телефондары" не работает қой».**  
**«Бүгін целый день снег жауад деген».**  
**«Снег па, дождь ба?»**  
**«Снег деп айтты».**  
**«Холод болады деп айтты ма?»**  
**«Холод бола қоймас. Временами деді ғой».**  
**«Саулеша, анау үшінші палатадағы старушкаға укол салды" ба?»**  
**«Жоқ, ол пока система алып жатыр».**  
**«Сахарға анализ тапсырып па еді?»**  
**«Кеше сдавать еткен».**  
**«Онда хорошо».**

Мұндай сөйлеу мәнері сүйекке сіңген. Көбі оны байқамайды да.

**«Ата, ребаксин саламыз».**  
**«Давай, айналайын, сала ғой».**  
**«Обязательно!»**  
**«Мейлің, положено болса?»**  
**«Конечно, положено, ата».**  
**«Онда вперед. Светті жақ. Ой, больно!»**  
**«Айттым ғой, «болючий» деп».**  
**«Болючиің колючий болды».**

«Бағаны көтерген жоқпыз, потому что ешкім алмайды». Госчиновники из высшего эшелона и некоторые депутаты отечественного Парламента строят свои предложения так: «Мен ойлаймын, что положение жаман болмайды, өйткені бағытымыз реальный». Или: «Производство көтеріліп келе жатыр и мені» убеждением айтады, что аллаға шүкір с колен тұрамыз деп».

Чуждый казахскому языку синтаксис. Абракадабра! Қойыртпа?!

По утверждению авторитетного писателя, в нашем Парламенте только семнадцать человек в состоянии мало-мальски изложить свои мысли на родном языке.

Поневолле задумаешься.

\* \* \*

Вот типичный разговор, записанный в больнице с натуры:

**«Мынау нағыз уйықтайтын погода екен».**  
**«Иә, бірде қар, то дождь».**  
**«Ау, телефондары" не работает қой».**  
**«Бүгін целый день снег жауад деген».**  
**«Снег па, дождь ба?»**  
**«Снег деп айтты».**  
**«Холод болады деп айтты ма?»**  
**«Холод бола қоймас. Временами деді ғой».**  
**«Саулеша, анау үшінші палатадағы старушкаға укол салды" ба?»**  
**«Жоқ, ол пока система алып жатыр».**  
**«Сахарға анализ тапсырып па еді?»**  
**«Кеше сдавать еткен».**  
**«Онда хорошо».**

Такая манера разговора вошла в плоть. Многие того и не замечают.

**«Ата, ребаксин саламыз».**  
**«Давай, айналайын, сала ғой».**  
**«Обязательно!»**  
**«Мейлің, положено болса?»**  
**«Конечно, положено, ата».**  
**«Онда вперед. Светті жақ. Ой, больно!»**  
**«Айттым ғой, «болючий» деп».**  
**«Болючиің колючий болды».**

Иә, бұл рас. Қанша талпынсақ та, ұлттық интеллигенттердің бір бөлігінің ана тілге деген қызығушылығы, жұқалап айтқанда, жеткіліксіз жоғары деңгейде. Қазақстанда ғана емес. Бұл әр елдің мұңы.

90-шы жылдары Белоруссияда Дементей деген бір мемлекеттік қайраткер болған. Ол ана тілінде әрең-әрең сөйлейді. Республиканың Жоғары Кеңес сессиясының ашылуында оған белорус тілінде сөйлеңіз деп қолқа салады. Ол айтты: «Добрэ» деп, түсініксіз бірдеңе айтты, жұрт күлкіден жатты. Сол кезде мынадай анекдот пайда болды. «көп тіл меңгерген адамдар қалай аталады?» Оқушылар: «Полиглот», – деп жауап береді. Балалар ойланып қалды, ал бір бара тұрып: – «Дементей», – деп жауап берді.

Біздің өкіметте, депутаттық корпуста, Президент ортасында осындай дементейлердің қаншасы бар?! Олардың басым көпшілігі дементейлер болып тұрған кезде, қандай қазақ тілінің дамуы мен танымалдығы туралы сөз етуге болады?! Шындығында! Осы тұста үлкен өзгерістер болмайынша, мемлекеттік тіл сәндік, жасама болып қала беру қаупі бар. Бір сағатта өзгеріске қол жеткізе алмайтынымыз түсінікті, бірақ өзгерісті он жылдап күтуде қатерлі: қазіргі динамикалық өмірде кеш қалуымыз мүмкін.

Ана тілдерінің қанағаттанарлықсыз жағдайы туралы үрей әлемдік деңгейде боп жатыр. Барлық тілдер лайланды, варваризмдермен, түсініксіз жат элементтермен шұбарланды, түпкі нұсқасы мен табиғи бояуын жоғалтты.

Орыс тілін «алтын» және «күміс» ғасырларында туған керемет орыс әдебиетімен салыстырып көріңіз. Жер мен көктей!

Да, что есть, то есть. При всем отчаянном старании части национальных интеллигентов интерес к родному языку, скажем мягко, на недостаточной высоте. И не только в Казахстане. О том печалятся везде.

В 90-х годах в Белоруссии был такой государственный деятель – Дементей. Родным языком он владел едва-едва. На открытии сессии Верховного Совета республики его попросили говорить по-белорусски. Он сказал: «Добрэ» и заговорил на такой тарабарщине, что все лежали. Тогда-то и родился анекдот. «Как называется человек, который владеет многими языками?» Ученики отвечают: «Полиглот». «А как называется человек, который не владеет ни одним языком?» Дети задумались, а один мальчик встал и сказал: «Дементей».

А сколько таких дементеев в нашем правительстве, в депутатском корпусе, в окружении Президента?! И пока таких дементеев большинство, о каком развитии и популярности казахского языка может идти речь?! В самом деле! И покуда по этой части не будет крутых перемен, государственный язык так и рискует остаться декоративным, бутафорским. Понятно, что в одночасье перелома не добиться, но и десятилетиями ждать его весьма рискованно: поезд может уйти в современном динамичном мире.

Тревога о неудовлетворительном состоянии родных языков звучит во всем мире. Все языки оказались замутненными, засоренными варваризмами, размытыми чужеродными элементами, лишеными первоизданного вида и природной окраски.

Сравните современный русский язык с тем языком, на котором создана блистательная русская литература «золотого» и «серебряного» веков. Небо и земля!

Қазіргі орыс тілі – барлық халықтар мен қандастардың сұрықсыз қоспасы, қойыртпақ, былық, сиықсыз көлеңке, былапыт, жаргон. Орыс тілінің нағыз, ұлы мәдениетінің иелері мастодонттар сияқты өліп кеткен (немесе өліп жатыр).

Иоганн Вольфганг фон Гете тіріліп келген болса, қазіргі неміс тілін түсінбес еді. Толған жастар қолданатын сленгтер мен англицизм мен американизмнің адам төзгісіз қоспасы.

Ағылшындар «блэк-инглиш» сөздерінің көптігіне қиналады.

Франция ана тілін қорғау туралы заң қабылдады.

Ал Германия осындай заңды қабылдап қойғанының дұрыс екеніне сенімі барған сайын артып жатыр. Бұл заңның қажеттілігін Неміс тілі ассоциациясы мен ел президенті Иоханнес Рау қызу растайды. Басқа неміс қалаларынан қазір де жөні дұрыс неміс тілін естімейсің, жарнамалардағы және БАҚ-тағы американизмдерден көзің бұлдырап кетеді.

Бір күндері мен қазақ, өзбек, қырғыз, татар, башқұрт тілдеріндегі орыс сөздерін зерттеп көрдім. Тасқын! Масқара! Тіл жаппай дерекіленіп, деформацияланып, нашарлауда. Бұл құбылыс қатерлі ғаламдық реңкке боялып жатыр.

Осының аясында ана тілінің қазіргі күйі туралы қазақ жұртшылығының қорқынышы түсіністік пен аяушылық туғызады. Миллиондар сөйлейтін ұлы тілдер үрей дабылын қағып жатса, бар жағынан қолайсыз аралшықтардан бір шыққан жергілікті тілдердің күйі қандай?..

Современный русский язык — чудовищная мешанина акцентов всех народов и племен, воляпюк, ералаш, уродливая тень, «феня», жаргон. Носители подлинной, высокой культуры русской речи вымерли (или вымирают), как мастодонты.

Если бы воскрес в один прекрасный день Иоганн Вольфганг фон Гете, он мало что бы понял в современной немецкой речи. Сплошной молодежный сленг и адская смесь англицизмов и американизмов.

Англичане жалуются на засилие «блэк-инглиш».

Франция приняла закон о защите родной речи.

За принятие такого закона все решительнее ратуют и в Германии. Необходимость такого закона горячо подтверждает Ассоциация немецкого языка и президент страны Иоханнес Рау. Могу засвидетельствовать: в иных германских городах ныне и порядочной немецкой речи не услышишь, а в глазах рябит от американизмов в рекламе и СМИ.

Одно время я следил за руссизмами в казахском, узбекском, киргизском, татарском, башкирском языках. Половодье! Кошмар! Происходит тотальное огрубление, деформация, деградация языков. И явление обретает зловещий глобальный оттенок.

На этом фоне тревога казахской общественности по поводу нынешнего состояния родного языка вызывает понимание и сочувствие. Если уж великие языки, на которых изъясняются миллионы, обеспокоенно бьют тревогу, то каково локальным языкам, очутившимся на неблагоприятных по всем параметрам островах?..

Қазіргі қазақ тілінің аянышты күйі туралы қазақ газеттері нөмірден нөмірге үсті-үстіне жазып жатыр. Осы жазбалармен айналысып жүргенімде газеттерден маңызды мемлекеттік тіл мәселелері көтерілетін бірнеше ондаған мақалалар көрдім. Тілдерді қолдану және дамытудың ілді 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жарыққа шықты.

Бағдарламаны оқысаң – бәрі керемет, ғылыми, түсінікті, барлығы алдын ала қарастырылған сияқты, мін таба алмайсың. Алайда, бұл маңызды құжат декларацияланған және оның шынайы өмірге тек жақын, жанама қатысы бар.

Бағдарлама – ізгі ниет, ал шынайы өмірдің өз заңдары бар. Бұл бағдарламаға дейін де басқа бағдармалар, тұжырымдар, заңдар, өтініштер, қаулылар болған (оларды кейбіріне мен бейбақтың да қатысым бар), алайда, өкінішке қарай, олардан келіп-кетер пайда жоқ.

«Алтын орда» журналисі: «Міне он жылға есептелген тіл дамыту бағдарламасы басылып шығарылды, оған 3 миллиард теңге бөлінді... Он жыл өткен соң қадірлі орынға басқа тіл емес, дегенмен қазақ тілі қойылады деп үміттенемін».

«Мегаполистің» (№ 10/ 2001) сұрағы: «Ал қазақ тілі қазіргі жағдайында барлық адам тұрмысы мен қоғамындағы барлық фундаменталдық салаларды қамти ала ма?» Газет «тілдік» мақалалардың басты негіздерінің астын сызып көрсетеді: «қазақ бастауының, қазақшылықтың құруы мәселелері мен құру үдерісін тоқтату рецептері».

Жазушы Қуандық Түменбай «Жас Алашта» (№ 32/2001) шыққан тамаша эссесінде қылғына жазады: «Біздің билікке қазақ тілінде сөйлейтін «мәмбеттер» қажет пе?»

О тревожном состоянии современного казахского языка казахские газеты интенсивно пишут из номера в номер. Пока я работал над этими заметками, я насчитал в газетах не один десяток статей, в которых поднимаются насущные вопросы государственного языка. Обнародована «Государственная программа функционирования и развития языков на 2001-2010 годы».

Читаешь эту программу — вроде бы все прекрасно, научно, толково, все предусмотрено, комар носа не подточит. Однако, кажется, что этот серьезный документ больше декларированный и к реальной жизни имеет лишь весьма приблизительное, косвенное отношение.

Программа — благое намерение, а реальная жизнь диктует иные законы. И до этой Программы было принято немало программ, концепций, законов, заявлений, постановлений (к иным и я, грешный, приложил руку), однако, к сожалению, толк от них был невелик.

Журналист в «Алтын орде» констатирует: «Вот и новую программу, рассчитанную на десять лет, по развитию языка опубликовали, 3 миллиарда тенге выделено на нее... Хотелось бы надеяться, что спустя десять лет на почетном месте окажется все-таки казахский, а не иной язык».

«Мегаполис» (№ 10/ 2001) вопрошает: «Но готов ли казахский язык в нынешнем своем состоянии охватить все фундаментальные сферы жизнедеятельности человека и общества, производства и государства?» Газета подчеркивает основные мотивы «языковых» статей: «проблема размыва казахского начала, казахскости и рецептов остановки разрушительного процесса».

Писатель Куандык Туменбай в блистательном эссе, опубликованном в «Жас алаш» (№ 32/2001), с надрывом пишет: «Нужны ли вообще нашим властям «мамбеты», говорящие на казахском языке?»



«Азаттық» радиостанциясы қазақ тілін дамытуға бөлініп жатқан қыруар бюджет ақшасының шындығында тіл мәселесіне қатысты алаяқтар мен жылпостардың қолында кетіп жатқанын ашық меңзейді.

Журналист Қазне Тоғызбаев «Тілдерді қолдану және дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» қатты сынады», ол барып тұрған эклектика, идеализм мен таза жабайы және дәрекі материализмнің қоспасы дейді».

Ол жазады: «Ұлттық әсіре сілтенген арандатушылық айдан анық көрініп тұр». «Тіл бар, сол да жетер! – деп ойлайды бүгін ұлтшылдық тақырыбын көтеретін идеологтар мен саясаткерлер, сонымен қатар тілдің арқасында күнін көріп немесе оның көмегімен өз «руласын» орнынан ығыстырып жатқан адамдар, «өзінікі еместерге» азу көрсеткен де дұрыс, «...қазақ тілі Тіл бағдарламасын дайындайтындарға тек тәжірибе жасалатын қоян ретінде қажет, ал керісінше, халыққа осы бағдарлама жасаушылар да, Бағдарлама да мүлде қажет емес сияқты» («Мегаполис», № 9/2001).

Жазушы Смағұл Елубай оның «Азаттық» радиостанциядағы әріптестері, негізінде, үш-төрт тілде сөйлейтінін, бірақ олар мұны емес, ана тілінде еркін сөйлетіндерін мақтан ететіндігінің астын сызып айтады. Ол соңғы ақпараттар бойынша Қазақстанд 440 мың қазақ отбасылары (2 миллион қазақтарға жуық!) қазақ (мемлекеттік) тілін мүлде білмейді дегенге көңілі түсіп, алаңдайды. Ол осындай жергілікті тұрғындардың зәресін қашырып, орысша сөйлейтін «жаңа қазақтарды» Прага көшелерінен толассыз кездестіреді. Жазушылар осындай «қазақтар» ұлттық болашаққа үлкен қауіп төндіріп тұр деп ойлайды.

Радиостанция «Азаттық» откровенно намекает на то, что немалые бюджетные деньги, выделяемые на развитие казахского языка, на самом деле становятся легкой добычей околотыковых проходимцев и ловкачей.

Журналист Казне Тогузбаев беспощадно критикует «Государственную программу функционирования и развития языков на 2001-2010 годы», обнаруживая в ней «самую настоящую эклектику, то есть мешанину идеализма с самым грубым и примитивным материализмом».

Он пишет: «Налицо националистически окрашенное политическое подстрекательство». «Язык есть все! — думают сегодня национально озабоченные идеологи и политики, а также те, кто кормится за счет языка или с его помощью оттирает «своего» соплеменника от корыта, а «несвоего» как бы даже положено ударить клыком, «...кажется, что казахский народ нужен разработчикам языковой Программы лишь в качестве подопытного кролика, а самому казахскому народу, наоборот, подобные и разработчики, и Программа вовсе не нужны» («Мегаполис», № 9/2001).

Писатель Смагул Елубай подчеркивает, что его коллеги по радиостанции «Азаттық», как правило, говорят на трех-пяти языках, но гордятся они не этим, а тем, что свободно изъясняются на родном («материнском») языке. А огорчен, встревожен он тем, что, по последним данным, в Казахстане 440 тысяч казахских семей (около 2 млн. казахов!) совершенно не владеют родным (государственным) языком. Таких «новых казахов», которые горланят по-русски, пугая местных жителей, он встречает толпами и на улицах Праги. В таких «казахах» писатель видит огромную опасность для национального будущего.

Ана тілінің тағдыры үшін шарасыз үрейдің кейбір дәлелінің астын сызып көрсеттім.

Бұл дәйектер бар. Алдыңғы қатарлы, жүрегі жұмсақ, жаны нәзік қазақ өркениеті ана тілінің аянышты күйіне жайдан-жай қарап отырғысы келмейді, жеңілгеннің кейпіне көнбей, немқұрайлық танытпай, дауылпаздарын соғып, қандастарының ар-намысын оятып жүр. Бұл үміт сыйлайды.

\* \* \*

Қазақ тілін дамыту саласында не істеліп жатқаны туралы бұрынғы мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісімнің министрі А. Сарсенбаев өзінің сұхбаттарының бірінде:

**«Қазақ тілінің академиялық грамматикасына қатысты айтсақ, оның негізі 50-ші жылдарда қаланған. Бүгін еліміздің көптеген ғылыми және педагогикалық институттары жұмыла жасаған осы көпжылдық еңбек өзінің нақты іске асырыла бастады. Бұл еңбек аяқталды: 130 баспа беттен тұратын кітап, екінші тоқсанда оқырмандарға жол тартады деп ойлаймын. Оған қоса, «ХХ ғасырдың қазақ әдеби тілі», «Тіл мәдениетінің негіздері» еңбектері шықты, басылымға «Ана тілі әлеміндегі қаза тілі», «Қазақ тілі сөздігі», «Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы», «Қазақ тілінің орфоэпикалық сөздігі» төрттомдық кітаптың 1-ші томы дайын тұр, қазақ тілінің компьютерлік қоры жасалып жатыр» («Қазақстандық шындық», 23.03.01).**

Я очертил лишь некоторые мотивы неизбежной тревоги за судьбу родного языка.

И факты эти, как говорится, имеют место. Но утешает меня уже то, что передовая, чуткая сердцем и душой казахская интеллигенция не желает мириться с печальным положением родного языка, бьет в даулпазы-барабаны, будит честь и достоинство, ар-намыс единокровников, а не проявляет пораженческие тенденции, не равнодушничает. Это вселяет надежду.

\* \* \*

О том, что делается в области развития казахского языка, очень емко сказал бывший министр культуры, информации и общественного согласия А. Сарсенбаев в одном из своих интервью:

**«Что касается академической грамматики казахского языка, то ее основы разработаны еще в 50-е годы. Сегодня этот многолетний труд, к которому были привлечены многие научные и педагогические институты страны, обретает свое конкретное воплощение. Работа уже завершена: и книга объемом в 130 печатных листов, думаю, уже во втором квартале попадет к читателям. Кроме того, выпущены «Казахский литературный язык XX столетия», «Основы культуры языка», подготовлен к выпуску 1-й том четырехтомника «Казахи в мире родного языка», «Справочник казахского языка», «Орфография и пунктуация казахского языка», «Орфоэпический словарь казахского языка», создается компьютерный фонд казахского языка» («Казахстанская правда», 23.03.01).**

Мен қазақ тілінің жаңаруы мен дамуын қызу әрі сенімді қолдаймын. Ол туралы менің қазақ деп соғатын жүрегімнің қылы талмай айтады. Бірақ, мен қазақ тілінің басына төнген қиындықтарға себепші болған орыс тілі деген ойға мүлде қосылмаймын. Орыс тілін білу – біздің барлығымыз, жателдіктер үшін – ізгі іс. Орыс тілінсіз кез-келген ұлттық қоржын анық босайды, жұқарады. Бұған ызаланып, бос сөйлеудің қажеті шамалы. Құлдырап жатқан «империялық бәлені» түгін қалдырмай қарғаудың керегі жоқ. Орыс тілін қорлағаннан, қазақ тілінің беделін асқақтатпайсың, оны құтқармайсың, байытпайсың. Бұған орыс тілінің қатысы жоқ. Орыс тіліне тек алғысымызды білдіруіміз қажет. Бәлені алдымен өзіңнен іздеген жөн. «Ана тіліңді оқы» – кез келген адамның адамгершілік ұстанымы.

\*\*\*

Қазақ тілінің тағдыры қазіргі уақытта тығырыққа тірелді, бір жағынан ғасырлар бойы жиналған шексіз байлықтың, үлкен өмірлік қуаты және төзімділігінің, екінші жағынан жетесіз ұрпақтарына ата-бабалары аманат етіп қалдырған халықтық Рухтың басты көзіне айқын менсінбеушілігінің қыспағында қалды.

Талай ғасырларға ұласқан ұлан-ғайыр кеңістіктегі көшпенді тұрмысында қазақтар сабырлықпен және әдісқойлықпен негізін қалап, ажарлап кеткен екі құндылық – тіл мен салт-дәстүрлер. Екеуі де ұлттық Рухтың іргетасы.

Қазір осы іргетасқа бәрін жайпап, бір ізге салатын өркениеттің қаупі төніп тұр.

Бұл бұлыңғыр ұмытылып кету ағынына төтеп беру оңай шаруа емес. Барша халықтың өз ұлттық мәдениетін, ұлттық келбетін құрметтейтін және құлдырауды қаламайтын, жаппай мәңгүрттіктің орына құлағысы келмейтін жандардың бірлігімен қоса, үлкен талабы қажет.

Я горячо и убежденно ратую за возрождение и развитие казахского языка. О том неустанно поют казахские струны моей души. Но я категорически не разделяю мнения, будто в бедах казахского языка виноват русский язык. Знание русского языка для всех нас, инородцев, — великое благо. Без русского языка любой национальный коржын заметно опустеет, отощает. И тут нечего лезть в бутылку и напрасно сотрясать воздух. На все лады проклинать разваливающуюся «империю зла». Унижением русского языка казахский язык не возвеличишь, не спасешь, не обогатишь. Русский язык тут ни при чем. Русский язык следует только благодарить. Причину бед необходимо прежде всего искать в самих себе. «Почитай родной язык» — вот нравственное кредо любого человека.

\*\*\*

Судьба казахского языка в настоящее время находится как бы между Сциллой и Харибдой, как бы зажата в тиски между накопленным веками несметным богатством, огромной жизненной силой и стойкостью, с одной стороны, и явственным пренебрежением нерадивых потомков к заповеданному аманату славных предков, к главному источнику народного Духа.

За многие века кочевой жизни на огромных пространствах казахи терпеливо и методично создали и отшлифовали две основополагающие ценности — язык и нравы-обычаи. И то, и другое является фундаментом национального Духа.

Ныне этот фундамент находится в опасности под всеокрушающим напором всеразрывающей и унифицирующей цивилизации.

Устоять перед этим мутным потоком забвения сложно. Необходимы мощные усилия вкупе с единством всего народа, всех тех, кто чтит свою национальную культуру, свое национальное обличье и не желает рухнуть, свалиться в яму тотального манкуртизма.

Мен қазақ тілі ғасырлар бойы жинаған табиғи мықтылығынан айрылған жоқ, ол келер ғасырдың ирелең және тік жолында жоғалмайды, сейілмейді деп үміттенемін.

Көпұлтты Қазақстан, талайын көріп, талайына төзген қазақ халқы мен оның өзіне тән, өз алдына ерекше тілі оның ұлан-ғайыр даласындай ұлы тағдырға лайық.

2001ж.

Я же всем сердцем уповаю на то, что природная мощь казахского языка, накопленная веками, не истает, не затеряется, не развеется на излучистых и крутых дорогах грядущих веков.

И многонациональный Казахстан, и многострадальный, многотерпеливый казахский народ, и его своеобразный, самодостаточный язык достойны великой судьбы, как и его беспредельная ширь.

2001г.

